

ҚАЗАҚСТАН РЕПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-  
ФАРАБИ

«АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ  
МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ОТАН ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
12 желтоқсан 2012 ж.

МАТЕРИАЛЫ  
республиканской научно-практической конференции на тему  
«ВОЗМОЖНОСТИ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ  
ТЕХНОЛОГИЙ И ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ»  
12 декабря 2012 г.

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2012

**Редакция алқасы:**

Ж.Қ. Таймағамбетов

Т.О. Омарбеков

Д.С. Байгунаков

Э.Т. Телеуова

**Жауапты редакторлар**

Д.С. Байгунаков, А.М. Уразбаева

«Ақпараттық-қатынас технологияларының мүмкіндіктері мен Отан тарихының мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның материалдары, 12 желтоқсан 2012 ж. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 194 б.

ISBN.....

*Бұл жинақта «Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы Отан тарихын оқытуды ұйымдастыру: «Қазақстандағы тарихи білім беру орталығы» атты мультимедиялық зертхана мен Қазақстан тарихы бойынша ортақ интернет-ресурсын қалыптастыру» атты фундаментальді ғылыми жоба аясында өткен «Ақпараттық-қатынас технологияларының мүмкіндіктері мен Отан тарихының мәселелері» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары жарияланған.*

ISBN.....  
2012

КазНУ имени аль-Фараби,

## АЛҒЫ СӨЗ

**Ж.Қ. Таймағамбетов – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.д., профессор**

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Қазақстанның тарихи білімінде бірнеше өзгерістер жүрді: тарихи курстардың жекелей деидеологизациясы іске асты, оқыту жоспарларының құрылымы мен мазмұны өзгерді. Алайда, тарих білімінің алдағы модернизациясы күрделі тапсырма ретінде қалып отыр. Бұл қазіргі тарихты оқыту өскелең ұрпақтың оң тұлға болып қалыптасуында үлкен саяси-тәрбиелік мәнге ие болуымен байланысты болып отыр. Жинақталған тарихи білім жастардың санасын саяси-азаматтық тұрғыда қалыптасуына үлес қосуы тиіс. Қазіргі күндегі мәселенің бірі тарихшы мамандардың тар бағытты болуы, фактологиялық зерттеулер жүргізуге көп мән беруінде болып отыр. Мектепте және ЖОО-да тарихты оқыту әдісінің қайталануы орын алған. Іске асып жатқан жүйе тарихи ойды дамытуға емес, мәліметтерді механикалық үйлестіруге мәжбүрлейді.

Мемлекет тарапынан оқытудың жаңа **әдістерін** енгізудегі ізденістер жүргізілуде. Бұл туралы елбасы Н.Ә.Назарбаев **«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам»** атты бағдарламалық мақаласында ("Егемен Қазақстан", 2012 ж. 10 шілде) **ҚР Білім және ғылым министрлігіне арнайы тапсырма берілді:**

*- 2013-2014 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептердегі оқу үдерісінде білім берудің интерактивті түрлерін пайдалануды кеңейтуді және онлайн-оқытудың арнаулы оқу бағдарламаларын енгізуді көздесін;*

*- Қазақстан тарихы бойынша оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу құралдарын талдаудан өткізсін, оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен пішінін өзгерту жөнінде іс-шараларды жүзеге асырсын;*

Осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан тарихы кафедрасында жүргізілуде. Осы конференция жоғарыда көтерілген мәселелерді талқылайтын және оның шешу жолдарын іздестіретін орта болмақ.

## **ВНЕДРЕНИЕ АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В АРХИВНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ**

*М. Турмухаметова* - Начальник отдела архивов и документации Управления по развитию языков, архивов и документации акимата города Алматы

В информационный век информация является не только предметом массового потребления, но и мощным экономическим ресурсом. Закономерно поэтому, что вопросам внедрения современных информационных технологий в документооборот государственных учреждений, ведомственных структур, в частности, архивного дела, придается большое значение на самом высоком уровне.

Информация как основной стратегический ресурс и главный источник общественного богатства становится ценностью общества. Отличительная черта информационного общества – доступность информационных ресурсов, необходимых для социального прогресса.

В настоящее время архивная информация становится самостоятельным фактором социального и экономического развития общества. Возрастает ее роль в принятии решений в области политики и социальной сфере, в связи с тем, что обладание нужной информацией обеспечивает получение политических и экономических преимуществ. Огромная часть возникающей в современном обществе информации сосредотачивается в архивах, образуя социальный информационный потенциал. Одним из факторов, определяющих способность архивов полно и точно удовлетворять возрастающую потребность в ретроспективной информации, является степень автоматизации в архивах, которая охватывает процессы комплектования архивных фондов, учета и обеспечения их сохранности, работы с научно-справочным аппаратом, выполнения информационных запросов и учета использования фондов.

В настоящее время, когда реформированию подвергаются практически все стороны общественного устройства, многократно возрастает ценность архивной информации. Удовлетворить потребность общества в ней возможно лишь путем информатизации архивной отрасли, то есть создания оптимальных условий для этого процесса. В связи с новым пониманием архива как части информационных ресурсов и информационной системы, важнейшей задачей архивной отрасли становится развитие рациональной системы формирования, обеспечения сохранности и всестороннего использования Национального архивного фонда.

Среди основных задач архивной отрасли важнейшей является обеспечение права граждан на информацию, предоставление им широкого доступа к информационным ресурсам.

Создание автоматизированного научно-справочного аппарата, баз данных, содержащих электронные копии документов улучшит обеспечение пользователей архивной информацией, позволит более оперативно решать

вопросы информационного обмена между архивными учреждениями, будет способствовать укреплению взаимодействия архивных учреждений с органами государственной власти.

Внедрение и активное использование автоматизированных архивных технологий должны сделать труд архивиста более продуктивным и содержательным, избавив его от выполнения многих рутинных операций. Применение современных информационных технологий повысит их эффективность.

Информатизация архивной отрасли – многосторонний процесс, включающий методические и нормативные разработки, научную и кадровую работу, создание и внедрение программного обеспечения, обучение, планирование и финансирование работ.

В области архивного дела информатизация представляет собой процесс усовершенствования технологий обработки архивных документов путем внедрения в архивное дело теоретических и прикладных разработок информатики, а также использование в работе архивов компьютерной техники и программного обеспечения. Информатизация отрасли может быть достигнута только благодаря комплексному подходу к автоматизации основных функций. Допустим, в ЦГА города Алматы накоплены огромные фонды документов на традиционных бумажных носителях и микрофишах, представляющие практический и историко-культурный интерес. Такое историческое богатство необходимо сохранить, и при этом необходимо сохранить и доступность к этим богатствам.

Подавляющий объем информации представлен на традиционных (бумажных) носителях, что существенно ограничивает возможность ее использования. С каждым годом объем бумажного массива увеличивается в геометрической прогрессии, так же как и количество запросов граждан. С увеличением объема бумажного массива время на поиск информации увеличивается, релевантность снижается, что не устраивает ни специалистов, ни граждан. Бумажные документы, отчеты и каталоги разрушаются из-за физического износа или утраты частей массивов. Кроме того, темп современной жизни диктует необходимость оперативного принятия решений на основе анализа больших объемов информации, который можно осуществить только с применением компьютерной техники.

Для обеспечения возможности применения компьютерной техники необходимо обрабатываемую информацию представлять в электронном виде. Электронная копия документа может быть одновременно доступна для всех уполномоченных пользователей. Существенно сократится время на обработку запросов, поиск документов и изготовление их копий.

Оцифровка документов – это необходимый первый шаг на пути создания контента, который станет фундаментом электронного архив области. Это жизненно необходимая деятельность по сохранению исторического и культурного наследия, по предоставлению гражданам доступа к наследию, по повышению качества оказываемых услуг. Создание

электронного фонда пользования, доступного через сеть Интернет прежде всего ориентировано на социальное направление, на удовлетворения потребностей граждан в ретроспективной информации. Каждый архив должен четко определить, какие фонды необходимо оцифровать в первую очередь, будут ли это документы по приватизации, личные дела или приказы, но такую работу необходимо активно начать в ближайшее время. Этот вид работы включен в Стратегический план Управления по развитию языков, архивов и документации города Алматы.

Практика работы ЦГА показывает, что в процессе использования оригиналов документов читателями, наносится урон физическому состоянию документов. Поэтому остро стоит вопрос создания электронного фонда пользования документов на электронных носителях, т.е. перехода на современные методы хранения информации, как одного из этапов информатизации. Необходимо внедрить в практику работы ЦГА сканирование архивных описей и архивных документов, при помощи специализированных сканеров.

В настоящее время техническое оснащение ЦГА соответствует всем необходимым требованиям: для возможности перевода документов с бумажных носителей в электронный вид приобретены 2 полноцветных книжных сканера Mustek PageExpress A3 USB 1200 Pro формата А 3 и Scan Master формата А 0+.

Установлено серверное оборудование с файла-хранилищем, с помощью локально-вычислительной сети создана доменная структура, по которой каждый сотрудник может разместить необходимыми электронные документы в серверном хранилище, для этого созданы общие папки для каждой службы.

Для чтения микрофиш и микро-пленок приобретены специальные аппараты, профессиональные видеокамеры, цветные лазерные принтеры, для показа мультимедийных презентаций приобретены проекторы и экраны, ноутбуки, для всех служб ЦГА приобретены компьютеры необходимой мощности, установлены антивирусные программы, также все службы подключены к сети Интернет.

Важнейшим этапом работ по созданию «электронного архива» является сканирование – перевод документов с бумажной основы или с пленочных носителей в электронный вид. Обработка включает в себя повышение качества изображений, переименование файла в соответствии с оригиналом, распознавание текста, преобразование в другие форматы.

Например, на приобретенном оборудовании для микрофильмирования SMA 105 создан страховой фонд – из 16 дел – 6000 листов (60 микрофиш) – ОЦД ф.287 Отдел записи и актов гражданского состояния за 1908-1935 годы.

Ставится задача тем самым достичь к 2015 году следующих контрольных значений показателей, намеченных в «Стратегическом плане Управления по развитию языков, архивов и документации города Алматы» и утвержденной постановлением акимата города Алматы (от 7 ноября 2011 года № 4/909):

1) довести долю архивных фондов, переведенных в цифровой формат к отметке не менее 8 %. Так, этот показатель на сегодняшний день не превышает и 0,1 %;

2) долю же архивных фондов, включенных в автоматизированные учетно-информационные поисковые системы довести до уровня не менее 20%. Ныне этот показатель не превышает 5%.

Сегодня установленные в читальных залах архивов компьютеры оснащены программами, с помощью которых исследователи не только получают возможность просматривать документы в электронном виде, уменьшая время для поиска необходимых документов, распечатывать необходимые сведения, не подвергая документы постоянного хранения на бумажных носителях физическому и световому воздействию, но также и осуществлять поиск по уже имеющимся базам электронных архивных данных. Несмотря на устаревание отдельных программ, тем не менее, предметно-ориентированный и тематический поиск является одним из эффективных инструментов исследовательской работы. Автоматизация архивной отрасли в этом направлении в настоящее время находится на стадии наращивания парка компьютерной техники, выборочной обработки фондов документов и приобретения специальных компьютерных программ под архивные задачи.

Полагаю, что для дальнейшего успешного внедрения информатизации в архивной отрасли, необходимо разрабатывать и утверждать целевые отраслевые программы по информатизации в разрезе каждого из направлений информатизации. Следует предусмотреть рациональное использование материальных и кадровых ресурсов: использование типового программного обеспечения, реализацию специальных проектов совместно с Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации РК, другими архивами.

Целью создания такой программы является повышение эффективности деятельности городского архива по удовлетворению потребностей граждан, органов власти, организаций и учреждений в ретроспективной архивной информации посредством автоматизации процессов хранения, обработки, поиска и предоставления потребителям документов архивных фондов и других документов (архивных справок, выписок).

Наиболее важным направлением использования современных информационных технологий в деятельности архивных учреждений является организация учета документов. Так, в ЦГА города Алматы используется программный комплекс (ПК) «Архивный фонд» 2-й версии. Главный ее недостаток отсутствие возможности вносить описи, заполняя раздел «Дело».

ПК «Архивный фонд» представляет собой автоматизированный комплекс, обеспечивающий создание информационного массива о составе и содержании документов, состоянии их сохранности и научно-справочного аппарата (НСА) на уровне фонда и описи, что позволяет осуществлять информационное обеспечение функций государственного учета, контроль за

хранением документов, состояние НСА. Информация базы данных служит основой для ведения в автоматизированном режиме фондового каталога, это дает возможность перейти к передаче сведений в фондовые каталоги и центральный фондовый каталог в электронном формате. Программой предусмотрено автоматическое формирование паспорта архива, ряда сводных статистических отчетов.

Процесс накопления архивной информации в электронном виде подошел к моменту, когда ставится задача по ее массовому вводу в систему на уровне единицы хранения. Решение данной задачи кроется во внедрении 4-ой версии ПК «Архивный фонд».

В настоящее время компьютеризация в большей степени затронула область создания информационно-поисковых справочников. Среди них преобладают так называемые базы данных простейшей структуры на большие и однородные массивы данных - имена, географические названия и т.п. Как правило, они дублируют традиционные указатели к фондам, каталоги и указатели к описям. Основная цель их создания - ускорить поиск по соответствующим массивам.

Продолжается работа по формированию баз данных и внедрению новых технологий в архивное дело. В программе «единая архивная база данных» постоянно набираются базы по:

«Перечень решений Райисполкома»;

«Награждение медалями», куда вносятся данные, награжденных медалями «Ветеран труда»;

«Акт государственной комиссии о приемке объектов в эксплуатацию»;

«Ритуальные услуги», куда вносятся сведений об умерших;

«Местонахождение документов по личному составу».

Развитие информационных технологий, хранение и обработка оцифрованных материалов, приём электронных документов и главное — обеспечение их сохранности требует совершенно нового типа архивиста, хорошо владеющего информационными технологиями, умеющего обращаться с современной компьютерной техникой.

Поэтому внедрение современных технологий обязательно должно сопровождаться обучением сотрудников. Необходимо как повышение компьютерной грамотности всех архивистов, так и целевое обучение работе с внедряемыми программными комплексами.

Хотелось бы обратить внимание на то, что внедрение новых информационных технологий в архивной отрасли невозможно без подготовки квалифицированных кадров. Эффективное внедрение и оперативное использование могут обеспечить только сотрудники, хорошо знающие как информационные технологии, так и архивное дело. При нехватке квалифицированных кадров возрастает риск неудачного или затяжного внедрения новых информационных технологий. Требуется проведение регулярного обучения пользователей – всех, кто работает с информационными системами и программными продуктами, от руководства



до исполнителей. Это обусловлено как текучестью кадров, так и постоянным развитием информационных систем. Без специального обучения освоить все это самостоятельно обычный человек - пользователь, как правило, не в состоянии.

Важной и далеко еще не полностью освоенной и оцененной архивистами сферой применения информационных технологий в архивном деле является сеть Интернет. Перед архивными сайтами открыты огромные возможности, которые неуклонно расширяются вместе с технологическим прогрессом.

Основные цели присутствия архива в Интернете в самой сжатой форме выглядят следующим образом:

- предоставление общей справочной информации об архивных документах и архивах;
- постоянное информирование об архивной деятельности;
- содействие поиску архивных документов и получению архивных услуг;
- взаимное информирование архивистов и обсуждение профессиональных архивных вопросов;
- популяризация архивного дела, формирование позитивного имиджа архивов у граждан и общества.

Очень важно не забывать о средствах обеспечения безопасности документов и баз данных, защите от проникновения через Интернет, от несанкционированных действия пользователей читального зала, просто от ошибок сотрудников. Нельзя забывать, что электронные технологии, обеспечивая удобство работы, поиск и быстрый доступ, в то же время существенно повышают риск утраты больших массивов данных.

Информатизация в архивном деле все более совершенствуется и разрастается, постепенно проникает во все направления работы архивов, являясь неотъемлемой частью повседневного труда работников, а это, в свою очередь, самый воодушевляющий итог современного этапа внедрения в практику работы ЦГА автоматизированных архивных технологий.

Обеспечение общедоступности различных архивных баз данных в будущем позволит популяризировать документальное богатство архивов, легкость доступа исследователей, ученых и студентов к документам, сохранность документов на бумажной основе.

Подводя итог вышесказанному, отмечу, что необходимость внедрения автоматизированных технологий в практику работы архивных учреждений, обусловлена необходимостью удовлетворения возрастающих потребностей общества в ретроспективной информации. Активное использование документов Национального архивного фонда, повышение роли архивов в решении вопросов защиты законных прав граждан, в том числе по исполнению социально-правовых запросов, требуют повышения эффективности работы архивов, что в определенной мере достигается за счет внедрения новейших информационных технологий в архивной отрасли.

И, наконец, последнее по порядку, но не по значению. Информатизация — дело чрезвычайно затратное. Для перехода архивов к современным технологиям нужны значительные инвестиции в оборудование, оснащение рабочих мест архивистов современной компьютерной техникой, создание локальных сетей с широкополосным выходом в Интернет, серверной инфраструктуры для работы с базами данных и электронными документами, образами документов. Современная материально-техническая база потребуется и для работы с ПК «Архивный фонд» и «Фондовый каталог», которые после наполнения будут насчитывать миллионы и даже десятки миллионов записей. Работы предстоит очень много, но надо переходить на новый уровень и соответствовать требованиям завтрашнего дня.

## **ИНФОРМАТИЗАЦИЯ АРХИВА: СОСТОЯНИЕ И АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ РАЗВИТИЯ**

*А. Ботанов - директор КГУ Центрального государственного архива г. Алматы*

Проблема информатизации архивной сферы не нова. Ещё в 2006 году Комитет архивов и документации Республики Казахстан утвердил постановлением Правительства «Программу развития архивного дела и документации на 2007-2009 годы». Согласно ей началось внедрение информационно-коммуникационных технологий во все сферы архивного дела. В архивной службе Алматы, прежде всего, проводилось обеспечение архива компьютерной техникой, внедрения нескольких версий Программы «Архивный фонд». Но централизации этого вида работ не было.

Существующая в настоящее время в нашем архиве автоматизированная информационная система представляет собой, в основном, учетно-справочные данные, информация в которых, как правило, статична. Используются они в работе отдельных подразделений архива и обеспечивают автоматизацию процессов повседневной деятельности. Формирование электронных банков данных проводилось по некоторым направлениям, которые можно разделить по нескольким блокам:

1. Электронные копии архивных источников;
2. Базы данных по архивным документам;
3. Справочники; каталоги;

4. Информационная служба в рамках функционирования делопроизводства архива.

С момента завершения вышеназванной программы в республике и архивном деле произошли изменения: принят ряд законов, постановлений, обязывающих изменить положение в области информатизации архивной сферы. Вопрос широкого внедрения информационных и коммуникационных технологий в архивной сфере поднимался не раз, но единых подходов к

решению этого вопроса не было. В сентябре текущего года в г. Кзыл-Орде состоялось Республиканское совещание «Информационный Казахстан – 2020. Актуальные вопросы создания и хранения электронных документов», организованное Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан. На совещании представители архивных учреждений всех регионов Казахстана подняли вопрос о необходимости создания специализированной государственной структуры, основной задачей которой будет разработка Единой системы электронных архивов и её интеграция с Единой системой электронного документооборота в целях объединения ведомственных архивов и государственных архивных учреждений в единую информационную сеть. Именно она поможет ориентироваться и определять цели и направления развития информатизации архивных учреждений.

К сожалению, сегодня законодательно в Казахстане не до конца решена проблема юридической силы большинства существующих электронных информационных ресурсов. Однако это не препятствует их использованию.

Возьмем, к примеру, хотя бы одно из направлений этого процесса - развитие предоставления государственной услуги «Выдача архивной справки» в электронной форме. Оно, конечно же, предполагает повышение качества информационного обслуживания населения, получения гражданами и организациями преимуществ от применения информационных и телекоммуникационных технологий за счет обеспечения равного доступа к информационным ресурсам архива. Так, внедрение в практику архива работы с обращениями граждан посредством информационных электронных технологий способствует упрощению процедуры подачи заявления и созданию удобного графика работы архива для иногородних и иностранных граждан. Появление на веб-портале акимата г. Алматы удаленной формы обработки обращений граждан, увеличило количество обрабатываемой информации через электронный формат.

Наш архив активно включается в коммуникационные процессы, используя свои технические ресурсы. Информационно-коммуникационные технологии в последние годы распространились во всех сферах архивного дела. Они облегчают учет и описание фондов, поиск сведений в электронных справочниках. Но этого недостаточно. Предстоит осуществление комплекса мероприятий, часть которых уже реализуется. Развивается веб-сайт архива. В этом году размещен справочник по фондам, ряд тематических перечней и обзоров документов. В перспективе станет возможным размещение оцифрованных описей фондов наиболее востребованных пользователями, что позволит им реальную возможность прямого поиска информации посредством Интернета.

Ещё одно из коммуникационных направлений, над которым нам необходимо работать – это автоматизация внутриархивной деятельности архива. Имеющиеся у нас программные средства в большинстве своем простые, уже устарели, не интегрированы друг с другом. Необходимы

типовые программные продукты-модули, которые архив сможет доработать с учетом своей специфики, к примеру «Контроль движения дел», «Работа с источниками комплектования», «Выполнение запросов граждан», «Электронный читальный зал» и др.

Иная ситуация складывается с информационно-поисковыми системами. Определение возможности поиска заложена в Программе «Архивный фонд», что достаточно для обеспечения архива. Однако для решения более сложной и объемной задачи - общеархивного поиска через Интернет - требуется дополнительная разработка.

Актуален вопрос на сегодня оцифровки документов. Нами этот вид работы осваивается.

Со временем должно поменяться само содержание работы архивистов с документами, если их электронная публикация станет наряду с формированием дел фондов и составлением архивных описей результатом подготовки к научному использованию.

Информатизация деятельности архива, внедрение электронного делопроизводства, несомненно, поспособствуют повышению его роли в обеспечении эффективной политики управления документацией. Правда, это повысит требования к квалификации и уровню образования архивистов.

Развитие информационных технологий, хранение и обработка оцифрованных материалов, обеспечение их сохранности требует архивиста совершенно нового типа, хорошо владеющего информационными технологиями, умеющего обращаться с современной компьютерной техникой. Поэтому необходимо и вузам, готовящим будущих специалистов архивов иметь это в виду, и ввести в учебную программу соответствующий курс.

Безусловно, работа предстоит нам большая, но переходить на новый уровень и соответствовать требованиям завтрашнего дня необходимо.

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНАН МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Т.Омарбеков*** - т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Бүгінгі жаңа технологиялардың қарыштап дамуы жағдайында ақпараттық технология мүмкіндіктерін тарихшы мамандар дайындауда пайдалана білудің болашағы аса зор. Әсіресе, бұл мәселеде әртүрлі қазақстандық телеарналардан үздіксіз беріліп келе жатқан тарихи тақырыптарға байланысты хабарлардың және құжаттық телефильмдердің зор маңызы бар. Олар бәрінен бұрын дәрістерде және семинар сабақтарында пайдалануға аса тиімді екендігін ескере бермейміз. Бұлардың ішінде жекелеген тарихи тұлғаларға арналған телехабарларды тарихшылар

дайындау ісінде пайдалануға әлі күнге дейін жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Мұндай хабарларды ұйымдастырушы журналшылар әдетте, мәселенің тарихи мазмұнына қатысты тарихшы мамандармен қатар, тарихи оқиғаға куәгерлерді, тақырыпқа қатысты көркем шығармалар жазып жүрген білімділерді, және т.б. мамандық иелерін «сөйлетеді». Мұндай телехабарлар сабақ пен дәрістің қызықты да тартымды өтуіне айтарлықтай ықпал жасай алады. Соңғы жылдары тарихшылар дайындауда онлайн-семинарлардың мүмкіндіктерін пайдалануға да ықылас арта бастады. Мұндайда, болашақ тарихшылар басқа мемлекеттегі, басқа қаладағы өздерінің әріптестерінің дәрістерін тыңдап, көтеріліп отырған мәселе төңірегінде сұрақ-сауалдар қойып, өзіндік ой өрітуге мүмкіндіктер алады. Нақты мысалға жүгінер болсақ, тарих факультетінің оқытушыларының Мәскеудегі өздерінің әріптестері профессор Д.Аманжоловамен Алаш қозғалысына байланысты онлайн-семинар өткізіп, пікірлесулерін айтар едік. Мұндай маңызды әңгіме әрине, екі жаққа да аса пайдалы болды. Сонымен қатар, соңғы жылдары әртүрлі киностудияларда арнайы тарихи тақырыптарға түсіріліп жатқан құжатты, немесе көркем фильмдердің де маңызын да әлі толық түсіне қойған жоқпыз. Сондықтан да оларды болашақ тарихшыларды дайындау ісіне пайдалануға жеткілікті көңіл бөліне қойған жоқ. Сөзіміз түсінікті болу үшін мысал келтіре кетелік. Жақында ғана осы жолдар авторының ғылыми кеңесшілігімен Қазақфильмнің белгілі режиссеры Е.Рақышев «Ашаршылық» атты тарихи-құжаттық кинофильм түсірді. Онда бейне құжаттар жетісе бермейтін тұстарды актерлардың рөлдерде ойнауы толықтырып отырады. Ал мұның өзі тарихи қасыретті студенттердің бейнелі түрде, толғаныстармен қабылдауларына жол ашады. Сондықтанда мұндай картиналарды оқыту удерістеріне кеңінен тарту жолдарын іздестіруіміз керек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң Қазақстан тарихы кафедрасы бүгінгі күні тарихшы ғалым оқытушыларды топтастырған Республикадағы бірден-бір ғылыми-әдістемелік орталық. Мұнда Қазақстан тарихының әртүрлі кезеңдерінен типтік бағдарламалар, элективтік курстар бойынша дәрістер нұсқалары, оқулықтар мен оқу құралдары дайындалады, және олар Республиканың тарихшылар дайындайтын басқа университеттеріне үлгі ретінде ұсынылады. Мұндайда электрондық тәжірбие алмасу жүйесінің маңызы өлшеусіз. Кафедра білім жетілдіру мақсатымен басқа университеттерден келген мамандарды өздеріндегі электрондық көшірмелермен қамтамасыз етіп, тәжірбие алмасуға баса көңіл бөліп келеді. Қазіргі кезде университеттің зерттеу университетіне айналу ісіне басты мән беруіне байланысты күн тәртібінде профессор-оқытушыларды белгілі бір сала бойынша ғылыми жобалармен жұмыстар жасайтын, және оқулықтар мен оқу құралдарын дайындайтын ғылыми бағыттарға топтастыру қолға алынуда. Осындайда ақпараттық технология мүмкіншіліктерінің аса мол екендігі де басшылыққа алынуда. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл бағытта іске асырылуға тиісті жұмыстар аса көп. Олардың бәрі болашақ еншісіндегі мәселелер бола тұрса да, әсіресе, электронды оқулықтар

дайындау ісінің тарихшы-мамандар дайындауда аса маңыздылығын бір сәтте естен шығаруға болмайды.

Мұндайда Қазақстан тарихы пәнінің жалпыуниверситеттік маңызын да ескеруге тура келеді. Әсіресе, инновациялық-индустриялық саясат орын алып отырған кезеңде жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша мамандар дайындауда Қазақстан тарихының ролін және маңызын көтеру негізгі мәселеге айналып отыр. Мұның өзі қазақ тарихын азаматтарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге үлкен ықпал ететін маңызды пәнге айналдыруды аса қажет ететінін түсінгеніміз жөн.

Қазақ ұлтының рухани болашағы оның тілі мен әдебиетінің, мәдениеті мен тарихының сақталуына және жүйелі түрде өрістеп, өркендеуімен тығыз байланысты екендігін кез-келген азамат жақсы түсінетін заманда өмір сүріп отырмыз. Бұл тәуелсіздіктің бәйтерегінен өркен жайған сан шұғылалы жетістігіміздің тағы бір айшықты да нұрлы қорытындысы болып табылады. Алайда мәселенің мәнін нақты түсіну бар да және оны берік ұстанымды басшылыққа алып, табандылықпен өмірге енгізу бар. Осы тұрғыдан алғанда көбіміз ұлт тарихының қазақтың болашағы үшін, оның жаңа ұрпағының саналы да сауатты, елін ет жүрегі езіле сүйген отаншыл болып қалыптасуы жолындағы атқарар арқалы да, жауапты міндетін шынайы түсіне бермейміз. Осы тұрғыдан алғанда таяуда ғана «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты және Ұлттық Ғылым академиясында өткен маңызды форумдағы ғалымдардың басқосуында елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тарихшылардың жаңа ұрпағын дайындау туралы қоғамның алдына нақты және айқын міндет қоюы жоғарыда айтылған мәселенің мәнін дөп басып тұр.

Шындығында да «ақтаңдақтары» әлі де аса мол, өздерін зерттейтін білімді де, адал тарихшылардың жаңа ұрпағын күтіп жатқан тарихымыздың ауыр жүгін алда кім арқалайды? Оның құнды тарихи деректерін жан-жақты тереңдете зерттеп, әлемге кім танытады? – деген сауал бәрімізді мазалауы керек. Мұның өзі ең алдымен тарихшылардан ақпараттық технология жетістіктерін терең және жан-жақты меңгеруді қажет етеді. Өйткені, тарих «ақтаңдақтары» қазірдің өзінде көптеген телефильмдерде және кинофильмдерде көтеріле бастады. Мысал ретінде бірғана Шыңғысханға байланысты бірнеше елде көпсериялы фильмдердің түсіріліп, олардың басқа елдер тілдеріне аударылып, насихаттала басталуын айтар едік. Тарихты жан-жақты зерттеу үшін алғаш елбасы айтқандай сан салалы тарих мамандарын, дәлірек атап айтар болсақ, деректанушыларды, тарихнамашыларды, археологтарды, этнографтарды және тағы да басқа тарих ғылымына қызмет ететін талантты да тиянақты зерттеушілерді және оқытушыларды жүйелі түрде дайындауымыз керек. Олар бүгінгі күннің ақпараттық технологияға қатысты жетістіктерін қабылдап отыруға және оларды өздерінің күнделікті жұмысында пайдалануға бейім болулары керек. Ал бұл шынында да аса күрделі және жауапты жұмыс.

Тарихымызды жазуда және оқытуда орын алған кемшіліктерді айтуға келгенде бәріміз де алдымызға жан салмаймыз. Ақиқатына келсек, тарихқа

басыбайлы құлындай адал қызмет ететін тарихшының өзін дайындау бүгінгі күні аса маңызды мәселе болып тұр. Мұндай маман әрине, ақпараттық технологияны өзінің күнделікті ғылыми және оқытушылық қызметінде жан-жақты пайдалана білетін болуы тиіс. Осыған көзіміз жететін уақыт болды деп ойлаймыз. Алайда, қазіргі тәуелсіздік тұсында тарихшы мамандар дайындау ісі қоғамның сұранысын қанағаттандырудан әлдеқайда алыс екенін де түсініп отырмыз. Мұның себептері көп. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетін тарихшы мамандар дайындаудың басты ордасы десек, ешкім дауласа қоймас.

Бүгінде тарих ғылымында әйгілі болған академиктер мен профессорлардың басым көпшілігі осы оқу орнынан білім алып, ғылыми дәрежеге ие болып, түлеп ұшқан түлектер болып табылатыны көпшілікке белгілі. Сондықтан да тарихшыларды дайындау туралы мәселені көтергенде, алдымен ауызға алатынымыз және басты назарымызды аударатынымыз, осы ұлттық университеттегі атқарылып жатқан абыройлы шаралар. Алайда осы алтын ұяның профессорларының бірі ретінде бүгінгі білім беру ісінің талаптары тұрғысынан қарар болсақ, Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде қалыптасқан және қатталған дәстүрлер мен игі міндеттер алда атқарылар шаруаның қисапсыз көптігін және олардың үлкен реформалық өзгерістерге мұқтаж екендігін айқын аңғартады.

Қазіргі кезеңдегі біздің ең басты қиыншылығымыз, менің ойымша, мынадай мәселелерге келіп тіреледі: біріншіден, біз кеңестік кезеңде қалыптасқан тарихшыларды дайындау және жұмысқа орналастыру жүйесінен әлі де толық бас тартқан жоқпыз. Ал бұл жүйе қазіргі нарықтық қатынас заманының талабына мүлде сәйкес келмейді. Сондықтан да тарих факультетін бітірген білімді мамандарымыз көбіне нарықтық қоғам қағидаларының ықпалымен оқытушылық жұмысқа немесе зерттеу жұмыстарына барудан бас тартады. Тамаша білімді, талантты зерттеуші болады-ау деген шәкірттеріміздің көбіне әкімшілік жұмысқа орналасып, мүлде басқа салаға қызмет кетуге бет бұрғанын да көріп отырмыз. Екіншіден, тарихшыларды өз мамандығы бойынша қызмет етуге бағыттау үшін оларға мемлекет және қоғам тарапынан материалдық және рухани қолдау қажет-ақ. Мұнсыз қазіргі материалдық және экономикалық мәселелер бірінші орынға қойылған қоғамда тарихшы маманды қалыптастыру мүлде мүмкін емес. Тарихшы мамандығының халқымыз үшін, еліміз үшін аса маңыздылығын қанша насихаттасақ та, тұрмыс тапшылығы дегенін істеп, тарихшыны күнкөріс халін жақсарту жолында басқа мамандықты игеруге мәжбүрлейтінін де байқап жүрміз. Үшіншіден, тарихшыларды батыстық үлгіде дайындау қажеттігін күн сайын айтсақ та, бұл бағытта кемшіліктеріміз шаш етекпен. Ең бастысы кеңестік жүйедегі маман даярлау үлгісінен бас тартпай жатып, жаңа батыстық жүйені қабылдауға кірістік. Осылайша, бүгінгі университеттердегі мамандар дайындау жүйесі бұрынғы кеңестік білім беру мен кейінгі жаңашыл оқыту бағытымен мидай араласып, адам түсінбес шатасу басталды.

Философия докторы (PhD) мен кеңестік жүйедегі ғылым кандидатын қатар дайындауымыз осылайша адасқандығымыздың айқын көрінісі.

Бұл аталған қиыншылықтар әрине, ең бастылары ғана. Бұларды жеңетін де, және сапалы маман дайындаудың жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыратын да бәрінен бұрын өзіміз екенін ұмытпауымыз керек. Осы тұрғыдан алғанда елбасы жоғарыда көтерген сапалы тарихшы мамандар және тарихшы ғалымдар дайындаудың іргелі орталығы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің мүмкіншілігі аса зор екендігін атап көрсеткен жөн. Бұл факультетте шынында да батыстық өркениет үлгісінде ұлтымызға қызмет ететін кәсіби тарихшыларды дайындаудың негізі – іргелі зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Мұнда қолданбалы тарихи зерттеулер мемлекеттік бағдарламаға «Ұлттық идея – Қазақстан дамуының негізі» деп аталатын мемлекеттік маңызы зор зерттеу жобасы аясында енгізілген. Қазірдің өзінде қазақ халқының тарихи-этнографиялық мұраларына қатысты деректерді жинау, оларды жүйелеу және жариялау ісі жолға қойылған. Мұнда болашақ мамандар қазақ халқының дәстүрлі қоғамының бастаулары мен рухани негіздеріне қатысты көптеген жұмыстармен жүйелі түрде танысып, білімін толықтыра алады. Ғалымдардың бір тобы қазақты құраған ру-тайпалардың сонау сақ, үйсін және қаңлы дәуірлерінен бері қарайғы ежелгі және ортағасырлардағы тарихын тиянақты түрде оқып, осы саладан сапалы білім алып шығады.

Ғалымдардың үлкен тобы Қазақстанның тарихи мұраларын және қазіргі қоғамдағы рухани-мәдени даму бағыттарына қатысты нақты проблемаларды зерттеумен айналысып, осындай маңызды зерттеу бағыттарының нәтижелерін оқу үстінде кеңінен пайдалануда. Жоғарыда аталған «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламаға да факультет ғалымдары белсене атсалысуда. Мұнда ғалымдардың мемлекеттік музейлерде жинақталған этнографиялық заттарды зерттеумен айналысуы да әдеттегі қалыптасқан зерттеу бағыты болып саналады.

Тарих факультетінде мамандарды дайындау бакалавриатта, магистратурада және докторантурада жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Біздің жобалауымызша осы сатылардан түгел өткен, ақпараттық технология жаңалықтарын меңгерген болашақ маман өз ісіне берілген тарихшы-зерттеуші болып қалыптасуы тиіс.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих факультетінде Қазақстандағы диаспоралардың тарихи және мәдени мұралары да нақты археологиялық және музей материалдары негізінде зерттелуде. Сонымен бірге елбасымыз атап көрсеткендей, тәуелсіз Қазақстанның болашағын белгілейтін, оның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының ғылыми-техникалық бағдарламасын 2009-2011 жылдарға арнап жасап шығу ісіне де факультет ғалымдарының белсене қатынасу ойлары бар. Сонымен қатар тарих факультетінің ғалымдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жинақталған көптеген деректерге деректанулық талдаулар жасау да факультеттің жоспарлап отырған ғылыми гуманитарлық бағдарламасының



негізі болып табылады. Бұл алда 2008-2010 жылдар аралығында жүзеге асуы тиіс аса маңызды шаралар. Осы мәселені айтқанда елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасының екінші кезеңінің басталуына байланысты алға қойған нақты міндеті еріксіз еске түседі.

«Мәдени мұра» бағдарламасының алғашқы кезеңінде шет елдерден әкелінген сан мыңдаған деректердің алда мұрағат қойнауларында шаң басып жатып қалу қаупі бар екені құпия емес. Сондықтан да оларды ғылыми айналымға қосу қажеттігі туралы мәселені елбасы ғалымдармен жоғарыда аталған кездесуде нақты атап көрсеткен еді. Сондықтан да тарихшыларымыз осындай игілікті іске зерттеушілерді және болашақ тарихшыларды жұмылдыра отырып, деректермен жұмыс істеуді жетілдіруде осыған байланысты халықаралық-республикалық ғылыми-практикалық конференциялар өткізуде. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері бойынша мақалалар жинақтарын шығаруды, оқу құралдарын жариялауды, оқу процесіндегі арнайы курстарда ғылыми зерттеудің нәтижелерін өмірге енгізуге баса мән беруді көздеп отыр.

Осындай игілікті және көп салалы шараларды жүзеге асыру әрине тарихшы ғалымдардың отандық және шет елдік жоғарғы оқу орындарымен және ғылыми зерттеу орталықтарымен байланыстарын күшейте түсуді қажет етеді. Мұның өзі ғалым және ғалым-педагог кадрлар дайындау жүйесін жетілдіруді, жаңа ғылыми орталықтар мен зертханалар ашуды қолға алуды қажет етеді.

Осы жұмыстардың бәрін қолға алуды мақсат етіп отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих мамандарын еңбек нарқының сұранысына иемдеу бағытын ұстануда. Бұл үшін тарих факультеттерінде тарихшы-оқытушы дайындаумен ғана шектелуге болмайды. Бірнеше жылда бір рет қоғамды әлеуметтік сұрастыру ұйымдастырып, оның негізінде қандай тарихшы мамандарына сұраныс бар екендігін анықтау және осындай сұранысқа бейімделу алғашқы орынға шығуы керек. Сонымен бірге тарихшылардың жаңа мамандықты игерген немесе қосымша мамандығы бар мамандарын дайындау қолға алынуы керек. Қазіргі қоғам тарихшыны талантты зерттеуші немесе қабілетті оқытушы ретінде қабылдаумен шектеле алмайды. Өйткені, қоғамдық өміріміздегі жаңа сұраныс шет ел тілдерін жете меңгерген тарихшыларға және тарихшы-антропологтарға, тарихшы-өнертанушыларға, тарихшы-әлеуметтанушыларға, тарихшы-шығыстанушыларға және тағы басқаларға мұқтаж. Сондықтан да тарихшы дайындайтын факультеттер осындай сұранысқа орай бейімделіп, тарихшы мамандардың жаңа тұрпатты сапалық деңгейіне көтерілуі керек. Мұнсыз біз нарықтық экономика жағдайында тарихшының қоғамда өзіне лайықты орнын табуына алғышарттар жасай алмаймыз.

Әрине, бұл айтылғандардың бәрі оқыту жүйесінде бакалавриатта және магистратура мен докторантурада күрделі өзгерістер жасауды талап етеді. Бұл өзгерістер өркениетті елдердегі оқыту жүйелерінің нұсқасына сәйкес болуы тиіс. Сонда ғана біз әлемдік тарих ғылымында «судағы балықтай» өзін

еркін сезінетін жаңа тұрпатты тарихшылар дайындай аламыз. Өкінішке орай, бұл айтылғандардың барлығын жүзеге асыруға көптеген жергілікті университеттер мен педагогикалық институттардың шама-қарымдары жете бермейді. Алайда олардың үлгі алар және үйренер орталығы бар. Ол - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультеті. Қазірдің өзінде кеңестік кезеңнен қалған жоғарыда аталған кемшіліктер мен қиыншылықтарды жою және жаңа сапалық деңгейдегі тарихшыларды дайындау бағытында ұлттық университетімізде көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, жаңа даму стратегиясын белгілеу мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Елбасының «Мәдени мұраға» байланысты бағдарламасын жүзеге асырудағы тарихшыларды дайындауға байланысты міндетін жүзеге асыру біздерді осындай қорытындылар жасауға итермелеп отыр.

Тарихшы боламын деген әрбір азамат бұл мамандықтың бүгінгі күні жаңа талаптар биігінде көрініп отырғанын, ұлттың тарихын шынайы жазу үшін бүгінде еліңді, отаныңды шын жүрегіңмен сүю, оны қадірлеу жеткіліксіз екендігін, сонымен бірге бүгінгі тарихшы өзінің отанын басқаларға таныту үшін өзі әлемдік өркениетке белсенді араласа алатын жан-жақты бесаспап маман болуы қажет екендігін ертерек түсінсе, біз бұдан көп нәрсе ұтар едік. Бұл міндетті жүзеге асырудың балалар бақшаларынан, мектептерден басталатынын да ұмытпағанымыз жөн. Осыны қоғам болып ескерсек, қазағымыздың жазба тарихы өзімізге ғана қызмет етіп қоймай, бүкіл адамзат өркениетіне кеңінен танымал болатын жолға түсер еді.

Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылға жуық уақыт өткеніне қарамастан қазақ халқының шығу және қалыптасу тарихы әлі күнге дейін әртүрлі этногенетикалық және этно-саяси мәселелер төңірегінде айтыстар тартыстар туғызып, ғылыми негізі берік емес біржақты тарихи болжамдарға жол ашуда. Мұның әрине өзіндік себептері бар. Олардың бәріне тоқталып жатпай, ең бастыларының біріне назар аударар болсақ, қазақ халқының этникалық тарихына қатысты пікір білдірушілер нақты және әмбебап, әр түрлі ғылымдар саласындағы мамандардың ғылыми ізденістерінің негізінде тарихи-салыстырмалы зерттеулер жүргізу қажеттігін ескере бермейді. Қазақ тарихы осындай жолмен жазылғандағана бір ізге түсіп, жүйелі сипат алатынын ұмытпауымыз керек еді. Өкінішке орай, әсіресе ежелгі және ортағасырлардағы тарихи кезеңдерді зерттеудегі мұндай бағыттағы ізденістеріміз әліде мардымсыз.

Бүгінгі күні жазылып жатқан тарих біріншіден, ұзақ уақыт қалыптасқан еуроцентристік қате тұжырымдардан әлі күнге дейін бас тарта алмай отырса, екіншіден, ежелгі және ортағасырлардағы тарихымызға қатысты деректердің жеткіліксіздігінен, әсіресе, өзіміздің көшпелі бабаларымыз қалдырған нақты жазба жылнамалардың жоқтығынан өткенімізді баяндау тәрізді аса жауапты мәселеде әр түрлі үстірт, публицистикалық сипаттағы болжамдар мен тұжырымдарға мүмкіндік берілді. Мұның өзі университет партасында отырған болашақ тарихшыны ақиқат жолынан ауытқытып жіберетін,

тарихымызды жалған концепцияларға сүйеніп насихаттайтын қауіпті бағыт-бағдар екенін ұмытпайық.

Бүгінде тарихқа қатысы бар ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар ғылыми жұмыстарға қатысты объективті сын-пікірлер жазуды тоқтатты десек жалған сөйлемейміз. Қанша қараласақта кеңестік тоталитарлық жүйе тұсында орталықта жарық көретін ғылыми басылымдарда сын-пікірлерге арнайы орын берілетін еді, және оларда зерттеу жұмысының табыстары мен қатар олқылықтары да кеңінен әңгіме болатын. Бүгінде осындай ғылыми сыннан айырылып қалдықта, тарихымыз туралы әркім ойына не келсе соны айтатын, ақ пен қараны ешкім ажырата алмайтын кезеңге аяқ бастық. Оның үстіне қазіргі басылымда жарық көретін ғылыми пікірлер ғалымдардың бірін-бірі бірыңғай мерейтойлық марапаттауымен және олардың жарық көрген жұмыстарын көтермелеп көрсетумен шектелетін болып алды. Мұның зияндылығы- тарихымызда жаңа мамандар даярлау ісіне кері әсерін тигізетіндігінде. Тарихшылардың жаңа ұрпағы кез-келген маңызды тарихи мәселеге сын көзбен қарап, салыстырмалы талдаулар негізінде ақиқатты айқындау рухын жоғалтып алса, бұл біздің елеулі жеңілісіміз болып шығады.

Тарихты жазушылар ескере бермейтін тағы бір маңызды мәселе, қазақ деген кеңпейіл де жомарт халықтың тарихын жазуға бет бұрған адам ең алдымен өзінің жүрегін пендешілік және басқаларға деген өшпенділік пиғылдардан тазалап алуы керек. Ұлтымыздың біртұтас тарихын белгілі бір қазақ жүзін, немесе нақты қазақ тайпасын басқаларынан аспандата асыра дәріптеу және өзіне ұнамайтындарды кемсіту немесе мұқату, тіптен басқа тайпаластардан өш алу тұрғысынан жазуға ешкімнің қақысы жоқ. Өткенді әңгімелегенде өзгелерге деген реніш сезіміңізді ұлт тарихына енгізбеңіз. Қазақты құраған жекелеген тайпаларды асқақтату неліктен басқалардың рөлін төмендету есебінен жүзеге асырылуы тиіс? Өткенімізді шұқшия зерттеу, В.Бартольд тәрізді Наймандарды, Керейлерді, Дулаттарды «олар түркілер емес, монғолдар болатын» деп мәселенің байыбына тереңдете бармай, оларды осылайша қорлау арқылы жүзеге асырылуы тиіс пе? Бүгінгі университетте тарихшы мамандар даярлау ісінде осындай бұрмалаулардың шынайы мәнін әшкерелеу-тәуелсіз елдің оқытушы-профессорларының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Мұндай ұстанымдардың негізсіздігін тіптен, халқымыз орысқа басыбайлы отар болып отырған 1897 жылдың өзінде-ақ қазақ арасында болып, халқымыздың қадыр-қасиетін орынды бағалай білген, орыс ғалымы Н.Аристов әділдікпен айтып кеткен еді. Өкінішке қарай, бүгінде еліміз тәуелсіздік алған заманда өзіміздің қандастарымыздың кейбіреулері В.Бартольдтың таптаурын жолына түсіп, тарихымызды жауапсыздықпен бұрмалауға бет бұрғандарын аңғара алмай отыр. Ал басқаларға келер болсақ, Н.Аристов тәрізді қазақтың этникалық тарихын қастерлейтіндер орыс зерттеушілері арасында бұрын да, қазір де саусақпен санарлықтай аз болғаны ешкімге құпия емес. Кезінде оның еңбегіне сын көзбен қараған В.Бартольд

бұдан тағы да біржақты қорытынды жасап, Н.Аристов көтеріп отырған қазақтың этникалық тарихының мәселелері туралы айтқанда, «... пополнение этого пробела во всемирно-исторической литературе возможно только при деятельном участии русских ученых» (қараңыз: Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. –М., 2002. С.279). - деп жазғанын жақсы білеміз.

Амал қанша орыс ғалымдарының айтқандарын ғана дұрыс деп танитын және өздерінің зерттеулерінде солардың тұжырымдарына ғана жүгінетін осындай біржақты пиғылдардан кейбір қазақ тарихшылары әлі де арыла алмай отыр. Мұндай ұстанымдағы кісілер әдетте дәстүрлі қазақ деректерін менсінбейді, ал көне дәуірдің бірден бір куәгерлері болып табылатын қытай деректерін және Орхон ескерткіштерін орыс тарихшыларының тұжырымдарынан кейінгі қатарға ысырып қояды. Мұндай «зерттеулер» барысында туындаған пікірлердің тарихи шындықты қалпына келтіруге қызмет етудің орнына, оны одан әрі былықтыра түсуге, әртүрлі бұрмалауларға алып барары сөзсіз. Әдетте мұндай зерттеулер ұлттық рухтан жұрдай болып келеді. Бұлардан туындайтын тұжырым: қазақ халқының қалыптасуының этникалық мәселелері рухани дәстүрлі болмысты ашатын, аса маңызды бағыттар бойынша ғылыми негізді, және нақты деректерге сүйенген басалқалы да, байыпты тұжырымдарға, қорытындыларға аса мұқтаж болып отырғаны құпия емес. Мұндай олқылық осы нәнді жоғарғы оқу орнында оқыту сапасына да кері әсерін тигізіп отыр.

Осы айтылған міндеттерді жүзеге асыруға әл-Фарби атындағы ҚазҰУ-ң Қазақстан тарихы кафедрасының профессор-оқытушыларының қосар үлесі де аз емес. Дегенмен де, іргелі міндеттерді жүзеге асыру көп болып жұмыла қолға алуды қажет етеді. Мұндайда әрбір профессор-оқытушының бұрынғы кеңестік замандағыша диссертация қорғап алған соң, немесе ғылыми атақтар алған соң тек оқытушылық міндетпен шектелмей, тарихымыздың методологиялық, және әдістемелік принциптері мен негізгі қағидаларын әрқашан басшылыққа алғандары жөн. Бүгінгі университет оқытушысы өзінің ғылыми-оқытушылық қызметін ақпараттық технологиядан бөле-жара қарай алмайтынын түсінетін уақыт жетті деп ойлаймыз. Сондықтанда, компьютерлік сауаттылық, жаңа технологияны меңгеруге деген күштарлық пен ұмтылыс жоғарғы оқу орны қызметкерінің күнделікті шығармашылық қызметінде басты мәселеге айналуы тиіс.

## **TEACHING HISTORY AS NATIONAL: DIGITAL TECHNOLOGIES AND HISTORY EDUCATION IN THE XXI ST CENTURY\***

*Professor Zh. Kundakbayeva* - Doctor of historical sciences, Visiting Scholar at the Institute of Slavic, East European, and Eurasian, Studies (ISEEES) at UC Berkeley (USA)

After Kazakhstan got State sovereignty have been a number of considerable changes in the historical education: partial deideologization of historical

Фоноқұжаттарды деректанулық зерттеу барысында ерекшеліктерін қарастыруды қажет ететін келесі бір жағдай, дыбыстық, дауыстық жазбаларды жазбаша түрге көшіру болып табылады. Бұл өте күрделі, әзірге аз зерттелген мәселелердің бірі.

Сонымен, аудиовизуалды құжаттарды зерттеудің өзіндік ерекшеліктері өмір сүреді. Олардың біразы дүниежүзі зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс тапқын. Қазақстанда бұл мәселемен кешенді түрде айналысып, оның көптеген мәселелерін айқындап, зерттеп жүрген Г.Ә. Сексенбаева болып табылады. Ғылыми құндылығы жоғары болып есептелетін оның еңбектеріне әлі де болса тарихнамалық талдаулар жасалуы, жетістіктері көрсетіліп, алдағы мәселелері айқындалуы қажет.

---

1. Сексенбаева Г.А. *Кинофотофонодокументы как исторический источник*. Алматы, 2011. 41-б.

2. Кунтиков И.Н. *Кинофотофонодокументы в научных исследованиях//Вопросы архивоведения*. -1962, -№2-78-84 бб.

3. Рошаль Л.М. *Некоторые вопросы источниковедческого анализа кинодокументов//Труды МГИИИ*. -Т.17. -М., 1963.-132-138 бб.

4. Коте В. *Кинофотофоноархивы*. -М., 1972.

5. Ефграфов Е.М. *Кинофотодокументы как исторический источник*. -М., 1973.

## **«ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ» КУРСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРГЕ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Б.Қ. Әбдігүлова** - пед.ғыл.докт., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде баса назар аударылып отырған жайттардың бірі экономиканы нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру болып табылады. Осыған орай Үкімет бұл бағытта мол іс-шаралар ауқымын атқарып жатқандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Мұндай түбегейлі өзгерістерді заман лебіне сай өзгеріп отырған ақпараттық қоғамда жасыру, бүгіп қалу немесе әсерілеп мақтап жіберу де мүмкін емес. Себебі еліміз өркениетті мемлекеттермен бірге ақпараттық кеңістікке әлдеқашан енген, қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзгерістерді алыс-жақын елдердің барлығы да біліп те, көріп те отыр. Оған ең алдымен Интернет ресурстар көп ықпалын тигізіп келеді. Сондықтан да ақпараттық технологияларды білім беру ісінде пайдаланудың маңызы күннен күнге артып келеді.

Елбасы өзінің жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық тапсырмаларында, «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясында, «Жас Отан» жастар қанатының XI съезінде сөйлеген сөзінде және басқа да еңбектерінде жаңа ғасыр жағдайында, Қазақстан қоғамы қандай болуы керек, ондағы жастардың орны қандай болуы керек деген сұрақтарға жауап береді. Елбасы біз өркендеуіміз үшін «Жастар өзіне мемлекет не береді деп емес, мен еліме, жұртыма не беремін, мемлекетім үшін не істей аламын деген сауал қоюы тиіс», - деп талап етеді [1]. Сондықтан біздің әлеуметтік саясат бәсекеге қабілетті және жалпыға ортақ еңбек қоғамын құруға бағытталған ісінде жастардың белсенділігі, білімділігі мен адал еңбегі керек.

Жаңа онжылдықта елді жаңғыртудың басты нысананың бірі сапалы білімге қол жеткізу, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, ақпаратты технологияны ұтымды пайдалану болып табылады. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауларда: «Білім беру әлемдік стандарттарға негізделіп, сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз көзделіп отыр»...«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс...», «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі», «Оқу жастарға тек білім беріп қоймай, сонымен бірге олардың әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс», «Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды: білім беру мекемелерін оңтайландыру; оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру», - керектігіне баса назар аударды [2; 3; 4; 5].

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушы-жастарға ақпараттық білім негіздерін беру, ақпараттық технологияны интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы ретінде пайдалану, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникациялар белсенді қолданылуда. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты–студент-жастарды қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік тәжірибесінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу. Ақпараттық технология өңделген, жинақталған ақпаратты білім алушыға жинақталған түрде жеткізу әдістері, технологиясы болып табылады.

Білім беруді дамытуға қатысты Мемлекеттік бағдарламада оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану-жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі екені баса айтылған. Бүгінгі жаһандану үрдісінде ақпараттар ағымынан адамның өзіне қажетті ақпаратты саралап, пайдалана білуі-қазіргі таңдағы негізгі мәселенің бірі. Өйткені, ақпараттық құралдар оқулық мазмұнын көрнекілендіреді, қажетті ақпаратқа қол жеткізеді, білімді пайдалану мен жинақтаудың мүмкіндіктерін арттырады. Осы орайда, жастарға сапалы білім мен тәрбие беру, оқытудың инновациялық әдістемелерін енгізу арқылы, студентті қажетті ақпаратты іріктеуге, талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету маңызды. Ақпараттық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырудың алғышартты болып табылады. Тарихты оқыту үдірісінде қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Тарихты оқыту үрдісінде ақпараттық технологияның мүмкіндігін ұтымды пайдалану:

- жастардың өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға;
- әр түрлі ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, объектілерді, құбылыстарды модельдеу, оқыту қызметін ұйымдастыру үрдісінде қазіргі замануи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға;
- студенттердің білім, дағды, біліктілігін, сабаққа дайындық деңгейін бақылауға;
- оқытуды басқаруға, оқу үрдісінің, тестілеудің нәтижелерін бақылау үрдісін автоматтандыруға, интеллектуалдық түрлі деңгейдегі тапсырмалар беруге;
- түрлі ақпарат көздерінен керекті материалды өздігінен іздеп табуға, ақпаратты сауатты жазуға үйренеді, өздігінен сурет, түрлі сызбалар мен карта, графиктер, кестелер т.б. жасауға, яғни студенттердің өз бетінше жұмысын ойдағыдай іске асыру үшін жағдай жасайды. Осындай маңызды міндеттерді іске асыру үшін жоғары оқу орындарында «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» таңдау курсы оқытылады.

**«Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсының мақсаты:**



Қазақстан қоғамындағы өзгерістерге байланысты оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне қажетті ақпараттық сауаттылықты арттыру.

**«Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсының негізгі міндеттері:**

-студенттердің көшбасшылық және белсенділік қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияның мәні туралы ұғымдарын қалыптастыру, өздігінше білімін жетілдіру және өздігінен дамуын, шешім қабылдай білуін қалыптастыру;

-студенттерді ақпараттық технологияның ұстанымдарымен, ережелерімен таныстыру;

-студенттерді ақпараттық технологиялық білімдермен қаруландыру; оларды өмірге дайындау, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және дұрыс қатынас жасауға тәрбиелеу;

-ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру, алған білімін өз ісін ұйымдастыруға, қолдануға үйрету, ақпараттың мәні, оның рөлі туралы ұғымдарын тереңдету;

-«Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсының оқытуда интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдалану жолдарымен таныстыру;

- түрлі ақпарат көздерін, тарихи деректердің, еңбектердің мазмұнын білу, талдау, олармен өздігінше жұмыс жасай білу;

-өзіндік шығармашылық жұмыстарды жазу біліктерін игеру.

Қазақстанда орта білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі-2020 жылға қарай жалпы білім беретін мектептерде 12 жылдық оқыту үлгісіне көшу және оны табысты жүзеге асыру. Республиканың жүзден аса мектебінде эксперимент ретінде іске асырылып жатқан бұл жүйе бойынша оқушының тек білім, білік және дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау, ұтымды қолдану, тез өзеріп отырған дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу талап етіледі. Мұндағы басты міндеттердің бірі-12 жылдық оқыту моделіне көшу. Бұл әлемдік тәжірибеде бар, оңды үрдіс. Мектеп оқушысы несиелік жүйенің элементтерін мектепте жүріп игеріп келеді, сөйтіп ЖОО-нда сапалы білім алуға, өзіндік жұмысты орындауға мүмкіншілік жасалады. Басты мәселе, мектептегі білім сапасының артатындығы мен оқушының дербес өздігінше жұмыс істеуге дағдылануы, оны өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы болып табылады. Кредиттік технологияны оқу үрдісіне енгізу студенттерді әр пән бойынша негізгі және қосымша әдебиеттермен, баспасөз материалдармен, ақпараттық оқыту технологиясы көздерімен, электронды оқулықпен, интернетпен, интерактивті тақтамен, оқу-әдістемелік кешендермен және кәсіби білікті профессорлық-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл жүйе студенттердің білім сапасын арттыруға бағытталып, өздігінше білім алуға үйретумен қатар, алған теориялық білімдерін өмірлік тәжірибелерінде пайдаланып, білікті маман даярлауға көмектеседі. Студент белгілі бір ғылым саласы бойынша жалпылама жоғары білім алады, содан кейін нарық талабына сай өзі таңдаған

мамандықты меңгеруіне жол ашылады. Оқытушылардан ақпаратты ұтымды пайдалана отырып, заман талабының сұранысы қарай ақпараттық технологияларды, замануи әдістемелерді ұтымды қолданып, кәсіби біліктіліктерін одан әрі жетілдіріп тұруды қажет етеді.

Ендігі мақсат-әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, «парасатты экономика» негіздерін қалыптастыру үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру, білім беру саласындағы оқулықтардың, оқу құралдарын, әдістерін, бағалау тетігін жетілдіру, оқытудың озық педагогикалық және ақпараттық технологияларын пайдалану, білім мазмұнын жаңарту-бүгінгі таңда білім беру саласының алдында тұрған өзекті мәселелер.

Білім мен тәрбие берудің осындай жауапты міндеттерін жүзеге асыруда жоғары оқу орындарында оқытылатын «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсының мүмкіндіктері зор.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстандағы ең алғашқы жоғары оқу орны, республикадағы педагогикалық оқу орындарының көшбасшысы және базалық-әдістемелік орталығы болып табылады. Сондықтан да мұнда соңғы жылдары ақпараттық кеңістіктерді болашақ мамандардың білім беру ісіндегі меңгеруі үшін заманауи пәндер кешені оқу үдерісіне енгізіліп жатыр. Солардың бір Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих факультетінде 3 курста студенттер оқып жатқан «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» атты осы жоғарыда айтылған таңдау курсы болып табылады. Оның негізінде болашақ мамандар әлемде болып жатқан білім саласындағы заманауи жайттарды оқып үйренеді, білім мен тәжірибе алмасады.

Жалпы алғанда, студенттер алғашқы оқу жылдары Қазақстан тарихы пәнімен жан-жақты танысады. Бұл пәнді оқып-үйрену студенттерге еліміздің басынан өткізген сан қилы аумалы-төкпелі кезеңдерден, қазіргі егемендікке қол жеткізген кездегі бүгінгі еркін тыныс-тіршілігінен өте бай мәліметтер береді.

Отан тарихын оқу барысында студенттердің көз алдынан сонау ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихтағы: қайшылықтар, қаһармандық, жасампаздық істер мен қайғылы оқиғалар, әр алуан, адамзат тарихы тұтас күйінде, толық өтіледі.

Студенттер «Қазақстан тарихын» оқып үйрену барысында алған теориялық білімдерін тарихты оқыту әдістемесі мен тарихты оқытудағы ақпараттық технология пәндерімен тереңірек танысқанда және педагогикалық практика кезінде іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік туады.

Тарих оқытудағы ақпараттық технология курсының мазмұнымен таныстыру арқылы, студенттерге елінің жарқын болашағы үшін адал еңбек ету, жақсы оқу еліміздің әрбір азаматының басты мақсаты екенін түсіндіруімізге мүмкіндік туады. Отанымыздың күш-қуатын нығайту, көркейту, ғылымды ілгерлету, экономиканы дамыту, әлеуметтік проблемаларды шешу, еліміздің қазіргі жетістіктерін одан әрі арттыру бүгінгі жастар үлесінде екені баса айтылады. Жастардың озық ойы, жасампаз ісі,

табанды да қажырлы тіршілігі біліммен ұштасқан біліктің арқасында биік шыңдарға жеткізе алатындығына көз жеткізуге мүмкіндік жасалады.

Жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеуде білім беру ісінің инновациялық дамуына көңіл аударған жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдер ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог- мамандар даярлауда студент-жастарды оқытудың жаңашыл әдістемесімен, мұғалімдердің озат тәжірибелерімен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге септігін тигізеді. Осы орайда, тарихты оқыту әдістемесі мен тарихты оқытудағы ақпараттық технология курстарының қыр-сырын терең меңгеру, алған білімдерін күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің маңызы зор.

«Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсының дәрістерінде, семинарлар мен өздік жұмыстарында «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсын оқыту үрдісіндегі дәстүрлі және интерактивті оқыту әдістері», «Тарих курстарын оқытуда педагогикалық технологияны пайдалану», «Тарихты оқытудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ)», «Тарихты оқытудағы техникалық және аудиовизуальдық оқыту құралдары», «Тарихты оқытуда электронды оқулықты пайдалану», «Тарихты оқытуда мультимедия материалдарын пайдалану», «Тарихты оқытуда интерактивті тақта пайдалану», «Тарихты оқытуда қашықтан оқытуды жүзеге асыру», «Тарихты оқытуда интерактивті әдістер мен технологиялар қолдану кезіндегі бағалау жүйесі мен нәтижелер» және басқа тақырыптардың мазмұнын ашып көрсету арқылы тарихты оқытудағы ақпараттық құралдардың мәні, оқытудың едеуір тиімді әдістері мен тәсілдері, жаңа технологиялардың түрлерімен танысып қоймайды, сонымен қатар шығармашыл мұғалімдер тәжірибесіндегі сабақ үлгілері талданып, оны студенттердің практикада пайдалануына мүмкіншіліктер жасалады.

Кредиттік жүйе негізінде тарихты оқыту үрдісінде студенттер теориялық білім алумен қатар, басқа пәндерден және түрлі ақпараттан алған білімдерін жүйеге келтіреді, жинақтап қорытындылайды, өзіндік пікірлерін негіздейді, болашақ маман ретінде өз тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік алады.

Семинар сабақтарында студенттерді жеке топтарға бөліп, проблемалық тапсырмаларды бірлесе отырып өздігінше талдау, шешу жұмыстарын ұтымды өткізу олардың белсенділігін арттыруға көмектеседі. Жалпы студенттердің көпшілігі компьютерді жақсы меңгерген, қажетті ақпаратты жылдам, сауатты таңдап алып, өздігінше түрлі рефераттар, баяндамалар, хабарламалар дайындау біліктері қалыптасқан. Семинарда студенттер теориялық материалмен қатар, тарихты оқытуда ақпараттық технологияны пайдаланып, сабақ үлгілерін дайындап, оған презентация жасайды, ал басқалары оны одан әрі жетілдірудің жолдарын, кемшіліктерін анықтап, талдайды. Әр студент өзі дайындап келген сабақ үлгілерін интерактивті

тақтадан немесе компьютерден көрсетіп, негіздейді. Сабақ үлгілері бойынша кестелер, сызбалар, диаграммалар, түрлі деңгейдегі тапсырмалар мен тестер, иллюстративтік материалдарды дайындайды. Студенттер дайындап келген сабақ үлгілері бойынша интерактивті әдіс-тәсілдердің тиімділігін дәлелдеп, бір-бірімен жарысқа түседі, бәсекелестік жағдайында әріптесін озып шығуға дағдыланады. Бұндай практикалық жұмыстар студенттердің мектепке барар алдындағы педагогикалық практикаға дайындығын жетілдірсе, екіншіден сабақта белсенділігін дамытуға, ақпараттық сауаттылығын арттыруға себін тигізеді. Пікірсайысты оқу үрдісінде пайдалану барысында, студенттер тарихи материалды сыни тұрғыдан қарауға, өз пікірін еркін дәлелдеуге үйренеді, ақпараттық технологияны тиімді пайдалануға қол жеткізіледі. Осы тұрғыдан алғанда, аталмыш курс мазмұны студенттерге тарихтан сапалы білімге қол жеткізуге, оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеруге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсы заман талабынан туындаған пән болып табылады. Оны оқыту болашақ мамандарға білімнің көкжиектерін толымды түрде игеруге кең жол ашады. Ақпараттық кеңістікте еркін жүрген болашақ мамандарға озық үлгілерді таңдап алуға, нақты білім беретін ресурстарды пайдалануға мүмкіндіктерді молайтып қана қоймайды, сонымен қатар оқыту үрдісінде ақпараттық құралдарды кеңінен қолдану студенттердің ақпараттық сауаттылығын арттыруға, елжандылыққа, парасаттылыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге де елеулі үлес қосады, егер де пәнді оқыту барысында профессор-оқытушылар құрамы тәлімгерлерге дұрыс бағыт берер болса.

---

*1. Назарбаев Н.Ә. «Жас Отан» жастар қанатының XI съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 17 қараша.*

*2. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан «Қазақстан-2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007 жылы 28 ақпан. – Алматы., 2007. -72 б.*

*3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан, 2012, 10 шілде.*

*4. Назарбаев Н. Қазақстан білім қоғамы жолында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясы // Егемен Қазақстан, 2012, 6 қыркүйек.*

*5. Н.Ә. Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылы 28 қаңтар // Егемен Қазақстан, 2012 жылы, 28 қаңтар.*

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ОТАР ЕЛГЕ АЙНАЛУЫН ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

**О.Х. Мұхатова** - т.ғ.д., *эл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры*

Тарих ғылымында отар және отарлау саясаты, отарлар – саяси, экономикалық дербестігінен айырылған, жергілікті тұрғындарды қанауға ұшырататын арнаулы тәртіпті басшылыққа алған, шетел мемлекеттеріне тәуелді елдер, аумақтар ретінде түсіндіріледі. Тарихта қашанда билеуші мемлекеттер бұл елдер мен аумақтарда отарлау саясатын жүргізді. Қазақ совет энциклопедиясында отарлауға «Отарлау саясаты дегеніміз – әскери, саяси және экономикалық кіріптарлыққа ұшырату арқылы экономикалық жағынан әлсіз елдер мен территориялар халықтарын құлға айналдыру және қанау саясаты» деген анықтама берілген[1]. Таптық ұстанымға негізделсе де, бұл анықтама отарлаудың мәнін дұрыс ашқан, өйткені кез-келген отарлаушы елдің өзіне бағындырған аймақты тәуелді ететіні даусыз.

Отарлау саясатының барлық сатысында белгілі бір мемлекет басшылық рөл атқарды. Осындай рөлді патшалық Ресей де иеленді. Оның отарлау саясаты негізінен Оңтүстік-Шығыс және Шығыс бағытта жүргізілді. Орталық Азия мен Кавказ отарға айналдырылды. ХУІІІ ғасырдың 30-40 жылдарында орыс өнеркәсібі жаңа шикізат көздеріне, қолөнері мен мануфактура бұйымдарын өткізетін шығыс рыногына зәру болды. Орыс үкіметі өзінің шығыс шекараларын шаруашылық жағынан игерудің және Шығыстағы саяси ықпалын нығайтудың бірден-бір дұрыс жолы Қазақстан мен Орталық Азия халықтарына Ресей азаматтығын беру деп есептеді[1.613б]. Сол кезде аталмыш мемлекеттердегі даму бір қалыпты емес, бірде өркендеп, енді бірде тоқырап отырғандығына көз жеткіздік. Ал саяси жағдайларына келетін болсақ, бір елдің ішкі және сыртқы саясаты жекелеген тарихи тұлғалардың, яғни билеушілердің жеке ұстанымдарына, мүдделеріне байланысты өзгерістерге ұшыраған. Сонымен қатар мемлекеттің біртұтас ішкі және сыртқы саясатындағы ерекшеліктер және аймақтағы геосаяси ахуал да дербес елдің саяси жағдайына елеулі әсерін тигізген, өйткені бұл елдер бір бірімен көршілес орналасқан болатын.

Ғылымда көршілес елдер арасындағы ынтымақтастық пен саяси қақтығыстар туралы теориялар бар. Осыған орай халықтар арасындағы байланыстар қақтығыстар мен ынтымақтастық тұжырымдамалары негізінде қарастырылады. Көршілес елдер арасындағы ынтымақтастық туралы ХІХ ғасырда Эмиль Дюркгейм арнайы тұжырымдама ұсынған. Ынтымақтастықты механикалық және органикалық деп екіге бөле отырып, оны ең жоғарғы моральдық принцип, әмбебап құндылық ретінде зерттеген. Ынтымақтастыққа қарама-қайшы қақтығыстар немесе жанжалдар туралы теорияны Ральф Дарендорф қалыптастырды. Ол қақтығыстың өзі үстемдік етуден туындайтындығын дәлелдеген. Мұндай тұжырымдамалар қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерделеуге қазақ жүздерінің және патшалық Ресейдің

ұстанымдары мен пиғылыдарын анықтауға мүмкіндік береді, яғни ХУІІІ ғасырдың екінші ширегінде қазақ билеушілері тығырыққа тіреліп, одан шығар жол іздесе, Ресей империясының отарлау, жаулап алуына турасында ынтымақтастыққа қол жеткізуге ұмтылуы байқалады.

Қазақ жүздерінің патшалық Ресейге бодан болуы мәселелері соңғы уақыттарда өркениет теориясы бойынша да зерттелуде. Өркениет теориясы бойынша өткен уақыттардағы тарихты бүгінгі күннің көзқарасымен емес, оқиға болған кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, зерттеу ұтымды. Мұның өзі ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ-орыс байланыстарын көрсетілген мерзімдегі тарихи оқиғалардың ағымында, мемлекеттердің саяси ұстанымдары шеңберінде, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайының ауқымында қарастыру дегенді білдіреді. Тағы бір маңызды жайт, мәселені ХУІІ-ХУІІІ ғасырлардағы Қазақстан мен Ресейдің өзара байланыстары, геосаяси ахуалының астарында баяндау өркениеттілік теориясына сәйкес келеді. Сонымен қатар бодан болу, отар елге айналу тарихын екі мемлекеттің мүдделері, патшалық Ресейдің ұстанымы, діттеген мақсаты, бір бірімен тығыз байланысы, сабақтастығы аясында зерттеуге мүмкіндік тудырады. Сонда ғана көрсетілген мерзімде орын алған тарихи оқиғалардың шынайы мазмұны ашылады.

І Петрдің кезінде империяның шығыстық саясаты еуропалық рационалистік дүние танымы мен теорияларға негізделіп қалыптастырылды. Империялық санаға Византия мен Ром империясының «мұрагері» - Ресей басқа халықтардың тағдырына «күдайлық» негізде де, «табиғи құқықпен» ықпал етіп, билік етуі тиіс деген ұстаным мықтап ендірілді. Ортағасырлық ресми доктринаға толық сәйкес алғанда, мемлекеттің күш-қуаты және билік етуші монархтың даңқы оған бағынышты аумақтың мөлшерімен және бодандарының санымен анықталады, ал соңғыларын алу ұрыс алаңындағы жеңістің де дипломатиялық күрестің күрделі айла-шарғылардың табиғи нәтижесі болып табылады. Осы түсінікті негізге алған І Петр ... «бағзы заманнан естіліп келген және сол кезде беймәлім деуге болатын қырғыз-қазақ ордаларын» Ресей бодандығына келтіру туралы тілек білдіріп, Астрахан жорығында тілмаш міндетін атқарған А.И. Тевкелевке «миллионға дейін жұмсалса да, аса көп шығындарға қарамастан ... жан-тәнін салуды, түптеп келгенде, бір парак қағазбен-ақ Ресей империясының қарамағында болуға міндеттенетін болсын» деп ұсынған еді[2], өйткені баршаға мәлім, орыс патшасы Петр І-нің арманы қазақ даласын қақпа ретінде ретінде пайдаланып, Орталық Азияға, әрі қарай Үндістанға жол ашу болатын. Осыған орай император қазақ халқын өзіне тәуелді етудің тәсілдері туралы көп толғанды. Осы орайда ол қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрін, тұрмыс-салтын, наным-сенімін, ұстанымдарын зерттеудің маңызды екендігіне көз жеткізді. Алдымен қазақтармен елшілік қатынастарын, содан соң сауда байланыстарын орната отырып, бірнеше қайтара түрлі экспедициялар ұйымдастырып, қазақтар туралы нақты мәліметтер жинақтады. Империяның осындай бастаған ісі ХУІІІ ғасырдың екінші ширегінен соңына дейін жалғасты.

Қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, дүниетанымын, мінез-құлқын зерттеу арнайы ғылыми негізде жүргізіліп, іргелі шығармалар дайындалды. Петербор Ғылым Академиясының ғалымдары П.С. Паллас, И.П. Фальк, Х. Барданес, А.И. Левшин, П.И. Рычков, И.Г. Андреев тәрізді ғалымдар қазақтар жөнінде арнайы зерттеулер жазды, ал император даланы өзіне бағындырудағы саяси пиғылын жүзеге асыруды мақсат етті. «Іздегенге - сұраған» дегеннің кері келіп, патшалық өкіметтің осы тілеуіне қазақ даласындағы ішкі және сыртқы жағдайлар оңтайлы сәтті тудырды.

Қазақ-жоңғар қатынастарының шиеленісуі, Хиуа, Қоқан хандықтарының басып алу әрекеттері, башқұрттар мен ноғайлардың әлсін-әлсін қазақ қоныстарның берекесін кетіруі Кіші және Орта жүздердің патшалық Ресейге одақтас ретінде арқа сүйеуге итермеледі. Жан-жағынан анталаған жаудың құрығынан құтылмасын түсінген қазақ хандары, әсіресе Кіші жүз ханы Әбілқайыр 1730 жылы 28 тамыз Ресей билеушісіне арнайы 11 өкілден тұратын елші жіберіп, оның боданы болуға ниет білдірді. Шынтуайтында қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясының боданы емес, онымен одақтас болуға ұмтылған еді. Алайда күні бүгінге дейін орыс тарихнамасында Кіші жүз ханы Әбілхайырдың бодан болу туралы актіге қол қоюы әртүрлі себептер арқылы көрсетіледі. Сөзіміз дәйекті болуы үшін орыс тарихнамасының кейбір тұстарына тоқталып кетейік.

Кіші жүздің Ресей бодандығын қабылдауы тарихнамасының орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі назар аударарлықтай себептерінің бірі - сыртқы саяси ахуал, билік үшін талас, руаралық күрес. Мәселен, И.И.Крафтың пікірі бойынша ішкі саяси жағдай қазақ хандығын әлсіретті [5] П.И.Рычков Кіші жүз ханы Әбілхайырдың Ресей бодандығын қабылдауын оның бейбіт өмірге ұмтылуын, империяның көмегімен жоңғарлардан қазақ жерлерін қайтаруы түрінде түсіндірді. А.И. Левшин Әбілхайыр ханның жеке басының мүддесі бодандықты қабылдаудың басты себебі болды деп жазды. “Әбілқайыр хан өзінің дұшпандары мен тайталастарынан озып, өз билігін күшейткісі келді. Ал оның қоластындағы азып-тозған, жан-жағынан жаугершілік қауіптің қыспағында қалған халық кез-келген құрбандыққа даяр еді”.[6] Сондықтан да орыс тарихнамасында Әбілхайыр хан жағымсыз жағынан сипатталған. Л.Мейер, М.А. Терентьев, С.В.Жуковский еңбектерінде[7] Әбілқайыр хан біржақты мансапқор, жайдақ, жалған пікірлерге бой ұрған, жеке басын күйіттеген, мәселенің байыбына терең бара алмайтын билеуші ретінде баса көрсетілген. А.И. Тевкелевтің жазбаларында болған оқиға былай сипатталады: «он ... с Абулхаир ханом в подданстве российском быть желает и в том будет присягать»[4]. Батырдың осы шешімін Әбілқайыр ханның өзі, және Есет батыр қолдаған. Ресей патшайымына адал болуға Құран ұстап Әбілқайыр хан, Бөкенбай, Есет батырлар, Құдайназар мырза, бұдан соң текті старшындардан 27 адам ант берген. Елшінің жазбаларына қарағанда оның Орта жүздің де Ресей бодандығын қабылдауына ықпалы аз болмаған тәрізді. Оған оның 1731 жылдың күз айлары мен қыстың бас кезінде Әбілқайыр ханның отбасымен бірге Қазақ

даласында көшіп-қонып, көптеген билеуші элитаның беделді өкілдерімен қарым-қатынас жасап, нәтижесінде Орта жүздің ханы Сәмекені ресей бодандығын өабылдауға илiктiргенi туралы жазғандары дәлел бола алады. Тевкелев жазбаларындағы тағы бiр назар аударарлық тұсы, 1734 жылдың 10 ақпанында Әбiлқайыр ханның ұлы Ералы Петерборда патша сарайында салтанатты түрде патшайымның қабылдауында болып, сұлтан және қазақ елшiлiгiнiң мүшелерi екiншi рет Ресейге адал болуға ант берген. Ал Тевкелев болса, сәттi де нәтижелi орындаған елшiлiк қызметi үшiн полковник шенiн иеленген. Елшi өзi үшiн атқарған еңбегiне сай шен мен атақ алса, империя үшiн мазмұны отарлау саясатын жүргiзуге аса қажеттi жазбалар дайындады.

Тәуелсiздiкке қол жеткiзгеннен кейiнгi кезеңде отандық тарих ғылымында Қазақстанның Ресей империясы құрамына енуiн негiзiнен тарихи оқиғалар мен үдерiстер ауқымында зерттеу құбылысы ғылымнан көрiнiс тапты. Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауы объективтi, шынайы түрде, тарихи оқиғалардың сабақтастығы тұрғысында талданды. Тарихшылар қазақ хандарының Ресей патшайымына жасаған өтiнiшiнiң себептерiн, бодандықты қабылдау процессiн, оның салдарларын жаңа зерттеу методологиясы негiзiнде таразылады. Әйтсе де тарихшылар бiрыңғай ортақ пiкiрге келе алмады. Сондай түйiткiлдердiң бiрi - Әбiлхайыр ханның бодан болу жолындағы рөлi мен орны. ұлттық тұрғыда, тарихи деректер негiзiнде шынайы көрсетуге талпыныс жасалып келедi. Өкiнiшке орай, соңғы жылдары жалпы ұлттық, жалпы қазақтық iрi тарихи тұлғаларды мақтан етуден гөрi жергiлiктi рулық батырларды дәрiптеу белең алып барады. Мұның болашақта қазақ арасында рулық және жүздiк негiзде жiктелу бағытын жандандыруы ғажап емес. Сондықтан да ұлтты ұйымдастыратын, ұлттық сананы оятатын және отансүйгiштiктi өршiтетiн ... ортақ iрi тұлғаларды көтермелеуiмiз аса қажет»[8 – 4]. Бұрын ғылымда бiршама күдiк тудырып келген мәселелер қайта зерттелiп, зерделене бастады. Мәселенi тарихнамалық тұрғыда талдаған зерттеулер де дүниеге келдi /21/.

XIX ғасырдың 50-70-жылдарына патша өкiметi Оңтүстiк Қазақстанда өзiнiң әскери экспансиясын жүргiздi. Ресейдiң Оңтүстiк Қазақстанды жаулап алу жөнiндегi экспансиялық мақсаттары негiзiнен алғанда екi жолмен: бiрiншiден, қазақ даласына бiрқатар әскери барлау және жазалау экспедицияларын ұйымдастыру; екiншiден, дала арқылы өтетiн «стратегиялық жағынан тиiмдi жағдайда болған бекiнiстер шебiн» салу арқылы жүзеге асырылды [3.- 371]. Қазақтар қоқандықтарды да, орыстарды да қолдамады, сол үшiн де екi жақ тарпынан қатаң жазаланып отырды. Мұның өзi қазақтарды қоқан билеушiлерiне және орыс отарлауына қарсы көтерiлiстерге шығуға итермеледi.

XIX ғасырдың 60-жылдарының бас кезiнде қазақтар қалыптасқан ауыр жағдайда патша өкiметiнiң бодандығына өтуге мәжбүр болды. Мысалы, қоңырат тайпаларының кейбiр руларының және бестанбалы руының өкiлдерi Ресей империясының бодандығын қабылдады. Қоқан хандығы Шу алқабындағы қазақтар мен қырғыздарды Ресейге қарсы күресте өздерiмен



бірігуге шақырып, түрлі насихат жүргізді. Әйтсе де қоқандықтардың қазақ ауылдарына тонаушылық және шапқыншылық әрекеттері тоқтатылмады. Бұл жергілікті халықтың наразылығын тудырып, патша өкіметі жағына шығуды тездетті.

Ресейдің жалпы Оңтүстік Қазақстанға әскери экспансиясы, әсіресе Ақмешітті, Түркістанды, Әулиеатаны, Шымкентті және басқа да Қоқан бкіністерін қорғаушыларды талқандауы ерекше қатыгездікпен және әскери тұрғыдан ақтауға болмайтын әрекеттермен жүргізілгенін ерекше атап өту қажет.[3. -329] Дегенмен төңкеріске дейінгі орыс тарихнамасында патша өкіметінің Қазақстанның оңтүстігі мен Орталық Азиядағы экспансиялық саясаты «елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қорғаныс сипатындағы» әрекеттері ретінде көрсетілді. Ұлы жүздің Ресей империясының бодандығына өтуі «өз еркімен империя құрамына қосылуы» түрінде түсіндірілді. Кеңестік тарихнамада осындай пайымдаулар «анағұрлым аз ыза» тұжырымдамасының аясында Ұлы жүздің Ресей бодандығын қабылдауы «қазақтардың орыстармен жақындасуының салдары» ретінде саналды.

Қазақ даласының империя боданына айналуы әртүрлі кезеңдерде, саяси жүйелер жағдайында, қалыптасқан идеологиялар шеңберінде зерттеліп, ғылыми еңбектер жарияланды. Зерттеушілер өздерінің өмір сүрген қоғам талаптарына сәйкес ой түйіндеп, тұжырымдар жасады. Дегенмен де мәселенің әлі де болса зерттелуге тиіс тұстарының бар екендігі байқалады. Осы тұрғыда айтатын болсақ, жас зерттеуші-тарихшылар Кіші жүз ханы Әбілхайырдың Ресейге одақ болуға ұсыныс жасауының объективті себептері, ұстанған саясаты, бодандықты қабылдағаннан кейінгі билеушінің көзқарастарының өзгеруі соны деректер негізінде сараптаса әлі де болса ғылымда күмән тудыратын мәселелердің беті ашылған болар еді. Сонымен қатар XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының көршілес елдермен қарым-қатынастары, Қазақстанның одақ ел ретінде Ресейді тандап алуының себептері де айқындалуы тиіс. Отандық тарих ғылымы үшін патшалық Ресейдің Қазақстанға қатысты саясаты әлі де өз шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірінен саналады.

---

1. Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы, 1976. - 612 б.

2. Посланник Петра I на Востоке. Посольство Флорио Беневени в Персию и Бухару в 1718-1725 годах. - М., 1968. - 126 б.

3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. 3 т. - Алматы, 2002. - 158 б.

4. История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. III том. Журналы и служебные записки дипломата А.И. Тевкелева по истории и этнографии Казахстана (1731-1759 г.г). - Алматы, 2005.

5. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. - Оренбург, 1898. -С.21.

6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - СПб., 1832. - С. 104.

7. Мейер Л. *Киргизская степь Оренбургского ведомства*. - СПб., 1965; Жуковский С.В. *Сношения России с Бухарой и Хивой за последнее трехстолетие*. - Петроград, 1915; Терентьев М.А. *История завоевания Средней Азии*. - СПб., 1906.

8. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. *Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас*. - Алматы: Қазақ университеті, 2004.

## **КЕҢЕСТІК БИЛІКТЕГІ ЖАСТАР САЯСАТЫНА ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС**

**Б.Сайлан** - т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Қандай зерттеу жұмысы болмасын оның негізі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы ғана жүзеге асатыны анық. Тарих саласында осы әдістер мен тәсілдерді зерделейтін де, оны жүзеге асыратын да методология болып табылады. Методологиясыз зерттелмек болған мәселені қарастыру мүмкін емес.

Қазақстанның тәуелсіз ел болуы оның күрделі тарихи даму кезеңдеріндегі елеулі оқиғалар мен фактілерге жаңаша бағыт беру қажеттілігін туғызды. Әкімшіл-әміршіл жүйе жағдайында қалыптасқан тарих ғылымы көп жағдайда ақиқатты біржақты көрсетіп бұрмалап, ұшқыры пікірлерге құрылған теориялық қорытындылардың өмірге келуіне себепші болды [1, 9 б.].

Академик, тарихшы М.Қ. Қозыбаев “Қандай да бір ғылыми жұмыс жасаған кезде ең алдымен ғылыми жұмыста методологиялық бетбұрыс керек”, – деп келтіре отырып, ол үшін методологиялық принциптерді айқындап, әлемдік тарихшылар игерген түбегейлі қымбаттылықтарды игеру міндетін баса көрсеткен болатын [2, 360 б.]. Ғалым көрсеткендей, әлемдік тарихшылар тарихы, ғылыми объективтілік, диалектикалық принциптерді ұсынған еді.

Методология – бұл белгілі бір мәселені зерттеудің ғылыми әдістемесі. Деректанушы ғалым О.Мұхатова тарихнама саласын зерттеуге байланысты негізгі аспектілерін бөліп көрсеткенде тарихи еңбектердің деректанулық базасын, деректерді пайдаланудың сипатын, зерттеудің нақты әдістерін талдау қажеттігін ашып көрсетеді. Сонымен қатар тарихнамалық фактілерді талдаудың критерийлерін айқындап, тарихнамалық заңдылықтардың ұғымын ашуда біріншіден, қоғамдық ғылымдар саласындағы білімді дифференциациялау және интеграциялау процесінің заңдылықтарын зерттеу, екіншіден, тарихнамадағы философиялық категорияларды нақты айқындау, үшіншіден, тарихнаманың ғылыми критерийлерін анықтауды ұсынады [3, 37-38, 161 б.]. Ғалымның бұл міндеттер жаңа зерттеулерге тың серпіліс беріп, жаңа технологияларды ғылыми айналымға қосуда өз нәтижесін берері анық.

Еліміз тәуелсіздігін алғанға дейін кеңестік тарихшылар зерттеу жұмыстарында марксистік методологиялық бағытты кең қолданып, өздерінің

ұстанған бағытында қоғамдық құбылыстар мен үрдістерді үстірт қарастырды. Бұл концепция тарихи дамудың барлық сатысын формациялық тұрғыда қарап, оған методологиялық және дүниетанымдық маңыз бере жеке дара дәріптеуге алып келді. Мәселені зерттеу маркстік-лениндік методология шеңберінде қарастыруда маркстік-лениндік тарихилық, объективтілік, партиялық принциптері кеңінен қолданылып, осы принциптер негізінде талдаулар жасалды. Партиялық принципке сүйенген қазақстандық ғалымдар кеңес дәуірі тұсындағы Қазақстандағы жастар саясатының сыр-қырын ашып көрсеткенмен, үкімет пен партияның айқын бейнесін шынайы түрде ашып бере алмады. Әкімшіл-әміршіл жүйенің қыспағы, елдегі ауыр жағдай мен оны тудырған жайттер жабулы күйінде қалды. Мұндай зерттеу тәсілі ғылымда коммунистік идеологияның ықпалынан туындап, большевиктік билік саясатын, Ленин өсиетін, коммунистік партияның сара жолдарын, коммунистік жеңісті насихаттауды ғана мақсат тұтқандығын көрсетіп тұрды. Зерттеушілердің социализмнің салтанатын ғана дәріптеуі әрине үкімет идеологиясынан туындағаны сөзсіз. Сөйтіп, жастар саясаты тарихын талдауға алған тарихшылар кеңестік билік мүддесіне сәйкес қана тұжырымдар жасауға, сол жүйені дәріптеуге мәжбүр болды. Бұл біріншіден, партияның үстемдігін білдірсе, екіншіден, кеңестік жүйе тұсындағы жастар саясатының айқын түрде ашылмағандығын дәлелдейді.

Тек 1990-жылдардың басынан бастап қоғамдық мүмкіндіктерге сай тарих ғылымын зерттеу методологиясы жаңаша бағыт алды. Кеңестік жүйе кезеңіндегі қазақ жастары саясатының тарихын бұрынғы марксистік методологиялық бағыттан бас тарта, ұлттық тарих ғылымын әлемдік алдыңғы қатарлы методологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып зерттеудің маңызы зор. Ол үшін танымдық білімді игергеніміз жөн. Ғылыми таным жолын көрсететін ұстанымдар мен тұжырымдамаларды, теорияларды саралай отырып, алға қойған проблемаларды, атап айтқанда Қазақстан жастары саясатының жүзеге асырылу тарихын қарастыруда қазіргі әдіс-тәсілдерді негіздеуді қолға алған жөн. Әдістің мән-мағынасын тану және оны қолданысқа дайындау үшін ондағы объективті мен субъективті қарым-қатынасын дұрыс есептеу өте маңызды болып табылады.

Қазақ жастары саясатын методологиялық зерттеудің басты түйінін, бағытын білу аса маңызды. Себебі, зерттелінетін жұмыстың қандай принциппен қарастырылатындығын анықтап, осыған орай қажетті әдістерді қолдану қажет.

Жастар саясаты тарихы тақырыбының күрделілігі және оның құрылымындағы мәселелердің түрлілігі бұл мәселенің Қазақстан тарихнамасындағы рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Себебі 1917-1991 жылдардағы Кеңес өкіметі тұсында жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылу тарихы мен оның тағылымы кешенді түрде бүгінгі методологиялық талдауға сай зерттелініп, ғылыми бағасын алған жоқ.

Жалпы мемлекет тағдыры мен ондағы жастар тағдыры ажырамастай бірлікте. Олардың өзара әрекеттесуіне олардың бүгінгі мен болашағы

байланысты болады. Жастарға қатысты ойластырылған саясат пен оның тіршілік әрекетіне қолдау көрсету аясында батыл әрекеттер жасау арқылы ғана өскелең ұрпақтың сеніміне ие болу мүмкін болмақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жастар жөнінде: “Біз Евразия кеңістігінде ғылыми-инновациялық саланың көшбасшысы болуымыз қажет. Бүгінде Қазақстан әлемге ашық. Сондықтан жастар экономика, ғылым мен мәдениет секілді әр алуан салаларда өз бағын сынауға бар мүмкіндіктер жасалған”, – деп көрсетуі осыған дәлел [4].

Әрбір елдің, тұтас алғанда бүкіл әлемдік қауымдастықтың болашағы жастармен тікелей байланысты. Ресейлік ғалым, жастар институтының ректоры, профессор И.М.Ильинскийдің пікірінше, “Жастар мен қоғам үнемі ауысып отыратын өзара байланыста. Бүгінгі жастар өмірлік тәжірибе жинақтай отырып ертеңгі күні белсенді жасампаз күшке айналады, сөйтіп өзінің өмірлік даналығын жаңа ұрпақтарға береді. Сондықтан да болашақтағы ересектер – бүгінгі жастар әрбір қоғамның ең бағалы құндылығы болып табылады. Әрбір өміршең дамушы қоғам үшін барлық ұрпақтардың үзілмейтін байланысы, өзара түсіністігі мен өзара әрекеттестігі ерекше маңызыды. Қоғам тұрақтылығы мен бүгінгі ұрпақтардың болашақ алдындағы жауапкершілігінің кепілі де осы”, –деп бағалауы біріншіден, жастардың қоғам дамуының ажырамас бөлігі екенін дәлелдесе, екіншіден қоғам ауысқанымен жастардың ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда үлкен рөлге ие екендігін аңғартады [5, 11 б.].

1920-30 жылдары Қазақстан жастары елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне етене араласып, 1921-1922 жж. ашаршылық, жаңа экономикалық саясат, жер-су реформаларының жүргізілуі, сауатсыздықты жою, халық ағарту саласын көтеру, индустрияландыру, ірі байларды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, колхоздастыру, 1931-1933 жж. ашаршылық тұсында, “ұлтшылдық” пен “жікшілдікке”, “халық жауларына” қарсы күресте өздерін алдыңғы қатардан көрсете білсе, ал Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру тұсында, тың мен тыңайған жерді игеру және мал шаруашылығын көтеруде, Ауған соғысы тұсында, сондай-ақ 1986 жылғы желтоқсандағы қозғалыстың негізгі күші болды. Кеңестер Одағының ыдырап, оның құрамындағы республикалардың өз тәуелсіздігінің жариялауы жастар қозғалысына жаңа нышан туғызды.

Кеңестік жүйе тұсындағы жастар ісін жаңаша методологиялық әдіс-тәсілдермен қарастырудың және кеңестік тарих ғылымындағы ұстанымның астарын Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев “Тарих толқынында” атты еңбегінде: “Отаршылдық пен кеңестік деп аталатын кезеңдегі қазақ ұлтының тіршілігіне қатысты мәселелер де түбегейлі қайта танып-түсінуді қажет етеді. Мәселенің мәні, тек патшалық Ресей ғана халықтардың түрмесі болып қойған жоқ еді, сонымен бірге КСРО-ның да жұмақ болып жарытқаны шамалы”, деп негіздеп көрсетуі, Қазақстандағы жастар саясатының өктемшіл, орталықтандырылған қызыл империялық жүйенің шырмауына маталғанын анық аңғартады [6, 14-15 бб.].

Міне, осы себептен зерттеу барысында, кеңестік жүйе кезіндегі маркстік-лениндік тұрғыда қарастырылып келген методологиялық бағыттан бас тартып, плюралистік қағидаға сүйене отырып мәселені қарастыру, зерттеу жұмысымызды шынайы шындыққа жеткізеді деуге болады.

Бүгінгі таңда жастар саясатының тарихының алдында күрделі методологиялық міндеттер тұр. Біріншіден, отандық тарих ғылымы кеңестік кезеңдегі тарихи-мәдени дамуды вульгарлық-социологизм және маркстік-лениндік дайын саяси кестеге салып көрсететін методологиядан бас тартып, зерттеудің жаңа методологиясын қалыптастыру арқылы, осы жаңа методологияға негізделген зерттеу жұмыстарын тың тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы жастар саясаты тарихының танымдық шеңберін арттыруы қажет. Екіншіден, осы зерттеу жұмысының жаңа концепциясын жасап, оның табиғи-имманенттік даму жолын көрсету керек. Бұл біз қарастырып отырған кезеңдегі саяси, экономикалық, мәдени мәселелерге қатысты көзқарастардың даму заңдылықтарын дұрыс түсінуге мүмкіндік туғызады.

Жастар саясатының теориялық мәселелерін зерттеуге ұмтылыс кеңестік кезеңнің қоғамдық ғылымдарда өткен ғасырдың 30-40-жылдары басталды. Бұл ретте Л.Борзов, М.Қайыпназаров, И.Шелекмановтың, С.Нұрпейісов және И.Спиридоновтың еңбектерін атауымызға болады. Ал арнайы ғылыми зерттеулер 50-жылдары қолға алынып, ғылымның негізгі салаларының біріне айналды. Жастар мәселесінде ашық та айқын түрде толымды тұжырымдар айтқан ұлт зиялылары да болды. Ақты ақ, қараны қара ретінде көрсетпек болған олардың көзқарастары сынға ұшырап, социалистік жүйе жемісін көре алмаушылар ретінде кейіннен жазаланғаны да белгілі.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін тарихшылар жаңа принциптер мен әдістік көзқарастарды қалыптастыруға, ойлау әдістерін жасауға, тарихи үрдісті оның өзі қандай болса сол күйінде өзара байланысты, тұтастықпен ұласқан, диалектикалық даму қалпында көруге талпынуда. Уақыт өткен сайын отандық және кеңестік тарих ғылымында өркениеттілік ұстаным перспективті ұстаным ретінде орнығуда. Өркениеттілік ұстаным таптық ұстанымды алмастыратын, қоғамдағы материалдық, рухани, мәдени құндылықтарымызды нақты түрде саралауға жол ашатын бағыт болып табылады.

Қазақ қоғамындағы билік пен мемлекеттік саясат, оның идеологиясын танып білу тоталитарлық жүйенің қайнар көздерін анықтауға мүмкіндік берді. Нысанға алынған оқиға немесе тақырыпқа қатысты дерек ретінде қолданылатын деректердің дұрыстығына қол жеткізу үшін оларға шынайылық көзбен қарау, оның анықтығына көз жеткізген абзал. Әрине, әкімшіл-әміршіл кеңестік жүйе идеологиясы асыра сілтеу немесе жалған фактілерге жүгіну сияқты орынсыздықтарға бой бергені рас. Мәселенің тарихи астарларын терең түсіну мақсатында кеңестік билік басында болған В.Ленин, И.Сталин, Н.Хрущев, Л.Брежнев және М.Горбачевтың жастар мәселесіне қатысты жазған еңбектері мен баяндамаларына талдау жасау

кажет. Өйткені, В.Ленин мен И. Сталиннің жастар саясатына ұстанған бағыттары, олардың жастарға жүктеген міндеттері, Н.Хрущевтің комсомолды жаппай тыңға, ал Л. Брежневтің жастарды жаппай қой шаруашылығына тартуы сияқты ұстанымдарының бәрі бір-бірімен байланысты болды.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні, кеңестік жүйе кезіндегі маркстік-лениндік ілімнің шеңберінде әрекет ететін методологиядан бас тартқан кезде, жастар саясаты тарихы мен оның тағылымын зерттеуде өркениеттік және отандық көзқарас тұрғысында қалыптасқан теория мен методологияның рөлінің артары хақ. Сондықтанда, кеңес өкіметінің Қазақстандағы жастар саясатының жүзеге асырылуы тарихын зерттеуде ғылыми талаптарға сай қолданылатын талдау мен жүйелеу, салыстыру және қорыту, сипаттап баяндау әдістері арқылы жүзеге асырылатын методологиялық бағыт пен тарихи принциптер нәтижесі негізінде жүйелі тұжырымдар жасауға болады деп сенеміз.

---

1. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

2. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-словарь, 2001. – 369 б.

3. Мұхатова О. Тарихнама ғылымының методологиялық ұстанымдары. Оқу құралы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 189 б.

4. Назарбаев Н.Ә. Елбасы және жастар саясаты // Президент және халық. – 2009. – №41/42. – 23 қазан.

5. Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 296 с.

6. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

## **ТҮРКИЯ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ\***

**А.Б. Калыш** - т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

**М.Ш. Эгамбердиев**- т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін білім мен ғылым саласында жаһандық кеңестікті пайдалану мәселесі өзектігін арттырғаны баршаға аян. XX ғ. 90-шы жылдардың екінші жартысынан бастап тарих ғылымы саласы мен интернет желісінің байланыстары жаңа кезеңге бет бұрып, жаһандық желіде жаңа қырынан танылатын түрлі мақалалар, оқу құралдары, монографиялар және тың тарихи деректер жариялана бастады. Интернет желіде жоғарғы оқу орындардың, ғылыми мекемелердің, министрліктердің және жеке тұлғалардың жеке сайттары ашылып, қажетті мәлімет алуға ыңғайлы жағдай туғызды.

Бүгінде Отандық тарих ғылымы саласында зерттеуді қажет ететін мәселелердің саны көп екендігін тарихшылар ұғынып келеді. Олардың

катарында көне түркілік кезеңі, ортағасырлық ғұламалардың мұрасы, аймақтық мәселелер, этникалық және мәдениетаралық байланыстар, ХІХ ғ. екінші жартысын қамтитын үдерістер т.б. көптеген тарихи қырларын атауға болады. Дегенмен, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында интернет-желіден алынған мәліметтер қаншалықты шынайы және оларды ғылыми жұмыстарда пайдалану мәселесі тарихи құндылыққа әсерін тигізеді деген қауіп орын алып келеді [1]. Әрине, интернет ресурстарын пайдалану барысында аса үлкен мәселелердің бірі - олардың түрлілігі болып саналады. Сондықтан, тиісті ақпаратты алу үшін бірінші кезекте интернет ресурстарын сыныптау қажеттілігі бірінші кезекте келеді. Атап айтқанда, авторлық сайттар (жеке зерттеушелердің, БАҚ-дың, ақпарат агенттіктердің, саяси партиялардың, түрлі ұйымдардың сайттары) және дайын ғылыми жұмыстар жарияланатын сайттар (электронды оқулықтар, ғылыми журналдардың интернет үлгілері т.б.).

Бұл мақалада Түркия Республикасы мұрағаттары мысалында интернет мәліметтерді дәйекті пайдалану мақсаты қойылғандықтан, біз мәселені екіге бөліп қарастыруды жөн көрдік:

1. Тарихи деректерге қол жеткізу және олардың шынайылығын анықтау;
2. Тарихнама (зерттеп отырған мәселеге байланысты ғылыми жұмыстарға қол жеткізу, авторлардың пайдаланылған әдебиет тізімін сараптау, тиісті ақпарат жинақтау).

Қазақстан тарихының ортағасырлық және жаңа заман тарихына қажетті деректер Түркия Республикасының Мемлекеттік мұрағатында кездеседі. Мұрағаттың жеке <http://www.devletarsivleri.gov.tr> деп аталатын интернет сайты жеті сапқа бөлінген. Бірінші сапта сайттың жол сілтемесі көрсетілген, ол өзара «ұйымдардың мәліметтері», «зерттеу қызметтері», «ұйымдық қызметтер», «линктер және мұрағаттар», «жарияланған еңбектер» және Түркияда бүгінгі таңда өзекті болып табылатын «Армяндық мәселелер» атты бөлімдерге бөлінген. Аталған кезең бойынша зерттеу жұмысын жүргізіп жатқан ізденуші бірінші кезекте сайтқа тіркеліп, каталогтар қызметіне жүгінуі қажет. Тақырыбына қажетті деректерге қол жеткізген соң, мұрағат әкімшілігіне тапсырыс бергені абзал. Әрине, желіаралық тапсырыс берілген мұрағаттың қызметі қаржы талап етеді. Әрбір деректің белгіленген бағасы бар. Мұрағат сайтында көрсетілген банктік реквезиттер бойынша төлем ақы төленген соң, пошта немесе интернет желі арқылы PDF форматында тиісті деректер зерттеушінің қолына жеткізіледі.

Қазіргі кезеңде кез келген ғылыми зерттеу орталығы немесе жоғарғы оқу орны әлемдік кеңістікте өз орнын табу үшін, өзінің бағытын өзгертіп, шетелдік әріптестерімен тығыз байланыстар орнатуды көздейді. Сондықтан, аталған мұрағаттың интернет сайтында Түркия Республикасының жалпы мұрағаттары туралы ақпараттармен қатар шетелдік мұрағаттардың интернет сайттары көрсетілген. Мәселен, «линктер және мұрағаттар» бөлімінде АҚШ-тың, Латын Америкасы, Еуропа, Африка және Азия елдері мұрағаттарының

линктері молынан кездеседі. Бұл мұрағаттың өзіндік әлемдік интеграциясының кеңістігінің ауқымдылығын көрсетеді.

Қазақстан тарихының жаңа заман кезеңіне қажетті мұрағат деректерді Түркияда ашылған Түркия мұрағаттанушылар ассоциациясы (ТМА) (<http://www.arsivder.org.tr>) және Түркия Республикасының кітапханашылар ассоциациясының (ТРКА) (<http://www.kutuphaneci.org.tr>) жеке интернет сайттарынан табуға болады. Бұл сайттар ізденушінің жол сілтушісі қызметін атқара отырып, интернет желіні тиімді пайдалануға машықтандырады.

Интернет ресурстары ізденушінің таңдаған тақырыбы бойынша жұмысының зерттелу деңгейін анықтауға мұрындық болатыны сөзсіз. Себебі, бүгінгі таңда интернет желіде статистикалық мәліметтер (экономикалық, демографиялық, әлеуметтік сауалнама, сайлау қорытындылары және т.б.), заңнамалық, нормативтік, периодикалық және т.б. мәліметтер молынан кездеседі [2].

Қазіргі таңда Түркияның Қазақстандағы қызығушылығы мен инвестициялары жөнінде, Түркі әлемінің интеграциясы және осы бағыттағы зерттеу жұмыстары бойынша ТМА-ның жеке сайты бірқатар ақпараттық қызметтерін ұсынады. Бұл интернет сайты өзара бес бөлімге бөлінеді және жыл сайын түркі әлемінің мәселелері бойынша халықаралық ғылыми зерттеу жобаларын қаржыландырады. Сайттың бет пердесінде қаржыландырылатын ғылыми зерттеу жобалардың бағыттары туралы ақпараттармен қатар ассоциациясының жыл сайын жария еткен деректер топтамасын ұсынады. Ассоциацияның ақпараттық деректер топтамасы жыл өткен сайын кеңейіп келеді. 2003 жылдың ақпан айының көрсеткіштері бойынша сайттың ақпараттық жүйесі 700 000 дейін деректер мен 30 000 дейін статистикалық кестелер топтамасын құрастырса, бүгінде оның қоры 15 Гбайттан асып, күніге 1,5 МГбайтқа дейін жаңарып тұрады [3].

Деректер топтамасының басым қорын комерциялық сайттар құрастырады. Мәселен, Интегрум-Техно атты интернет агенттік бір жақтан электоронды кітапхана, екінші жақтан информагенттіктің қызметін ұсынады. INTEGRUM.COMTM агенттігі мұрағаттық деректермен қоса ақылы ақпараттық қызметтің 11 бағытын ұсынады. Олардың арасында кітапхана каталогтары, тақырыптық (бизнестің қауіпсіздігі, ресми агенттіктердің ақпараты, қаржы және биржа жаңалықтары, министрліктердің ережелері мен нұсқаулары және т.б.) сайттар маңызды болып саналады.

Түркия Республикасының интернет сайттары арасында тарихи деректер мен ғылыми жұмыстардың нәтижелері жоғарғы оқу орындардың сайттарында жиі-жиі жарияланып тұрады. Түркияның жетекші университеттің саптарын алып отыратын Мармара (<http://marmara.edu.tr>), Стамбул (<http://www.istanbul.edu.tr>) Хажеттепе (<http://www.hacettepe.edu.tr>), Анкара (<http://ankara.edu.tr>), Ататүрік (<http://www.atauni.edu.tr>), Гази (<http://www.gazi.edu.tr>) т.б. университеттердің сайттарында бірқатар ақпарат алуға болады.



Қазақстан Республикасы білім мен ғылым саласын халықаралық кеңістікке жетелеу мақсатында үш сатылы білім беру жүйесіне көшкені баршаға аян. 2011 жылдан бастап ғылыми атақтарды алу ережесі өзгеріп, бүгінгі таңда ғылыми жұмыстардың қорытындыларын жоғарғы импакт-факторлы журналдарға жариялау талабы қойылды. Осыған байланысты Томсон Рейтор (<http://www.scimagojr.com/journalsearch.php>) және Скопус (<http://www.scopus.com/home.url>) агенттіктеріне кіретін журналдарды анықтаудың жеке интернет желістері бар. Аталған интернет желілеріне импакт-факторлы журналдар тізіміне енген түркиялық журналдардың ішінде Гази, Хажеттепе, Стамбул және Анталья университеттердің журналдары кіреді. Импакт-факторлы журналдардың тізіміне кіретін Түркиялық журналды анықтау үшін төменде көрсетілген сайт бойынша сурау жасаған жөн:

*№1. Импакт-факторлы журналдарды анықтайтын интернет сайты.*



<http://www.scimagojr.com/journalsearch.php>

Импакт факторлы баспалардың тізіміне кіретін журналды анықтағаннан кейін, сол журналдың жеке сайтына кіріп, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарды анықтаған жөн. Мәселен, Түркиялық журналдардың ішінде таралу индексі жоғары болып табылатын «Билиг» (Bilig) журналын ерекше атауға болады. Оның жеке сайты <http://www.yayinlar.yesevi.edu.tr> болып табылады. Журнал гумманитарлық сала және бүгінде түркі әлеміндегі өзекті мәселелерге арналған мақалаларды қабылдайды. Мақалаларды рәсімдеу бойынша журналдың қойған өзіндік талаптары бар. Бірінші кезекте, ғылыми жұмыс дербес орындалған және көлемі жағынан 1 баспа табақты құрайтын немесе 15-16 беттен кем болмауы тиіс. Мақала – кіріспе, негізгі бөлім (негізгі бөлім өзара мәселелерді құрастыратын 3 және одан көп бір-бірін үндестіретін тақырыпшалар), қорытынды және пайдаланылған әдебиет тізімінен тұруы қажет.



Ғылыми жұмыстың резюмесі түрік, ағылшын және орыс тілдерінде дайындалып, ауқымды және мақаланың негізгі мазмұнын нақты ашатын ғылыми негізделген сараптамалық ақпараттан тұрғаны жөн. Оның ішінде, тақырыптың бүгінгі таңдағы сұранысқа сай болуы, қысқаша ғылыми өзектілігі және зерделеудің әдістері болғаны абзал.

Кіріспе – нақтыланған үш және одан көп қойылған мәселелерді қамтып, бүгінгі таңдағы заманауи әдістер негізінде әзірлену қажет.

Негізгі бөлім, кіріспеде қойылған мәселелерді ғылыми негізде дәйектей отырып, бір-бірін толықтыра түсетін бөлімдерді толыққанды дайындаған жөн.

Ғылыми жұмыстың ішіндегі сілтемелер халықаралық деңгейге сай жасалғаны абзал. Себебі халықаралық индекстің тізіміне енген ғылыми басылымдар сілтемеге үлкен мән береді. Сондықтан мазмұнның ішінде берілген сілтемелер, бірінші автордың аты-жөнін көрсетіп, оның еңбегінің шыққан жылы мен бетін көрсету міндетті болып табылады. Мәселен, (Körülü 1932: 120) деген сілтеме ғылыми жұмыстың ішінде екі немесе одан көп жерде пайдаланылған жағдайда, келесі сілтемеде тек еңбекті жылы мен пайдаланылған беті ғана көрсетіледі (1932: 10). Жалпы алғанда пайдаланылған әдебиет тізімі төмендегідей безендіріледі:

- ◎ Cunbur, Müjgân (1987), “Atatürk ve Milli Birlik”, *Erdem*, C.3, S. 7, s. 1-11.
- ◎ Ergin, Muharrem (1991), *Dede Korkut Kitabı* II, 2. bs. Ankara: TDK Yay.
- ◎ Yılmaz Öztuna (2000), *Türk Müsîkîsi Kavram ve Terimleri Ansiklopedisi*, Ankara: AKM Yay.
- ◎ При наличии четырех и более авторов:
- ◎ Deny, Jean vd. (1959), *Philologiae Turcicae Fundamenta I*, Wiesbaden: Steiner Verlag.

Бүгінгі таңда жоғарғы индесте сұрыпталатын ғылыми басылымдардың базаға енетіндігі турасында хабарландырулар Түркияның жоғарғы оқу орындарының жеке сайттарында және [www.kongrehaber.edu.tr](http://www.kongrehaber.edu.tr) сайтында беріледі. Түркия қазіргі кезде *Excellence in Research for Australia* (ERA), ProQuest, Google Scholar, Scopus, Thomson Reuters, WorldCat, EBSCO, GALE, and Engineering Index (EI) агенттіктерінде таралатын материалдарды жариялап, осы бағытта түрлі салалар бойынша конгрес, симпозиум, халықаралық конференциялар ұйымдастыруды қолға алған. Қорыта келгенде

Түркияның интернет ресурстары арқылы бірқатар мәліметтер мен деректерге қол жеткізуге болады.

---

1. *Круглый стол» по проблеме «Историк, источник, интернет».* М., 2000; Владимирова В.Н. Интернет для историка: и все-таки новая парадигма! // *Круг идей: историческая информатика в информационном обществе.* М., 2001. С. 279 - 290.

2. *Каталог научных социологических ресурсов* (<http://www.cityline.ru>).

3. <http://www.arsivder.org.tr/default.asp>

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

**Ф.А. Қозыбақова** - т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев Қазақстан тарихын оқып үйренудің қажеттілігі туралы: «Бұл-тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» - деген төңіректе ойлансын деген еді. Бұл – әрбір азамат туған елінің, туған халқына деген тарихи сезімін оятып, ешкімнен кем еместігін түсіну деген сөз. Яғни әрбір алаш баласы, тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» - деген сөздерінен тарих ғылымының маңызын көре аламыз. Ендеше болашақ маманның бойынан патриоттық сезім мен саяси сана, дүниетаным қалыптастыруда тарих пәні басты роль атқарады. Сондықтанда білім беруді жетілдіру жөнінде маңызды реформалар, жаңа технологиялар мен ғажап идеялар пайда болуда. Оқыту технологиясын жетілдіру, білім беру мекемелерін ақпараттандыру, білім алушылардың қызығушылығын, студенттің шығармашылық қабілетін арттыру, өздігінен оқу дағдысын жетілдіру сияқты жаңа педагогикалық технологияға негізделген сабақтың дәстүрлі емес типтері, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, проблемалы оқыту, интерактивті оқыту, интеграция, модульдік оқыту жеке тұлғаны біліммен, біліктілікпен қаруландырудың түрлі құралдары енгізілуде.

Жаһандану заманында қоғамның идеялық бірлікте болуы үшін қазіргі ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы және өзара байланысы өте қажет. Осы тұрғыдан қарағанда оқу үрдісінде де пәнаралақ байланысты жүзеге асыру педагогика ғылымындағы ешқашан ескірмейтін маңызды әдіс-тәсілдердің бірі. Пәнаралық байланыс - көптеген жылдар бойы педагогикада, философиялық, психологиялық, дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан қарастырылып келген күрделі мәселе. Қазақстан тарихын оқытуда пән аралық байланысты жүзеге асыру - білім сапасын арттырудағы негізгі әдіс-

тәсілдердің бірі. Әсіресе, Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиетін байланыстыра оқыту, білім сапасын арттыруда маңызы өте зор.

Қазақстан тарихы – қазақ халқының басынан өткізген жағдайын, тарихи тәжірибиесін баяндайды, тарихи білімді адам ғана өзі өмір сүрген қоғамдағы орынын, атқаратын қызметін дұрыс ажырата алады. Жоғары оқу орындарында оқытылатын гуманитарлық пәндердің ішінде аса маңызды білім сапасы тарих пен әдебиеттің байланысының негізі кең. Екі пән де қоғамның дамуы, ондағы адамдардың ара қатынасын, атқаратын қызметін, психологиясының ролі туралы болғандықтан компоненттері де ортақ. Екі пән де қоғамдық өмірдің заңдылықтарын таныстырады, әрбір қоғамдық құбылыстарды, фактілерді, оқиғаларды дұрыс бағалауға, тануға тәрбиелейді.

«Әдебиет- өмір айнасы», - болса, өмір деп отырғанмыз- тарих. Зер салып қарасақ, қазақ қоғамының тарихи дамуының барысындағы үлкенді-кішілі оқиғалардың көркем әдебиетте суреттелмегені, жырланбағаны жоқтың қасы. Ғылымда әдебиет тарихы және әдебиеттің тарихилығы деген ұғымдар бар. Әдебиеттің тарихилығы дегеніміз, тікелей тарих ғылымымен байланысты. Себебі, әдеби шығарма, тарихи әлеуметтік ортамен, белгілі бір халықтың мәдениет тарихымен, салт- дәстүрі мен сенім - нанымдары, ұлттық мінезімен, ойлау ерекшеліктері мен аңсаған армандары тамырлас болып келетін құбылыс. Әдебиетте тарихтың қайталанбас келбеті және өзіндік қасиеттері, тереңдік толқыны, көркемдік тұрғыдан бейнеленіп берілген жағдайда оқырманға берер танымдық мәні арта түседі. Яғни Қазақстан тарихын оқытуда көркем –шығарманы пайдаланудың маңызын арттыра түседі.

Қазақстан тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану әдісі студенттің тарихи фактіні ойында ұзақ сақтауына әсер етеді. Өйткені, тарих қоғамдағы тап тартысын нақты деректермен дәлелдесе, көркем шығарма сол фактілерді бейнелі кескінмен елестетеді.

Әдебиет- сөзбен сурет салу болса, ендеше, тарихи деректі студент жәй өтіп кеткен іс, оқиға, факті ретінде емес, адам тағдыры, оның басынан кешкен сан-қилы оқиғалар ретінде түсініп, оған тарихи мән берсе, студенттің шығармашылық тұрғыдан ойлануына және патриоттық сезімін оятуға тигізер әсері мол деп есептеймін. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы жұмысшылардың ауыр тұрмысын Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романынан үзінді келтіруге болады. Әсіресе ондағы, Оралдан азып-тозып, Қарғандыға қашып келген жұмысшылардың мүшкіл хәлін, өндірістегі қазақ жұмысшыларының ауыр тұрмысын суреттеген тұстары студент жадында мәңгі сақталады.

Тарих сабағында көркем әдебиетті пайдалану студенттің өз бетінше іздену мен еңбектене білуіне де үйретеді. Мысалы, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының жағдайын көрсету үшін, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» триологиясы халықтың тарихын таңба басқандай өрнектеген тарихи туынды. Ал, Абылай ханның XVIII ғасырда мемлекет басшысы, қолбасшы және дипломат болғаны және Абылайдың

қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтау жолындағы ішкі және сыртқы саясаттағы қызметі туралы түсіндіргенде, Абылай бейнесін Бұқар жырау мен Үмбетей жыраудың толғаулары арқылы суреттесе, халқын сүйген ханның тарихтан мәңгі өшпес орын алғанын көреміз. Олай болса, студентке Абылай дәуірін, оның тұлғасын, сыртқы саясат саласындағы қайраткерлігін ғылыми тұрғыдан талдауына, саналықпен түсіне білуіне, оның дипломатиялық қызметі туралы өздігінен ізденулеріне бағыт-бағдар береді.

Үйлесімді, әрі ұтымды пайдаланылған көркем әдебиет жас маманның өз халқына, оның тарихи дәстүріне, Отанына деген патриоттық сезімін оятады.

Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы күрестің шиеленісуі туралы мәселелерді қарастырғанда, әсіресе Исатай мен Махамбеттің басшылығымен болған 1836-1847 жылға шаруалар көтерілісінің мәнін жеткізуде Махамбет жырларын және Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Т.Әлімқұловтың «Қара ой» атты шығармаларынан үзінді пайдалану студенттерге патриоттық әсер қалдыра отырып, ерлікке деген қызығушылық пен құрмет сезімін оятады.

Ал, 1916 жылғы көтерілісті өткенде, Торғай, Жетісудағы патша жарлығына қарсы көтерілістерді талдай отырып, көтеріліс басшыларына сипаттама жасағанда, студент Ұзақ, Жәмеңке, Бекболат, Тоқаш Бокин, Әбдіғаппар, Амангелді, Кейкі сияқты батырлар бейнесімен тарихшының пайымдауы арқылы танысады. Ал енді батырларды жазушы немесе ақын қалай сомдайды? мінезін қалай ашады? - деген сауал бойынша студенттер өз бетінше ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Сөйтіп, М. Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» романы, Омар Шипин, Күдері Жолдыбаевтардың «Амангелді батыр» жырлары, Ж.Жабаевтың «Зілді бұйрық», Иса Дәукебаевтың «Бекболат батыр» жырларымен, Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» повесі және «Қарт қожа» романымен, Сәкен Сейфулиннің «Тар жол тайғақ кешу» романымен таныса отырып, оларды өзара салыстыру арқылы өз батырларының бейнесін қиялында сомдайды. Бұл ізденіс пен үлкен еңбектің нәтижесінде келетін құбылыс. Яғни, студенттің тарихқа деген қызығушылығын, ұлтына деген патриоттық сезімін арттырады. Тарих сабағында көркем әдебиетті жүйелі түрде пайдаланса, болашақ маманның тарихи мәселені түсіндірудегі ойын тартымды, көңілге қонымды баяндауына қолайлы жағдай туғызады. Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы дәрісті оқытуда пән аралық байланыстың ерекше мәнін айта отырып, қазіргі таңда біздің мақсатымыз, ұлттық құндылықтарымызды насихаттайтын ұлтжанды жастарды тәрбиелеу.

- 
1. Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында*. Алматы: Атамұра, 2003.- 286б.
  2. *Қазақстан Республикасы 2015ж. дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Республика ұстаздары, 2004. 24қаңтар*
  3. Шолпанқұлова Г. *Педагогика ғылымында пәнаралық байланыс дамуының теориялық негізі // Ұлт тағылымы, 2005. №3, б.102-106*

4. К.Аманжолова. ҚазақССР тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану. Алматы: Мектеп, 1989. - 84б.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Алматы. К-1, 2001. - б. 230-234

## **КОМПЬЮТЕРЛІК КАРТАЛАРДЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕ ПАЙДАЛАНУ**

**Ф.М.Шамшиденова** - т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Тарих пәнінен компьютерлік карталарды жасау информатиканың тарих ғылымындағы жаңа бір қосымшасы болып табылады. Осыдан бірнеше жыл бұрын тарихшы өз зерттеу жұмысында компьютерде карта жасауы қиын іс болатын, өйткені жақсы техникалық жабдықтар, әдістер болған жоқ. Қазіргі кезде жағдай түбегейлі өзгерді. Компьютерде карталар жасауға қол жетті, ол өте күрделі әрі қымбат жұмыс. Ол үшін жоғары сапалы монитормен, өнімділігі жоғары компьютер, картографиялық ақпаратты шығаратын дигитайзер, картаны басып шығаратын жоғары класты лазерлі принтер қажет. Ал мұның бәріне біздің қоғамдағы адамдардың қолы жете бермейді. Дегенмен де осы саладағы тарихи информатиканың мақсаты мен міндеттерін түсіну, компьютерлік картография тарихи информатиканың «сұраныс себетін» қамтамасыз ететін әдістер мен технологияның жиынтығы жасалған талпыныс деп түсінеміз. Тарихи карталарды зерттеу және иллюстративті деп екіге бөлуге болады. Зерттеу картасы жаңа білімді жасау құралы болса, екіншісі қолда бар мәліметтерді түсіндіру әдісіне жатады.

Тақырыпқа сай «елді мекен» (населенный пункт) термині адамдардың жер телімі көлемінде қоныстануының алғашқы единицасы [1, с.296]. Елді мекеннің басты белгісі ол жерді тұрақты мекен ретінде қолдану болып табылады. Егер ол мерзіммен қолданылса, онда оны жылдан жылға қолдану шарты міндетті. Осы негізгі факторға сай елді мекен тұрғындардың географиялық категориясына жатады. Классикалық ұстаным тұрғысынан алсақ, тұрғындардың географиясы халықтың құрамын, қоныстануын зерттейтін экономикалық географияның саласы болып табылады.

Елді мекендерді жіктеу (шағын ауылдан бастап, миллиондаған халқы бар қалаға дейін) демографиялық статистикада қолданылады. Елді мекенде халықтың орналасу критерийі заң жүзінде анықталады. Жеке үйлер мен ұсақ елді мекендер жақын жерде орналасқан үлкендеу елді мекенге жазылады, өйткені олармен тығыз байланыста болады. Шетел әдебиетінде елді мекендердегі бірліктің критерийі 100-150 м аралықта жаппай салынған үйлер деп белгіленген. Елді мекеннің негізгі қызметі оны өмір сүру ортасы, территориясы ретінде пайдаландыру болып табылады [1, с.296].

Тарих ғылымының түрлі бағыттарының аясында зерттеушілер елді мекендердің пайда болу тарихы, жойылу себептерін анықтайды. Әдетте мұндай зерттеулерде хронологиялық немесе территориялық шеңбері

анықталады немесе елді мекеннің пайда болу тарихы ғана сипатталады [2, с.89]. Зерттеуші өлкетанушылардың еңбектеріне қарағанда Алтайдың картографиясы мен топонимикасына қатысты айтарлықтай зерттеу еңбектері бар [3, с.82]. Олардың көпшілігі қандай да бір аудан территориясындағы елді мекендердің тарихына арналған. Алтайдағы елді мекендер тарихы туралы этнографтар мен ауызша тарихты зерттеушілер (Т.К. Щеглова, Д.А. Дрожецкий) де жазған. Алайда олардың еңбектерінде хронологиялық шеңбері өте тар, немесе біраз ғана елді мекенді алған, кбінесе старожилдердің мәліметтеріне ғана сүйенгенін байқауға болады. Осындай зерттеулердің ішінен Ю.С. Булыгинаның еңбегінде Алтай өлкесіндегі жойылып кеткен елді мекендер мен әлі күнге дейін ел-жұрт өмір сүріп, пана қылып жатқан елді мекендер туралы жан-жақты сипаттаған [4]. Әр елді мекен географиялық объект болғандықтан картографиялық әдісті қолдану қажет екендігі айтпаса да түсінікті. Қазіргі компьютерлік технологиялар, әсіресе геоинформациялық технология елді мекендердің тарихын жүйелеуді, ГИС-технологияны пайдаланбай жабық ақпаратты шығару мүмкін емес екенін дәлелдеуде. Бірақ бұл технологияның қолданып жатқаны да шамалы. Олардың ішінде Н.В. Пиотух ArcView пакеті көмегімен геоинформациялық жүйелерді жасаған (XV ғ. Деревскідегі елді мекендер, Новоржевск уезіндегі село халқының қоныстану жүйесі). 2005 ж. Петрозаводск университеті Олонецк губерниясының территориясындағы елді мекендерді зерттеп, компакт дискіде XIX-XX ғғ. Осы губерния халқының жағдайы мен экономикасын сипаттап, тарихи статистика мәліметтері бойынша анықтама жасаған.

Елді мекендер бойынша геоинформациялық жүйені жасаудағы маңызды міндеттің бірі негізгі картаға жойылып кеткен елді мекендерді енгізу болып табылады. Елді мекендердің деректік негізіне талдау жасағанда олардың орналасқан территориясын тауып, құрылған немесе жойылған жылын анықтауға болады. Мұндай зерттеуде картографиялық зерттеулер көп септігін тигізеді. Карталарға жасалатын деректік сын тарих, география, картография ғылымдарында қолданылатын әдістер мен технологияларды пайдалануға негізделген. Революцияға дейінгі картографияның бұрынғы дәстүрі болды, алайда бұл карталар XIX ғ. 50-жж. және 1915-1916 жж. топографиялық карталарға негізделді. Жаппай миграциялық үдерістер, өлкенің ішінде қайта орналастыру елді мекендердің желісін қайта құрды. Бұл үдерісті тек карта бойынша көрсету күрделі әрі ол қосымша материалдарды қажет етеді, атап айтқанда, жергілікті поселкелер мен арендалық телімдерді, табиғи ландшафтысымен бірге елді мекендер тізімін. Жалпы қандай да бір елді мекеннің орналасуын кеңістікте көрсету бойынша жүргізілетін деректік жұмыста картографиялық та, мәтіндік те деректермен жұмыс істеуді талап етеді.

Сібір тарихы бойынша мұндай жұмыстарда «Списки населенных мест Сибирского края...» дерегін пайдалануға болады. Онда елді мекендердің түрлі объектілерімен қоса таяу жерде орналасқан гидрообъектілер де бар.

Сонымен қатар РҒА Сібір бөлімшесінің су және экологиялық мәселелер институты жасаған Алтай ілкесінің цифрленген картасын да пайдалануға болады. Бұл картада ГИС үшін мына қабаттар пайдаланылады: 1) towns\_region – елді мекендер; 2) river\_1\_region – негізгі өзендер (Обь, Чумыш, Чарыш, Бия); 3) lake\_region – көлдер; 4) river\_polyline – шағын өзендер; 5) regions – әкімшілік аудандар.

Кеңес дәуіріндегі халықтың орналасуын көрсететін шолу карталар қалалық мекендерді белгілермен, ал село халқының тығыздығын әкімшілік единица немесе қоныстану ареалы бойынша картограмма әдісімен құрастырған. Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып халықтың орналасуын нүктелік картамен жасау бағытына сүйену керек.

Жалпы осындай әдістер мен тәжірибелер негізінде бізде де әр елді мекеннің этникалық орналасу ерекшелігін постмиграциялық қауымдастықтың қалыптасу салдары ретінде қарастыратын және ол жердің әлеуметтік құрамын, еңбек ресурсын және оны қолдану жолдарын көрсететін карталар жасау қажет.

---

1. БСЭ. – М., 1975. – Т. 12.

2. Мазур Л.Н., Бродская Л.И. Информационно-справочная система «Села и города Среднего Урала в XX веке. // Информационный бюллетень Ассоциации «История и компьютер», N 29. - М., 2002. - С. 80-104.

3. Воробьева И.А., Малолетко А.М., Розен М.Ф. Историческая картография и топонимика Алтая. Томск. 1980.

4. Булыгин Ю.С. Первые русские поселения на Алтае // Алтайский сборник. Вып. XIV. Барнаул, 1991. С. 6-9; Он же Об изучении истории населенных пунктов Алтайского края // Палеодемография и миграционные процессы в Западной Сибири в древности и средневековье. Барнаул, 1994. С. 171-174.

## **ЗНАЧЕНИЕ ПРЕПОДАВАНИЯ «ИСТОРИЧЕСКОЙ ИНФОРМАТИКИ» В КОНТЕКСТЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**Г.Т. Жакупова** - к.и.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби

Информатизация образования в Казахстане – один из важнейших механизмов, затрагивающих все основные направления модернизации образовательной системы. Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев поставил перед нашей страной задачу вхождения в число 50-ти развитых стран. Именно система образования призвана обеспечить реальную конкурентоспособность Казахстана и роль информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в этом отношении невозможно переоценить. Как подчеркивалось в документах Саммита глав государств, «ИКТ играют решающую роль в деле удовлетворения образовательных потребностей... Доступные образовательные ресурсы – важный инструмент



создания более справедливой и эффективной глобальной информационной среды...»[1].

Интеграционные тенденции развития научного познания в середине XX века выразилось в проникновении методического, технического и технологического инструментария фундаментальных и прикладных науках в сферу образования и гуманитарных наук. Очевидным сегодня становится тот факт, что профессиональная подготовка специалистов в области исторической науки и исторического образования невозможна без освоения исторической информатики.

Статья призвана систематизировать сферы приложения современных информационных технологий к историческим исследованиям и историческому образованию, показать их практическое применение.

Значительный опыт преподавания исторического компьютеринга накоплен в зарубежных странах. Например, в Институте исторических исследований при Лондонском университете ведется подготовка специалистов на соискание ученой степени "магистр гуманитарных наук в области применения компьютеров в истории", причем этот курс признается в системе исторического образования Великобритании приоритетным в силу его "особой стратегической значимости" [2].

Середины 1990-х гг. преподавание исторической информатики развивается во многих университетах, а в Казахстане с 1999 года. В КазНУ им. Аль-Фараби с 1998 года данная учебная дисциплина введена в учебные планы исторического факультета, для ее чтения приглашена С.А.Жакишева (доктором исторических наук), которая подчеркивая ее роль, отмечает, что «потребность изучения данного курса обусловлена рядом объективных и субъективных факторов, а именно: глобальной информатизацией общества, все более возрастающей социальной функцией информации, стремительным развитием современных технологий для получения, обработки, хранения и распространения информации, в том числе и исторической; потребностью самих историков точнее выявлять тенденции и закономерности изучаемых явлений и процессов, привлекая для этого новейшие методики и технический инструментарий обработки исторических источников; дать на более высоком системном уровне детализированную трактовку данных, содержащихся в них; необходимостью включения казахстанских историков в общемировой образовательный процесс и овладения ими методологического и методического арсенала за счет принципов, подходов, способов и приемов познания, понятийного аппарата, технических и технологических средств фундаментальных и комплексных наук-интеграторов - математики и информатики» [3].

Для выработки у молодых специалистов нового концептуального видения проблемы применения математико-статистических-формально-количественных методов и современных компьютерных технологий в дальнейшей исследовательской и преподавательской работе на факультет истории, археологии и этнологии по направлению образовательной

программы по специальности «6М0114 - «История» читается курс «Компьютерные технологии в исторической науке и историческом образовании».

Историческая информатика это прикладная наука, а по отношению к системе исторических дисциплин – вспомогательной наукой и в своем развитии имеет следующие периоды: формирование научных и технических предпосылок в 60–80-е гг. XX века; возникновение исторической информатики в конце 80-х – начале 90-х гг. XX века; становление исторической информатики за рубежом и в Казахстане в 90-е годы XX века; современный этап развития исторической информатики, ее основные направления.

Историческая информатика изменяет организацию исторического сообщества, а для дидактики разрабатывает принципиально новые методы и методики преподавания истории. Современная историческая информатика развивается в следующих направлениях: информатика для историков; компьютерное источниковедение; клиометрика (компьютинг); информационные технологии в историческом образовании.

Методы исторической информатики ученые применяют при разработке следующих проблем исторической науки: источниковедения; историографических исследований; методологии истории; конкретно-исторических исследований; историко-библиографических исследований.

На сегодняшний день ученые разработали ряд важных направлений, которые молодое поколение историков должны активно применять в своей исследовательской и педагогической деятельности в следующих аспектах:

технология баз данных в историческом исследовании; технология электронного изображения в историческом исследовании; технологии хранения исторической информации; мультимедиа технологии в историческом исследовании и образовании; возможности Интернет в организации исторического сообщества, хранении информации и информационном обмене; электронные публикации; компьютерные технологии в преподавании истории; социализация исторической информатики в историческом и гражданском сообществе и т.д.

Подчеркнув выше значимость исторической информатики в контексте применения инновационных технологий в системе образования и исторической науки, хочется отметить, что настоящее время создана новая информационная среда развития исторической науки. Поэтому необходимо включать в образовательные программы курсы, где раскрываются проблемы:

привлечение внимания к существующему опыту крупных учебных и научных центров ближнего и дальнего зарубежья в сфере применения новых исследовательских методик; освоение основных методов математико-статистического и формально-количественного анализа в решении источниковедческих задач; приобретение навыков корректного использования математико-статистических методов и компьютерных технологий в историческом исследовании; освоение и практическое

применение новых передовых информационных технологий в своей профессиональной деятельности; приобретение методологических и методических навыков анализа исторических источников и интерпретации машиночитаемых данных с помощью современных информационных технологий; изменение в условиях информационного общества содержания и функций образования, форм и методов педагогической деятельности;

воспитательное воздействие информационных технологий; появление возможности использования мультимедиа-технологий в образовании; развитие и повсеместное использование электронных моделей средств обучения; сочетание возможностей традиционного и инновационных способов обучения в информационном обществе; формирование информационной культуры преподавателей для работы во всех формах учебного процесса; новых подходов к управлению учебным заведением и оценке качества педагогического труда.

Важно подчеркнуть, что объем дидактического материала, предъявляемого с помощью технических средств должен определяться: содержанием темы;

целевым назначением занятия; составом обучаемых.

В ходе проведения занятия очень важно опираться на правила компоновки наглядного материала. К ним можно отнести следующее:

лаконичность (не перегружать наглядное пособие информацией, лучше сделать два-три частных кадра, рисунка, схемы, чем один всеобъемлющий);

выделение главного (в каждом кадре основное понятие должно занимать центральное место, и по расположению, и по объему); обобщение и унификация (одни и те же явления по возможности передавать одинаковыми графическими приемами на всех схемах, используемых в процессе изучения курса); структурность (на каждом кадре материал должен иметь четко выраженную структуру и взаимосвязи, графически выраженную иерархию соподчинения); пространственное соотнесение элементов схемы.

Кроме того хочется отметить, что при изучении дисциплины «Компьютерные технологии в исторической науке и историческом образовании» магистрантами был дан проект для самостоятельной работы по теме: создание электронного справочника «**Историк**» (описание сделано магистрантом 2 курса Домнин С.)

### ***В каких целях создавался проект?***

Все те, кто, так или иначе, в своей учебной или профессиональной деятельности обращается, к информации из интернета сталкиваются с одной простой проблемой: где взять нужное из этого фантастического многообразия? Осведомленность в источниках приходит позднее, вместе с приобретенным самостоятельно опытом поисковика. Но, как известно, люди по своей природе разные, и бывает, что один хорошо умеет искать, но неважно анализировать и наоборот. К историкам это относится, пожалуй, даже более, чем к остальным. Бесконечный поиск и анализ источников, историографии и исследований – это суть их работы. Один только поиск

нужной информации отбирает массу времени. В том числе и того, которое не помешало бы употребить на дополнительную обработку сведений.

Проект – попытка решить основную проблему студента – искать быстро, качественно и по теме. Иными словами удовлетворить потребность пользователя – а это студент истфака – в учебном материале из Всемирной паутины.

### ***Что представляет из себя «Историк»?***

Мы уже отмечали, что представленная БД – это в первую очередь для студентов. Дело в том, что информация, которая представлена в «Историке» носит внутриведомственный справочный характер. Технически проект обеспечивается лицензированными общедоступными программами Ms Explorer и Ms Excel. Документы, которые там содержатся, носят общесистемный характер.

Пользование БД предполагается экономить время студенту в поиске литературы. Это Web-страница с главными реквизитами, оформленными как гиперссылки, ведущие к информации (адресам и описаниям), требующейся в рамках запрашиваемых данных. В таблицах, которые откроются после кликов по гиперссылкам, содержатся в т.ч. и адреса, которые далее следует скопировать в строку ввода браузера пользователя.

Важным с точки зрения создателей БД моментом показалось внедрение ряда системообразующих реквизитов. В числе них главные для навигации по исторической науке: исторический период и исторический регион. Естественно, что в базе присутствуют имя ресурса, его краткое описание, адрес и язык. Помимо этого, мы посчитали нужным внедрить собственную классификацию ресурсов по типу: источники, исследования и источники, исследования, статьи на темы, информация неконкретно исторического характера. Последним элементам были присвоены номера от 5 до 1. Это так называемая шкала достоверности, которая даёт представление, что в общих чертах скрывается за тем или иным адресом из БД.

### ***Как он должен функционировать?***

«Историк» представляет собой постоянно пополняемую БД. Причем пополняться она должна силами самих студентов.

Еще один важный принцип – минимум ограничений. Всё, что по мнению пользователя-составителя имеет какое-либо отношение к исторической науке, к сути изучаемого им предмета следует включать в «Историка». Приветствуются ресурсы на любых языках из любых стран. Формат ресурсов также особого значения не имеет. Ресурсы могут быть на любых языках и в любом формате - статьи on-line изданий, электронные учебники, оцифрованные печатные издания, аудио и видео материалы, текстовые варианты ТВ и радиопередач, блоги.

Для функционирования проекта и введение его для студентов младших курсов будет использована помощь Центра дистанционного обучения университета.

Предполагается провести мастер класс с доктором исторических наук профессором С.А.Жакишевой, которая на системном уровне в Институте истории и этнологии им. Ч. Валиханова занимается разработкой теоретических и прикладных проблем исторической информатики.

Таким образом, процесс информатизации исторической науки и исторического образования, обусловленный общемировыми тенденциями и закономерностями развития информационного социума способствует постановке задач следующего порядка: более эффективного внедрения этой научной и учебной дисциплины как обязательной на исторических факультетах; параллельная подготовка математиков и информатиков, адаптированных к специфике применения математических методов и информационных технологий в исторической науке и образовании; необходимо включение в научное творчество будущих студентов-историков, мотивированных на инновации, диктуемые информационным обществом.

---

1. Информационный бюллетень Ассоциации "История и компьютер". - 1994. - №12. - С.35.

2. Жакишева С.А. Клиометрика в Казахстане: ретроспекция и перспективы //Отан тарихи – Отечественная история. – 1999. - № 3. – С.60-77. Жакишева С.А. Моделирование социального портрета репрессированных немцев на основе базы данных "Массовые политические репрессии в 1937-1938 гг." (По материалам Алма-Атинской области) // История немцев Центральной Азии: Материалы Международной научной конференции (Алматы, 9-10 октября 1997 г.) - Алматы, 1998 г. - С.229-235.

Жакишева С.А. Применение математических методов и компьютерных технологий в исследовании истории репрессий в Казахстане в 20-30-е годы XX в.// Культуры и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. - Алматы, 1997. - С.145-160. Жакишева С.А. Современные информационные технологии в истории: *multa raucis*// «Актуальные проблемы научно-педагогического образования (магистратуры) на современном этапе». – Алматы: КазГНУ, 2002.

Жакишева С.А., Орынбаева Д.Ш. Социальный портрет коммунистов и партийной номенклатуры Казахстана в период репрессий 1937-1938 гг.// Казахстан – Спектр: аналитические исследования. – Алматы, 1999. - № 1. – С. 131-140. – 0,7 п.л. Жакишева С.А., Шалгинбаева С.Х., Шарабаева Л.Ю. Формирование базы данных «Народные семейные традиции и инновации в городском быту казахов в конце 90-х гг. XX в.»: по материалам городов Алматы и Тараза» // Вестник Министерства науки и высшего образования и НАН РК. - № 3. – Алматы, 1999. – С. 93-102. – 0,7 п.л.

## ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ\*

*Д.С. Байгунаков* - т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Ақпараттық-қатынас технологияларының дамуы және оларды музей саласында қолдану соңғы онжылдықтардағы техникалық және мәдени дамумен тікелей байланысты екендігі белгілі. Музейдегі ақпараттық-қатынас технологиясы кең ауқымды қамтиды, ол жекелеген музейлердің сайттарының ашылуынан бастап осы салада аудио, видео және мультимедиалық техникаларды қолдануға дейінгі үдерістерді біріктіреді [1]. Себебі аталып отырған техникалардың көпшілікке арналған өнімдерін дайындауда ақпараттық-қатынас технологиялары маңызды рөл атқарады.

Жалпы алғанда, соңғы жылдары Қазақстан музейлері әлемдік тәжірибелерді өз ісінде кеңінен қолданып жатыр, шетелдік әріптестерімен тығыз байланыс орнатып, мұражай қызметкерлері кәсіби білімдерін үнемі жетілдіруде. Қазіргі таңда музей саласында орныққан ақпараттық-қатынас технологиясы арқылы жұмыс істеу бұрынғы дәстүрлі қызмет аясының кеңейе түсуіне, жұмыс түрінің мейлінше оңтайландырылуына алып келді, яғни ол мәдени саладағы қатынастың жаңаша бір түріне айналып отыр.

Кейбір мамандардың айтуына қарағанда, Қазақстан Республикасында қазіргі таңда 200-дей үлкенді-кішілі музейлер келушілерге қызмет көрсетіп жатыр. Олардан басқа көптеген жоғары оқу орындарының, орташа білім беру мекемелерінің музейлері де жұмыс істейді, бірен-саран жекеменшік музейлер де бар. Жыл сайын мыңдаған адамдар осы музейлерге келіп, алуан түрлі жәдігерлерін тамашалайды. Отандық музейлердің басым бөлігінде келушілерге арналған аудиовизуальды қор да қалыптасқан. Айта кететін бір жайт, музейдегі аудиовизуальды қатынас өткен ғасырдың алғашқы жартысынан бастап орын алған болатын. Бастапқы кездері ол белгілі бір тақырыпқа қатысты фильмдерді түрлі іс-шаралар (көрме, конференция, т.б.) барысында көрсету тәжірибесінен қалыптасып, тиімді болған соң бірте-бірте күнделікті қызмет аясына айналды, оған мамандар тарапынан кеңінен ден қойылды [2; 3]. Уақыт өте келе видеотехникалық құралдардың дамуы нәтижесінде көпшілік музейлер аудиовизуальды қорын ұлғайтып, алуан түрлі тақырыптағы материалдарды келушілердің назарына ұсына бастады. Мәселен, ҚР Орталық мемлекеттік музейі №1 залда ұзақ жылдар бойы видеотехникалық құралдар арқылы тарихи-геологиялық фильмді жұртшылыққа ұсынып келді. Басқа да музейлерде белгілі бір тақырыптарға арналған кинотуындыларды көрсету дәстүрге айналды. Әрине ол кезде Интернет желісі жоқ болатын, әлі де болса ақпараттық-қатынас технологиялары дамымай жатқан еді. Бірте-бірте бұл олқылықтар жойылып, аудиовизуальды көрсетілімдер саны, тасымалдаушылар түрі арта түсті. Шетелдік және кеңестік мамандар тарапынан оның әдіс-тәсілдері айқындалып, түрлі нұсқаулықтары жасалды, былайша айтқанда осы

бағыттағы жұмыс заман талабына сай түрлене түсті. Бүгінгі күні аудиовизуальды материалсыз ешбір музейді елестете қою мүмкін емес.

Соңғы онжылдықтарда әлемдік ақпараттық кеңістікке енген музейлер мектеп, жоғарғы оқу орындары, кітапхана және тағы басқа мәдени мекемелермен байланыс орнатып, елге қызмет көрсету аясын ұлғайтты. Қазіргі таңда ақпараттық-қатынас технологияларының қарқынды түрде дамуы нәтижесінде музей сайттарының Интернет агенттіктерінде ашылуы, мұражайлар туралы және олардағы мыңдаған жәдігерлер жайлы ақпаратты, музейлерде болып жатқан мәдени іс-шараларды хабарлап отыруы музей саласын жаңа бір белеске көтерді [1; 3].

Әйтсе де, қазақстандық көпшілік музейлерде заманауи ақпараттық-қатынас технологияларына қарағанда ұзақ жылдар бойы қалыптасқан аудиовизуальды қатынас біршама дамығандығы белгілі, тіпті оның өзінде облыстық деңгейдегі ірі музейлерде азды-кемді дамыған, ал кейбір аудандық музейлерде жоқтың қасы десе де болады. Ғылыми әдебиеттерден байқалған нәрсе, зерттеушілердің топтастыруы бойынша аудиовизуальды қатынас аудиальды, аудиовизуальды және мультимедиалық құралдар жиынтығынан тұрады. Біріншісі – дыбыс материалдары технологиясынан, екіншісі – кинометография, теледидар және видео-материалдар технологиясынан, үшіншісі – аудиовизуальды мәтіннің компьютерлік интерпретация мүмкіндіктерін пайдаланатын технологиялардан тұрады [2; 4]. Аталған технологиялар аудиальды, аудиовизуальды және компьютерлік технологиялар функциясының бірігуі нәтижесінде қалыптасады. Нәтижесінде мультимедиалық коммуникация музейде өзінің келесі түршелерін қалыптастырады: музей қорларын компьютерлік есептеу және каталогын жасау, музейді электронды желілерде таныстыру, виртуальды шынайылық жүйелерін пайдалану, т.б.

Музей саласында заманауи технологияларды пайдалану, оларды өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде тиімді қолдану осы саладағы басым бағыттардың біріне жатады. Шындығына келгенде, отандық музейлердің басым бөлігі шетелдік мұражайлардан аудиовизуальды қатынас жағынан қалып келгендігі, тіпті әлі де қалып келе жатқандығы жасырын емес. Әсіресе өткен ғасырдың 90-жылдары ақпараттандыру жолға қойылғанда, бізде бұл бағыттағы жұмыстар біршама кемшін тартып жатқан болатын. Оған саяси-экономикалық жағдайлар, қаржыландыру көздерінің аздығы, ақпараттық-қатынас құралдарының дамымай жатуы, мамандардың жетіспеуі, заңдық нормативті актілер мен әдістемелік нұсқаулықтардың жоқтығы секілді көптеген факторлар әсерін тигізген еді. Бүгінгі күні ақпараттық-қатынас технологияларының дамуы, шетелдік тәжірибелердің озық үлгілерін музей саласына енгізу нәтижелері бұл бағыттағы жұмыстар кешенін оң қадамдарға бастады.

Дегенмен қазақстандық музейлердің көпшілігінде ғаламторлық сайт жоқ, кейбір облыстық, аудандық ірі-ірі тарихи-өлкетану музейлері жөніндегі мәліметтерді әкімдіктер сайтынан ғана табуға болады. Ал ол сайттардан

оқырман музейдің коллекциясы туралы мардымды мағлұматтарды ала қоймайды, тек бірен-саран жарқын артефактілер, ескерткіштер ғана болмаса. Сондықтан да келешекте бұл олқылықтардың орнын толтыру қажет. Біздің ойымызша, қазақстандық музейлерде ақпараттық-қатынас технологияларын дамыту үшін бірінші кезекте музейлердің аудиовизуальды қорын ұлғайту керек, сонымен қатар аудиовизуальды қатынасты өрістетуге қажет. Сайып келгенде, аудиовизуальды қатынас музей коммуникациясының арнайы тұрпаты болып табылады, ол музейге дер кезінде қор жиынтығы, экспозиция, ғылыми-зерттеу және оқу-ағарту міндеттерін шешуге оң септігін тигізеді. Оны музей қызметкерлері түрлі бағытта (көрмеде, жиындарда, т.б.) пайдаланып, келушілерге сапалы қызмет көрсете алады [3]. Шынайы әрі тарихи мәліметтерге негізделген музейдегі аудиовизуальды қорды басқа мекемелер де пайдаланып, қажеттерін жарата алады.

Аудиовизуальды құралдардың өзіндік ерекшеліктері бар. Оларды сақтау, күтіп ұстау да оңай шаруа емес. Сондықтан олардың электронды нұсқасын жасау, ғаламторға орналастыру да қажет екендігі белгілі. Аудиовизуальды материалдар мәдени және тарихи дереккөзі ретінде музейдің экспозициялық кеңістігінде бұрыннан бері маңызды рөл атқарып келеді. Дегенмен оларды электронды тасымалдаушыға салып, керек болса өңдеп, кейбір материалдармен толықтырып, дыбыс эффектілерін қосып қосымша қаражат көзін табу (түрлі дискілер түрінде) үшін сатуға да болады, ал табылған қаржы музейдің дамуына жұмсалса дейміз. Сонда ғана музей бұйымы ақпарат кеңістігінде қалың жұртшылыққа жетеді, оны елімізден тыс жатқан жерлердегі көрермендер де пайдаланып, мәдени мұраларымыз жайында бірінші деңгейдегі дереккөзінен мол мағлұмат алатын еді.

Қазіргі таңда әлемдік ақпараттық кеңістікті пайдаланып, аудиовизуальды қатынасты дамыта беру керек. Ғаламтордағы сан алуан материалдарды пайдаланып, келушілерге қызықты болатын өнімдерді шығару керек, видеокамера сынды құралды, «9-студия» секілді алуан түрлі компьютерлік бағдарламаларды қолданып, өз өнімдерін дайындауы тиіс. Және де оны үнемі жетілдіріп, тың мәліметтермен толықтырып отыру қажет. Яғни, кез келген музей өзіне сайт жасамас бұрын PR-компания жүргізіп, мәліметтер базасын топтастырып, оны мүмкіндігінше толықтырып отырғаны абзал. Өйткені бір жақты ғана берілген ақпараттар легі оқырманды жалықтырып жібереді, әсіресе жылдар бойы бір ғана мәлімет берілсе, онда бұл сайт қызықсыз болып қалады. Сондықтан да егер өз сайттары болған жағдайда, музей қызметкерлері сайтқа кірушілерді тіркеп, белгілі кезеңдерде олардың өсу, құлдырау динамикасын бақылап отырулары керек.

Аудиовизуальды қатынастарды дамыту үшін бірінші кезекте мәліметтер базасы жасалуы тиіс. Онда әрбір электронды тасымалдаушыға өз коды түсірілуі керек, тиісті қорапшаларға салынып, олардың сыртына коды қайталанып жазылғаны ләзім. Мамандар материалды сканерлеу, сандық фотоға түсіру, видеоматериалдарды мультимедиалық суреттемелерге бейімдеу секілді қызметтермен айналысып, бұл бағыттағы жұмыстарды



жолға қоюлары тиіс [4]. Сонымен қатар аудиовизуальды өнімдерді дайындаған кезде, олардағы сапаға, дыбысқа және бейнелік материалдарға ерекше көңіл бөлінгені абзал. Өйткені, бұлардың барлығы өнімнің тағдырына тікелей әсер етеді. Егер белгілі бір видеобейнені музыкамен көркемдеу керек болса, онда ол тақырыпқа сәйкес музыкалық шығарма болғаны жөн. Сонымен қатар, аудиовизуальды қатынас материалы музейге келген көпшіліктің жас мөлшерін ескеруі тиіс. Яғни оны жас та, кәрі де бірдей қабылдай алуы керек. Оны көргеннен кейін музейге келуші ескерткіш немесе нақты бір оқиға, құбылыс, тіпті жәдігер жөнінде ақпар алып, уақытының музейде босқа кетпегеніне өкінбеуі тиіс.

Қазақстан аумағында орналасқан музейлердің көпшілігі Отан тарихының беттерін айқындайтын, оның қатпарлы тарихын дәріптейтін, тарихи және мәдени даму белестерін нақты материалдар негізінде көрсететін, жастарды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін мекемелер болып табылады. Сол себепті де музей ісін Отан тарихының құрамдас бір бөлігі деуге де болады. Музейлерді дамыту, оларға қолдау көрсету мемлекеттегі сарабал саясаттың негізгі өзегін құрауы тиіс.

Музей ісіндегі ақпараттық-қатынас технологиясын дамытуға барлық музей басшылары, бүкіл қоғам мүдделі. Алайда белгілі себептерге байланысты, бұл бағыттағы жұмыстар ауқымы кемшін тартып жатады. Алда әлі алар асқаралы асулары бар қазақстандық музейлерді ақпарат кеңістігіне тарту қажет, одан кейін аудиовизуальды қорды ұлғайтып, ақпараттық-қатынас технологиялары арқылы қалың көпшілікке ұсыну керек. Бір қарағанда, бірнеше кезеңдерден тұратын қарапайым жұмыс болып көрінуі ықтимал, дегенмен онда алуан түрлі қызметтер аясы тоғысып жатыр, бір фильм жасау үшін бірнеше мамандарды ортақ іске жұмылдыру қажет, сондықтан болар кей жағдайда музей саласында ақпараттық-қатынас технологиясының дамымай жатуы.

Бүгінгі таңда музей саласында ақпараттық-қатынас технологиясы дамыған мемлекеттерде түрлі лабораториялар жұмыс істейді. Мәселен, Новгород бірлескен музей-қорығының аудиовизуальды лабораториясы, т.б. Олардың тәжірибесін пайдалану біз үшін күн тәртібінде тұр. Айта кететін бір жайт, бірқатар университеттердің сайттарында музейлерге де орын берілген. Мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сайтында ҚазҰУ тарихы музейі, Қазақстан палеолиті музейі сынды музейлер жайлы ақпараттар, оларда өткен және өтетін жиындар, көрмелер туралы мәліметтер бар. Соңғы аталған мекеме (Қазақстан палеолиті музейі) шағындығына қарамай мол артефактілерден тұрады, қомақты аудиовизуальды технологиялар корпусын қалыптастырған. Жалпы алғанда, аудиовизуальды лабораториялар тек ақпараттық-қатынас технологияларымен шектелмейді, сонымен қатар қор, экспозиция, экскурсия, дәріс оқу жұмыстарына да мол ықпалын тигізеді. Қазіргі таңда музей қызметкерлері жинақтаған аудиовизуальды материалдар студенттерді мамандыққа баулу кезінде кеңінен пайдаланады.

Әрине, ақпараттық-қатынас технологиясын музей ісінде қолдану толыққанды техникалық қамсыздандыру арқасында болатын жайт. Ол үшін қаражат бөлінуі, мамандардың жұмысқа тартылуы керек екендігі де белгілі. Бірақ жеке сайт болмаса (мәселен университет сайтының қосалқы құрамында тұрса) да музей қызметкерлері ақпараттық-қатынас технологиясын одан сайын пайдалануды жалғастыра берген жөн. Себебі олардың барлығы жинақталып, келешектегі мұрағат материалдарын құрайды, олардың дамуын кейінірек мамандар зерделейді, жіберілген кемшіліктері мен жетістіктерін саралайды, болашақта жасалатын істерді бағамдайды.

Келешекте Қазақстан музейлеріндегі ақпараттық-қатынас технологияларын дамыту үшін бірқатар міндеттерді шешіп алғанмыз абзал: 1) ақпараттық-қатынас технологиясымен тығыз қарым-қатынастағы музейлердің мәдени-ақпараттық орталық ретінде орнын ашып көрсету; 2) хронологиялық тұрғыдан Қазақстан музейлеріндегі ақпараттық-қатынас технологияларының қалыптасуын, дамуын таразылау; 3) аудиовизуальды лаборатория қалыптастыру; 4) ақпараттық-қатынас технологиясының музей жұмысындағы мүмкіндіктерін бағамдау қажет. Сонымен қатар, әрбір музей жайында шағын фильмдер түсіріп, оларды «ю-туб» секілді агенттіктер базасына салып қою керек [5]. Сонда ақпараттық кеңістіктегі көрермендерге дербес сайты жоқ музейлер туралы ақпарат жетеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасындағы музейлерде ақпараттық-қатынас технологияларын дамыту күн тәртібінде тұр. Оны қарқынды түрде дамытуға барлық сала мамандары ат салысуы тиіс. Себебі музейлердің Отан тарихымен астасып жату, оның кейбір беттерін нақты материалдармен айшықтауы, өскелең ұрпақты патриоттық сезімде тәрбиелеудегі қызметі орасан зор.

\*Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы Отан тарихын оқытуды ұйымдастыру: «Қазақстандағы тарихи білім беру орталығы» атты мультимедиялық зертхана мен Қазақстан тарихы бойынша ортақ интернет-ресурсын қалыптастыру» 0337/ГФ.

---

1. Андроникова М.И. *Портрет. От наскальных рисунков до звукового фильма.* –М.: Искусство, 1980. -423 с.

2. Анашкин А., Ноль Л., Сидоров И. *Наши помощники компьютеры. Использование ЭВМ в музеях // Советский музей, 1986. №1. -С.30-31*

3. Александров Е.В. *Мультимедийная технология и актуализация аудиовизуальных фондов // Вестник архивиста, 1994. №4. -С.31-34*

4. Андреева И.А. *Информатизация в музее российской провинции: проблемы и решения // EVA,98. –М., 1998. -С.4-7*

5. Гарматин А.А. *Интернет-вещание: особенности и принципы функционирования. Автореф. кан. филол. наук. –Воронеж, 2005. -29 с.*

## **ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И ИНФОРМАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ**

*А.К. Оразгалиева* - доктор PhD, *Г.К. Нысанбаева* - преподаватель  
Казахской финансово-экономической академии (Семей)

На современном этапе развития общества образовательная деятельность должна быть на высоком уровне и удовлетворять ее потребность в образовательных услугах. Информационные технологии и телекоммуникации представляют собой наиболее перспективное средство интенсификации процесса образования.

В последние годы XX столетия общество переживало бурный информационный взрыв, который ознаменовал собой наступление новой, информационной эпохи. В связи с этим появились новые понятия, активно вошедшие в жизнь современного человека и влияющие на его культурный уровень, одной из составляющих которого является информационная культура личности. А информационная культура личности, как культура вообще, отражает активную творческую деятельность человека и, следовательно, развитие самого человека, как субъекта этой деятельности.

Необходимость использования информационных технологий в образовании диктуется несколькими обстоятельствами. К ним прежде всего следует отнести фундаментальные изменения XX в., поставившее на повестку дня вопрос о переводе к новой стратегии развития общества на основе знаний и перспективных высокоэффективных технологий.

Это неотъемлемое достоинство интернета как источника информации – доступность всего – является и главным его недостатком. Зачастую интернет получает такие эпитеты – мусорная корзина, где находится всякий хлам, бесконечный спам. Это тоже верно в какой-то степени. Поэтому обязательно необходимо мониторить информацию, используемую из сети и выкладываемую на сайты.

Всемирная паутина полностью изменила представление о методах поиска информации. В сети представлено громадное количество полезной, уникальной и доступной информации. Наиболее популярными методами поиска являются поисковые системы – такие как Google (Гугл), Yandex (Яндекс). Эти поисковые системы периодически индексируют миллиарды веб – страниц и структурируют немислимое количество информации для выдачи результатов поисковых запросов. Весьма популярным стало выражение «гуглить», что означает – просмотр и мониторинг информации в сети.

«Интернет наполнен миллиардами веб-страницами. Каждой из которых принадлежит уникальный веб-адрес (URL от англ. Universal Resource Locator — это адрес страницы в Интернете, состоящий из доменного имени, пути к странице на сайте и имени файла страницы.), который вводится в адресной строке браузера.

Как правило, гиганты поиска – устоявшиеся поисковые системы известны всем (такие как google.ru, yandex.ru и т.д.). В любой момент, введя запрос в строке поиска поисковой системы, пользователь получает необходимую ему информацию – следовательно, основными распределителями и направляющими потока пользователей являются поисковые системы»[1]

Интернет ресурсы в образовании применяются очень часто. Причем интернет, как источник информации, используют и школьники и студенты. Большое количество интернет ресурсов посвящено именно школьной программе, интернет ресурсы в образовании используют и студенты высших учебных заведений. Ведь интернет позволяет найти информацию, которую сложно или даже невозможно отыскать в библиотеке.



В своих статьях мы не раз обращались к проблеме достоверности информации в сети – анализировали информацию в интернет ресурсах о выдающемся представителе казахской демократической интеллигенции начала XX века М. Чокае, о легендарном герое казахского народа Б. Момыш-Улы, об особенностях и специфике медиа-образования.

Самый главный вывод, на наш взгляд бесспорный – надо научить обучающихся извлекать достоверную информацию из любого источника, тем более из наиболее доступного на сегодня – интернета. Если у школьника и у студента есть навыки работы с источниками – он «вооружен и неуязвим». Но обучение этим навыкам не простой процесс, он трудоемкий и протяженный.

Одна из главных особенностей Интернета – его способность изменяться в любую секунду, т.е. предоставлять оперативную информацию. О перспективности сети Интернет как «вечного» носителя знаний, неподвластного действию сил природы тоже идут споры – есть однозначные почитатели и критики. Один из главных аргументов критиков – зависимость компьютерных технологий от энергоносителей и от вирусных атак.

В интернете огромное количество безымянных письменных работ, наносящих вред учебному процессу в общем и обучающимся в частности. Как студент должен понять – какой электронный источник из всех самый лучший, можно ли их использовать вообще, кто ответственен за размещаемые в сети материалы, можно ли ставить источники из интернета в список литературы своей научной работы, как проверить работу на «Антиплагиат» - это одни из самых актуальных вопросов на сегодня.

И преподавателям и студентам важно использовать возможности глобальной Сети правильно, выбирать для научных работ информацию из электронных газет, журналов, библиотек и прочих серьезных источников, гарантирующих авторство и достоверность информации.

В рамках проекта RESET - Regional Seminar for Excellence in Teaching, HESP OSI «Написание истории «снизу» - новая социальная история Центральной Азии» у участников, в том числе и у автора статьи была уникальная возможность прослушать мастер класс профессора университета Вайоминг (США) Марианны Кэмп по использованию интернет ресурсов в процессе обучения. Суть метода в том, чтобы каждая учебная аудитория была обеспечена интернетом, и на занятии преподаватель совместно со студентами осуществлял мониторинг информации по изучаемой проблеме.

Как только позволят технические мощности нашего университета, думаю, каждый преподаватель с большим желанием возьмет на вооружение этот метод, что значительно повысит качество подготовки студентов к занятиям и улучшит их самостоятельную работу.

---

1. *Режим доступа: <http://www.proceo.ru /201006183/ kniga-seo-bytiya/internet-kak-istochnik-informatscii.html>*

## РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САЯСИ ТАРИХ МҰРАҒАТЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ\*

*А.М. Уразбаева* – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – дың доценті,

*Л.М. Хасанаева* – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – дың доценті

Қазақстан тарихының кеңестік кезең беттері өткенімізде ауыр із алдырғаны анық. Ұзақ жылдар бойы құпия сақталған мұрағат қорларының біршама ашылуы, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірімізді қайта қарауға мүмкіндік бергені анық. Тарихымыздың сондай ақтандақ беттерін ашуда Мәскеу қаласындағы бұрынғы коммунистік пария Орталық комитеті жанындағы Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин институтының Орталық саяси, кейінгі жаңа дәуір тарихы құжаттарын сақтау мен зерттеудің Ресейлік орталығы және бүгінгі таңдағы Ресей мемлекеттік әлеуметтік – саяси тарих мұрағатының алатын орны ерекше.

Бүгінде Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты (РМӘСТМ) 2011 жылдың 26 қаңтарындағы қаулысына сәйкес Федералды мұрағаттық агенттікке бағынады.

РМӘСТМ Ресей Федерациясы өкіметінің 1999 жылдың 15 наурыздағы № 283 қаулысымен қазіргі заман тарихы құжаттарын зерттеу және сақтаудың Ресейлік Орталығы (РЦХИДНИ) мен жастар ұйымдары құжаттарын сақтау орталығын (ЦХДМО) біріктіру негізінде қайта құрылған болатын. Ал, біріккен мұрағаттар болса, 1991 және 1992 жылдары өз қызметін тоқтатқан марксизм-ленинизм институтының Орталық партиялық мұрағаты негізінде құрылған болатын.

Орталық партия мұрағатының тарихы 1920 жылдан өз мұрағаттары бар арнайы ғылыми-зерттеу орталықтарын құрудан басталады. Бұл комиссия Қазан төңкерісі мен Ресей коммунистік партиясы тарихы, КСРО ОАК жанындағы К.Маркс және Ф.Энгельс Институты мен БК(б)П ОК жанындағы В.И.Ленин Институты материалдарын жинақтау, жүйелеу, зерттеу бағытында жұмыс атқарған. 1928 жылы партия тарихын В.И.Ленин институтына қосқаннан кейін, 1929 жылы Орталық партиялық мұрағат қалыптаса бастады. 1931 жылы Маркс-Энгельс және Ленин институттары БК(б)П ОК жанындағы Маркс, Энгельс, Ленин институтына біріккен болатын, ал орталық партиялық мұрағат оның негізгі құрылымдық бөлімі болып қалды.

Ал, бүкілресейлік лениндік коммунистік жастар Одағы (БЛКЖО) Жастар Одағының ОК негізінде 1965 жылы құрылған болатын. 1991 жылдың тамыз айына дейін Орталық партия мұрағаты құжаттары мен Жастар Одағының орталық мұрағаты құжаттары КОКП мұрағаты қорларында жинақталып келген.

РФ Президентінің 1991 жылы 24 тамыздағы жарлығымен Орталық партиялық мұрағат және Жастар Одағының орталық мұрағаты басқа мұрағаттармен қатар, РСФСР мұрағат ұйымдарының қарауына өтіп, ондағы жинақталған құжаттар РФ мемлекеттік мұрағат қорларына өтті.

Мұрағат құжаттары үш негізгі тақырыптық жиынтыққа (комплекске-авт.) топтастырылған; батыс Еуропаның әлеуметтік және саяси тарихы құжаттары (XVII-XX ғасыр басы); жаңа және қазіргі замандағы Ресейдің саяси тарихы құжаттары (XIX ғ. аяғы- XX ғасыр); халықаралық жұмысшы, социалистік және коммунистік қозғалыстар тарихының құжаттары. Ал, қосымша төртінші комплекс жеке тұлғалық қорлар. Осылардың ішінде біз қарастырып отырған мәселеге байланысты құжаттар легі екінші кешенде жинақталған. Саяси тарих құжаттарының өзін үшке бөліп қарастыруға болады. Біріншісінде, Ресей социал-демократиялық партия (РСДРП), соның ішінде, Орталық комитет (ОК) мен РСДРП орталық ұйымдары мен басқа да мекемелерінің жалпыпартиялық съездері, конференциялары материалдары жинақталса, екіншісінде, В.И. Ленин мұрағаты құжаттары, оның хатшылығы материалдары, және Халық комиссарлар Кеңесі құжаттары т.б. жинақталған. Ең көлемдісі, үшіншісі Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық комитеті қоры -17 қор. Қор басқа да әртүрлі қосалқы партия ұйымдары мен мекемелері жұмысын қамтитын 158 тізімдемеден тұрады. Жеке комплекстерге партия съездері мен конференция, КОКП ОК пленумдарының отырыстары материалдары, саяси, ұйымдастыру бюро және ОК хатшылығы хаттамалары ішкі саяси мәселелермен қатар, ішкі және сыртқы саясат, экономика, шаруашылық, ғылым, мәдениет мәселелерімен айналысқан ОК аппараты құжаттарына бөлінген. Сонымен қатар, бірнеше жергілікті коммунистік ұйымдар қорлары да жұмыс істейді. Біз үшін әсіресе, 17 кодың 1-4, 16, 112-116, 121-128, 84-86, 131-137 тізімдемелерінің құжаттық маңызы зор.

Қазіргі таңда ақпараттық қоғамда мұрағат қызметкерлері қор құжаттарын ақпараттандыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарған. Соның ішінде мұрағат құжаттарының микрофильмдік нұсқаларын жасау ісі қолға алынған. Қор құжаттарының 80%-дан астамы микрофильмдерге көшіріліп сақталған. Құжаттарды пайдаланушы зерттеушілерге көшірме түсіріп беру жұмысы да біршама жол қойылғандықтан аса қиындық туғызбайды.

Ішкі жарғыға сай, мұрағаттың алдына қойған мақсат-міндетіне сәйкес мұрағат қорларындағы құжаттардың сақталуы, олардың есепке алынып, тіркелуі, қорлардың жаңа құжаттармен толықтырылып отыруы, мұрағаттану, деректану, археография және басқа да әлеуметтік пәндер ауқымында ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстардың жүргізіліп отыруы қамтамасыз етілуде.

РМӘСТМ мұрағаты сонымен қатар, азаматтарды, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерді қор құжаттары негізінде ақпараттық жағынан қамтамасыз етіп отырғаны анық. Сонымен бірге, ресейлік және басқа да ел азаматтарының жекелеген тақырыптарға сай сұраныстары да

канағаттандырылуда. Бүгінде, мұрағат құжаттарын ақпараттандыру мақсатында көптеген жолсеріктер, құжаттық жинақтар, құжаттық экспозициялар мен анықтамалықтар дайындалып жарыққа шығарылуда.

Сонымен бірге, мұрағатта интернет желісіндегі ақпараттық беті арқылы қор материалдары мен олардағы істердің аттарымен танысуға мүмкіндік жасалуы негізінде шетелдік азаматтар үшін жұмыс біршама жеңілдетілген. Интернеттегі парақша арқылы кез-келген зерттеушіге тек мұрағат тарихымен танысып қана қоймай, ондағы қызмет түрлерін пайдалану арқылы электронды сұраныс білдіру мүмкіндігі де қарастырылған.

Мұрағатта 790 нан астам тізімдемеге жинақталған он мыңдаған құжаттар партиялық, яғни кеңестік кезеңдегі қоғамның жан-жақты қырларымен танысуға мүмкіндік берері анық.

Көптеген тың мәліметтер беретін бұл мұрағаттардың көп мәселеде Қазақстандағы партиялық мұрағат құжаттарын қайталайтындығын көреміз. Оның себебін тарихшы-ғалым Т.Омарбеков айтқандай: «мұндағы құжаттардың (яғни еліміздегі құжаттардың-А.У.) негізінен Қазақстан басшылығының Мәскеудегі орталыққа жіберген мәлімдеулері екендігімен» түсіндіруге болады [1,176.].

Ғасыр басындағы саяси билікте терең тамырлай бастаған әміршіл-әкімшіл жүйе негізінде қалыптасқан сыңаржақтылыққа байланысты тарихнамада бұл қорлар құжаттары кең пайдалануға түспеген, яғни партия құжаттарының барлығы бірдей зерттеушілер назарына берілмей, көпшілікке беймәлім болып келді. Оны бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Соның бірі, көптеген құжаттардың сақталмай жойылып кетуі болса, екіншісі, сақталған күнде де «құпия» деген желеумен қолға берілмеуі. Белгілі мәліметтерге сүйенсек, зерттеушілерге біршама таныс, жұмыс істеуге мүмкін болған құжаттар- жарияланған бағдарламалар, стенограммалар және партия конференциялары мәліметтері. Ал, партия құжаттарының негізгі бөлігі - саяси бюро отырыстары, пленумдар хаттамалары, әртүрлі аналитикалық жазбалар, статистика материалдары мен тағы басқа құжаттар зерттеушілердің өте шектеулі шеңберінің назарына аз ғана мөлшерде берілген. Мұның себебі неде?-деген сауалға тарихшы, ғалым Т.Омарбековтың: «Ресми тоталитарлық жүйе өзінің әкімшіл-шаруашылық тәртібін, зорлық-зомбылық әдістерін қалыптастырғанын, тоқшылық жылдары тұтас халықты алапат аштыққа ұрындырғанын, меншік иелерін кінәсіз жазалағанын, күштеп ұжымдастыру саясатының адамгершілікке жат, қаскөй принциптерді басшылыққа алғанын, әлеуметтік теңдік, социалистік демократия дегендерді шын мәнінде еңбекшілер билігін шектеуге, жаппай қуғын-сүргінге айналдырғанын өз азаматтарынан, әсіресе кейінгі ұрпақтан жасырып қалуға әрқашан тырысып келді» [1, 23б.] - деген түйінімен жауап беруге болады.

Құпиялылық айдарының біршама жойылуына байланысты бүгінгі таңда басқа елдердегі құжаттарды бір жерге жинақтау жұмыстары қолға алынып. Бұл бағытта коммуникация мен технология жетістіктері кеңінен

пайдаланылып жатқаны анық. РМӨСТМ Женева, Цюрих, Берлин, Стокгольм, Париж, Вена, Краков және тағы басқа батыс Европалық қалалар мұрағаттарында сақталған құжаттарды жинақтап отыр. Әсіресе, социал-демократиялық және басқа да партиялық мұрағаттарды жинақтап сақтауда РСДЖП мұрағаты мен кітапханасының (Женева 1904-1905 жж.) көмегі зор болғандығы ерекше көрсетіледі.

Қорыта келгенде, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты коммунистік партия тарихына қатысты ең бай материалдар қорын жинақтаған мұрағат ретінде қоғамдағы ақпараттық ролінің зор екендігін көреміз. Мұрағат жұмысын жетілдіруде заманауи инновациялық әдістер мен жаңа технологиялық жабдықтар кеңінен пайдаланылуда.

- 
1. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы, 1997. - 215 б.

## **РОЛЬ ИСТОРИЧЕСКОГО ФАКТА В РЕКОНСТРУКЦИИ АГРАРНОЙ ИСТОРИИ СЕМИРЕЧЬЯ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

**Ф.Н. Мийманбаева** - к.и.н., доцент КазНУ им. Аль-Фараби

Среди источников исторических знаний особое значение имеют исторические документы, к которым относятся и архивные материалы. Они – непосредственные памятники прошлого и в силу этого обладают убедительностью и доказательностью. Документ позволяет почувствовать колорит эпохи, помогает создать яркие образы прошлого, уменьшает возможность модернизации отдельных событий. Как источник исторических знаний документ требует анализа содержания, обобщения извлеченных из него сведений. Работа с документом учит мыслить, рассуждать, извлекать информацию.

Исторические источники являются носителями информации, на основе которой историк реконструирует изучаемую им общественно-историческую реальность. Этим обусловлено то внимание, которое уделяется изучению историками связанных с ними теоретико-методологических и конкретно-научных проблем. Не меньший интерес вызывают и проблемы исторического факта.

Насколько необходимы исторические факты в научном исследовании? Что такое исторический факт? Понятие «факт» (от латинского *factum* — «действие», «событие», «сделанное») применяется в разных смыслах. Прежде всего факт — конкретные проявления действительности в ее прошедшем или текущем состоянии, т. е. объективная реальность. В этом виде факты обладают рядом присущих им свойств: локализованностью во времени и пространстве; объективностью; субъективностью и неисчерпаемостью. Другой смысл понятия «факт» связан с процессом научного познания - это исторический факт, который стал объектом

деятельности историка. Эти факты всегда субъективны, отражают позицию исследователя, уровень его квалификации, образования.hh

Исторический факт является основным компонентом исторического знания. Известно, что исторические факты делятся на главные и неглавные. К главным историческим фактам относятся факты, оставившие в общественной жизни заметный след, оказавшие на развитие общества заметное влияние, например, такие, как национально-освободительное движение 1916 г. в Казахстане и Средней Азии. Имея большое историческое значение, главные факты передают основное фактологическое содержание того или иного периода. Они воссоздают картину событий, имеющих определяющее значение в развитии исторического процесса. Из анализа главных фактов вытекают основные выводы и обобщения. В содержании и связях главных фактов могут быть заключены важные теоретические сведения, необходимые для формирования основных идей и понятий. Теоретические положения не одинаковы по своей значимости. Среди главных фактов есть и такие, которые не несут в себе большой теоретической нагрузки. Но они ценны своей образностью, яркостью и эмоциональностью. Изучение их вызывает эмоциональное сопереживание, способствует воссозданию исторической картины прошлого.

К неглавным историческим фактам относятся картографические, хронологические и иные сведения. На наш взгляд, к ним можно отнести и статистические материалы (как опубликованные, так и неопубликованные). Так, например, привлекая архивные статистические данные, исследователь воссоздает картину переселения крестьян в Семиреченскую область в начале XX века: здесь с 1907 по 1915 годы было образовано 214 селений и 26 хуторов русских крестьян, водворено на готовые участки 21603 семьи, зачислено 13826 семей. Наибольшее количество образованных селений приходится на 1911-1912 годы. На военные годы приходится большое число неустроенных крестьянских семей, на эти же годы приходится и большое число семей, ушедших обратно – 1553 семьи за три года[1]. Военные губернаторы Семиреченской области в своих отчетах отмечали несколько причин обратного возврата: главная причина заключалась в том, что крестьяне из южных губерний России не были знакомы с местными условиями обработки почвы и искусственным орошением [2], «непривычкою к климату и тоской по родине»[3], рознью религиозной и бытовой [4], к другим причинам относилось то, что большая часть крестьян уходила отыскивая земли «с готовыми рисовыми полями и готовыми виноградниками». «Часть таких сбитых с толку людей уходит в Персию, часть – даже в Кульджу»[5]. Несмотря на четко разработанную правительственную программу переселения крестьян в Азиатскую Россию, успешно претворявшуюся в жизнь, несмотря на огромные масштабы переселения, люди возвращались на старое место, не прижившись на новом. Анализ архивных данных показывает, что процесс познания идет от фактов к теоретическим выводам.

Опубликованные статистические материалы комиссии П.П.Румянцева, работавшей в Семиречье с 1909 по 1913 гг. для выявления «земельных излишков киргиз», собранные методом подворного обследования, отражают количество земли, сельхозинвентаря и скота у крестьян-переселенцев на момент проведения сбора данных, обобщив и проанализировав которые историк воссоздает картину ведения хозяйства русских крестьян-переселенцев[6].

Факты исторической действительности объективны и по отношению к творцам исторических источников, и по отношению к историку. В них проявляется все многообразие человеческой деятельности и тех отношений, в которых она осуществлялась. Архивные документы показывают, что земли в селениях крестьян на первых порах было достаточно, поэтому ее нередко перedelали не только по числу мужских душ, но и даже по числу едоков[7]. Так, в селении Сазановка Пржевальского уезда переделы земли осуществлялись обществом через каждые четыре года[8]. Крестьяне постоянно жаловались на недостаток земли и ходатайствовали о прирезках к наделам из земель, находящихся в пользовании кочевников. Это подтверждается прошением крестьян селения Сазановка И.Сапожникова и В.Шевченкова в Министерство земледелия и государственных имуществ от 20 марта 1908 г., в котором они сообщали, что при основании селения Сазановки в пользование крестьян был отведен надельный участок в количестве 10000 десятин на 1000 душ мужского пола. Сейчас же, в силу естественного прироста, более 500 душ мужского пола состоят безземельными, на которых требуется свыше 5000 дес. земли, за недостатком земли крестьяне становятся все беднее, поэтому они просили разрешить прирезку необходимого количества пахотной земли из наделов земель Кунгей-Аксукой волости Пржевальского уезда. Они писали, что киргизы «благодарствуют в полном смысле этого слова, ибо пользуются горами для пастьбы своего скота и огромным количеством удобной для пахоты земли, которую совершенно не возделывают и в аренду не уступают» [9]. Поскольку это факты о прошлом, об уже совершившейся материальной и духовной деятельности, постольку они являются однозначными и неизменными по своей пространственно-временной и сущностной завершенности.

Большой круг важных методологических проблем связан и с фактами исторических источников («сообщениями источников»). Это прежде всего вопросы об адекватности отражения творцами источников объективной исторической реальности и о возможностях и путях проверки этой объективности, об информационных потенциях источников и о наличии в них непосредственно выраженной и скрытой информации, о повышении информативной отдачи источников как средства преодоления селективности отражения в источниках исторической реальности и т. д.

Землеустройство и землевладение переселенцев в отдельных уездах Семиреченской области было приблизительно одинаковым. Например, в Лепсинском(44710,2 дес.) и Пржевальском (43837,82 дес.) уездах, куда

стекалось огромное количество крестьян в силу его удобного географического положения, была большая переселенность, поэтому здесь 62,2 % желающих поселиться не получили наделов, а наделенные получили ту земельную норму, которая полагалась крестьянам.

Обратимся к вопросу о хозяйственном использовании наделной земли. Земля делилась на пахотную, усадебную и покосы. Основная часть пахотной земли шла под посевы хлебов – 38,5 % в Пржевальском уезде и 25,8% - в Лепсинском. Остальная часть пахотной земли являлась залежной, что свидетельствует о переложной системе земледелия у переселенцев, которая является одним из признаков экстенсивного земледелия. К.К. Пален писал: «Крестьяне по истощении почвы на обрабатываемом участке и при заглушении полей сорными травами оставляют их в залежь и, если нет запаса свободных общинных земель, берут в аренду свежую землю у киргизов» [10]. Необходимо отметить, что земледелие велось, главным образом, на поливной земле. В отдельных уездах, например, в Лепсинском, на неполивной. Состав посевов на поливных и неполивных землях почти одинаков, но неравнообразны были площади посевов культур на них. Возделываемые культуры были разнообразны: сеяли ячмень, рожь, пшеницу, просо, овес, подсолнух, лен, коноплю, картофель, люцерну, бахчевые культуры. Технические культуры высевались в незначительных количествах и служили для удовлетворения нужд своего хозяйства. Основные культуры на наделной земле были зерновые. На покосы отводилось незначительное количество наделной земли, так как основная часть, как правило, приходилась на арендуемые земли. Покосы делились на луговые, горные, степные и сазные с преобладанием последних.

Источники показывают, что из-за отсутствия земли крестьяне, как и до революции, арендовали землю у киргизов. Нередки были случаи, когда крестьяне, не имея своей удобной пахотной земли, самовольно вспахивали киргизские земли. [11] Ввиду изложенного предписывалось всем уездным, волостным и сельским исполкомам принять самые решительные меры к прекращению хулиганских поступков, а лиц, замеченных и уличенных в совершении таких преступлений, задерживать, арестовывать и предавать революционному суду как мародеров и разбойников. [12]

Следствием нестабильной ситуации революционного времени, гражданской войны, слабой еще Советской власти явился отъезд 191 хозяйства крестьян в количестве 570 человек из Алма-Атинского уезда в Центральную Россию, Сибирь и Кавказ в период с 1919 по 1923 гг. Это были крестьяне, прибывшие в Джетысуйскую область в 1908-1916 гг., выезжали они в места своего прежнего жительства. Причинами отъезда были голод, бесчинства бандитов и страх, что киргизы отберут землю. Но нужно отметить, что в этот же период в Алма-Атинский уезд из Центральной России и Сибири прибыло 61 домохозяйство в количестве 1360 человек, из них 5% составляли граждане, служившие в Красной Армии и находившиеся



в Семиречье по мобилизации временно, то есть до урожая в местах своего выхода на родине.[13]

После восстания 1916 г. киргизское население частью ушло в Китай, частью – в соседние уезды области. Из оставшихся на местах 60% погибли из-за голода 1917-1918 гг. Поэтому в распоряжении земельного комитета оказались большие участки земли для сдачи в аренду. Слух об этих якобы свободных землях привлек крестьян из соседних уездов и областей и таким образом началось переселение в восточную часть Пржевальского уезда. На совещании в Пржевальском областном отделе земледелия в сентябре 1919 г. отмечалось, что в 1917-1918 гг. в Пржевальске образовалось 7 самовольческих поселков на бывших киргизских землях из местного и пришлого населения, и не смотря ни на какое категорическое запрещение о переселении, «граждане плывут и плывут с каждым днем».[14] По мере того, как число переселенцев из России увеличивалось, в Семиречье росло напряжение. Пригодной для ведения сельского хозяйства земли здесь было немного, и лучшие ее части были уже заняты владениями казачьих войск. В результате росло недовольство кочевников, не слишком довольны были и крестьяне-переселенцы. Земли не хватало, условия жизни были довольно тяжелыми, а необходимость арендовать поля и пастбища у казаков усиливала напряжение в отношениях между ними. 25 марта 1918 г. Комиссариат по урегулированию русско-киргизских отношений издал приказ №2, по которому все самостоятельные захваты земель и имущества киргизского населения должны караться военно-революционным трибуналом.

Земельный комитет постановил, что лица, самовольно захватывающие земли в Пржевальском уезде подлежат суду, и поручил Земельной комиссии сделать подробное обследование этих захватов и передать в следственную комиссию военно-революционного трибунала. Оказалось, что в киргизской Бакачинской волости в районе селения Баженовки поселилось 30 семей из селений Столыпина, Сухотиновского, Рождественского Нарынского подрайона, селения Семеновки Пржевальского подрайона, Сыр-Даринской и Акмолинской областей. На киргизском участке Темировка поселилось 24 семьи из Джаркентского, Лепсинского, Пишпекского уездов, г.Верного, Сыр-Дарьинской, Семипалатинской областей, Оренбургской губернии, селений Григорьевки и Сазановки Пржевальского уезда. На киргизском участке Большой Урюкты поселилась 51 семья крестьян из Нарынского, Пржевальского подрайонов, Пишпекского уезда, Харьковской, Томской губерний, Сыр-Дарьинской области, г.Верного. На землях киргизов Курмектинской волости поселилось 16 семей из Пишпекского, Лепсинского уездов, Сыр-Дарьинской области.[15] Все они построили себе глинобитные дома, 90% из них сделали посевы. Причинами переселения их в Пржевальский уезд были безземелье, малоземелье или непригодность бывших наделов. Все эти самовольные захваты сильно осложнили работу по подготовке и проведению в жизнь земельной реформы на основании закона «О социализации земли» от 27 января 1918 г., обостряли взаимоотношения

между киргизами и русскими, а также вели к неправильному использованию долинной земли в отношении к горной части, нарушали систему водопользования. Следует отметить, что крестьяне, не надеясь окончательно остаться на захваченных землях, вели хищнический способ обработки земли, распахивая зачастую природные сенокосы.

Таким путем киргизское население, амнистированное и возвратившееся на родину после восстания 1916 г., оказалось совершенно без земли, хотя по земельной реформе право на получение в первую очередь земли имело коренное население.

В общем, преодоление субъективности и иллюзорности сообщений источников, выявление степени адекватности отражения ими фактов, исторической действительности и раскрытие информативных возможностей источников открывают путь к использованию содержащихся в них фактов как основы для научного познания исторической реальности.

Переходя к рассмотрению проблем, связанных с научно-историческими фактами, прежде всего надо подчеркнуть, что это факты, которые формируются самим историком. Они представляют собой отражение его сознанием фактов исторической действительности на основе фактов исторических источников, так например, в одной статье историк может использовать материалы различных фондов, даже различных архивов, но поставленных в надлежащую связь. Поэтому здесь, с одной стороны, возникает проблема ответственности историка за объективность процесса формирования фактов, конечном счете – проблема профессионального мастерства историка.

Основным методологическим принципом, соблюдение которого обеспечивает представительность необходимых научно-исторических фактов, является системность этих фактов. Для проникновения в суть изучаемой исторической реальности нужна не просто совокупность фактов, а именно система фактов. Система научно-исторических фактов отличается от простой их совокупности тем, что в системе факты взаимосвязаны и образуют некую содержательную целостность, отражающую основные черты и взаимосвязи объекта познания.

Тем самым теоретический анализ дает возможность установить содержательный круг необходимых научно-исторических фактов. На этой основе происходит выявление источников, заключающих необходимые факты, и устанавливаются их достоверность и точность. Лишь после этого можно приступить к формированию самой совокупности научно-исторических фактов. Эта совокупность должна быть представительной, т. е. должна создавать возможность для решения поставленной задачи.

Советская власть в Семиречье систематически занималась вопросами земельных преобразований и развития сельского хозяйства в области. Политика Советской власти в Семиречье сводилась к беспощадной борьбе с кулаками, манапами и баями, к твердому проведению продовольственной политики, к решительной борьбе с кустарничеством в работе местных

органов, к очистке всех органов власти и учреждений от «примазавшегося шкурного элемента», борьба с разгильдяйством, местничеством и трудовым дезертирством.[13]

Разоренные крестьяне старались поправить свое хозяйственное благосостояние за счет других, главным образом, киргиз. Экономическое положение на местах было самое печальное. Посевов было произведено недостаточно. «На рынке ничего нет, а потому нет и мелкой торговли. На деньги ничего нельзя приобрести. Организованные общественные работы и трудовая повинность не проводятся. Первостепенно заготавливаются мясной и хлебный продукты и дрова».[14] Председатель областного военного революционного комитета А.Позднышев писал уездным ревкомам, что приказ о приостановлении торговли продовольственными продуктами в связи с монополией понят ими как приказ о закрытии рынков, на основании чего они отбирают на базарах все, вплоть до лепешек, что «в корне неправильно, особенно в то время, когда государственные распределительные органы не налажены и периодических выдач продовольствия населению не производят».[15] Облвоенревком издал приказ № 196 от 8 декабря 1920 г. по которому рабочие и батраки, занятые в сельском хозяйстве, в Семиреченской области организовывались в производственно-профессиональное политическое объединение под названием «Союз сельскохозяйственных рабочих и батраков», который должен был стать классовой опорой Советской власти в Семиречье.[16]

В июле 1920 г. заведующий подотделом обобществления сельского хозяйства Лепсинского уездного отдела земледелия сделал доклад, в котором говорилось о том, что сельскохозяйственная жизнь и экономическое состояние Лепсинского уезда вконец нарушено гражданской войной, протекавшей в течение более двух лет в чудовищных формах самоистребления и уничтожения всего сельского и промышленного хозяйства уезда. Население частью было выбито, частью бежало в паническом страхе, кто куда мог. Неоднократный переход уезда из рук в руки перепутал имущество населения до невозможности. В землепользовании и землевладении получился такой невообразимый хаос, - докладывал чиновник, - что потребуется масса энергии и времени, чтобы ликвидировать его[17]. Необходимо было время, чтобы население могло усвоить принцип советского строительства.

В целом, если говорить о политике Советской власти в отношении русских крестьян-переселенцев в Семиречье, то можно сказать, что на первом этапе после свершения Октябрьской революции, новая власть, занятая установлением ее на местах, не уделяла большого внимания именно русским крестьянам и на местах как бы продолжалась прежняя колониальная политика, а с началом проведения политики «военного коммунизма» к крестьянам стали предприниматься более жесткие меры, обусловленные требованиями общей политики страны к крестьянству.

Следует подчеркнуть, что на стадии оперирования с фактами исторических источников важное значение имеет герменевтика, т. е. правильное истолкование, объяснение истинного смысла этих фактов.

Таким образом, собирая материал, историк из множества исторических фактов воссоздает картину ведения хозяйства, экономического положения крестьян, социальных отношений, их повседневной жизни так же, как художник воссоздает картину-мозаику. Выборочный метод не исключает возможности формирования доказательной системы научно-исторических фактов. Необходимо лишь, чтобы эта выборка была репрезентативной. Поэтому применение выборочного метода в исторических исследованиях допустимо не «из нужды», а принципиально.

- 
1. Мийманбаева Ф.Н. Русские переселенцы в Семиречье в к. XIX – XX вв. / Учебное пособие по спецкурсу. - Алматы, 2002. С.17.
  2. РГВИА. Ф.400. Оп.1. Д.3485. Л.25 об.
  3. РГВИА. Ф.400. Оп.1. Д.4493. Л.6.
  4. Когуровский К. Крестьянское хозяйство и переселение: Итоги размеров и результаты переселенческого движения за истекшие 30 лет. // Русская мысль. 1894. Вып.3. С.73.
  5. РГВИА. Ф.400. Оп.1. Д.4370. Л.5.
  6. Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. – СПб, Пг, 1911-1916.
  7. Логанов Г. Россия в Средней Азии. // Вопросы колонизации. Б.г. №4. С.64.
  8. ЦГИА РФ. Ф.391. Оп.3. Д.828. Л.54 об.
  9. ЦГИА РФ. Ф.391. Оп.3. Д.828. Л.55.
  10. РГВИА. Ф.400. Оп.1. Д.4094. Л.2.
  11. ГААО. Ф.361. Оп.1. Д.364. Л.26.
  12. ГААО. Ф.361. Оп.1. Д.1. Л.26 и об.
  13. ГААО. Ф.361. Оп.1. Д.169. Лл. 129, 130.
  14. ГААО. Ф.350. Оп.1. Д.86. Л.88.
  15. ГААО. Ф.349. Оп.1. Д.20. Л.382.
  16. ГААО. Ф.349. Оп.1. Д.60. Л.375.
  17. ГААО. Ф.136. Оп.1. Д.13. Лл.265.

**«ҚАЗҰУ СТУДЕНТІ ОҚУҒА ТИІС 100 КІТАП» ЖОБАСЫНА  
САЙ «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДА КӨРКЕМ  
ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**С. Смағұлов** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2012 жылдың басында жастарға, қоғамға ой салатын жоба жасады. Бұл жоба «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» деп аталады. Ол өз елінің тарихын, мәдениетін, рухани құндылықтарын терең меңгерген, әлеуеті биік, мәдениеті жоғары, көзі ашық,

көкірегі ояу маман қалыптастыру үшін жастарды кітап оқуға үндеуді күн тәртібіне қойды. Осы жобаны талқылау барысында ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов «Адам өмір бойы оқуы керек. Бұл алғашқы бастама. Бұл кітаптардың тізімі толығы бермек. Біздің мақсат – ҚазҰУ-ға оқуға келген жас студенттік төрт жылда жүз кітапты оқып шығуы азаматтық борыш екендігін сезіндіру. Өзге жоғары оқу орындары студенттерінен ерекшеленетін басымдығы да осы болмақ. Осылайша, жастар арасында кітап оқуды сәнге айналдыру қажет. Міне, «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы осындай мақсатта қолға алынып отыр. Бұл рухани, үлкен жоба. Әр университет өз түлегімен мақтанатындығын ескерсек, дайындаған кадрларымыз рухани дүниемен сусындап шықса, мықты маман болары сөзсіз», - деп ойын сабақтады.

«Қазақ университеті» газетінде 2012 жылы 24 қаңтарда «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері оқуға тиіс 100 әдеби шығарма тізімінің жобасы» алғаш рет берілді. Олардың кейбіреулері мыналар:

1. Абай. Шығармалар жинағы
2. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы»
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық»
4. Ілияс Есенберлин. «Көшпенділер»
5. Әбдәжәмил Нұрпейісов. «Қан мен тер»
6. Сәбит Мұқанов. «Өмір мектебі»
7. Махамбет Өтемісұлы. Таңдамалы шығармалары
8. Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз»
9. Мұхтар Мағауин. «Аласапыран»
10. Дулат Бабатайұлы «Өсиетнама» жинағы
11. Қабдеш Жұмаділов. «Тағдыр»
12. Әнуар Әлімжанов. «Махамбеттің жебесі»
13. Сәкен Жүнісов. «Аманай мен заманай» романы.

Тізімде хакім Абай, данышпан Шәкәрім, жыр алыбы Жамбыл, алдаспан ақын Махамбет, әлемдік классиканың дарабозы сынды біртуар тұлғаларымыздың қаламынан қалған бай мұралар мен жалпы қазақ әдебиетінің, әлем әдебиетінің алтын қорындағы аса құнды шығармалары орын алған.

Біздің ойымызша, сонымен қатар осы тізімге қосымша төмендегі көркем туындыларды енгізуге болар еді:

- Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу»
- Ғабиден Мұстафин «Қарағанды»
- Хамза Есенжанов «Ақ Жайық»
- Зейін Шашкин «Тоқаш Бокин»
- Қасым Қайсенов «Жау тылындағы бала»
- Әди Шәріпов «Партизан қызы»
- Ғабит Мүсірепов «Қазақ солдаты».

Бұл шығармалар студенттерге Қазақстан тарихы пәнін оқытуда зор көмек болар еді.

Жоғары оқу орнында студенттерге «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда көркем әдебиетті пайдалана білу – студенттердің тарихи мәселе туралы ұғымдарының терең, жүйелі болуына, тарихи мәселелерді нақты тұжырымдап, ғылыми қорытынды шығара білуге үйретудің оңтайлы жолдарының бірі. Көркем әдебиет тарихи деректерді студенттің образды түрде қабылдауына, пәнге деген ынталылығын арттыруға жәрдемдеседі. Бұл пәнді оқытуда көркем әдебиетті үйлесімді пайдалану студент-жастарды патриотизм, отансүйгіштік рухында тәрбиелеуге игі ықпал ететіні аян. Сондықтан ЖОО-да Қазақстан тарихын оқытатын алдыңғы қатарлы оқытушылардың тәжірибелерін, оқыту әдістерін жетілдіре түсу саласындағы зерттеулерді қорытындылай келіп, Отан тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану және оның әдістемесін айқындай түсуді осы мақаламызға өзек еттік.

Қазақстан тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану әдістемесі қазірде өзекті мәселенің бірі болып отыр. Өйткені бұл пәнді оқыту барысында орайын тауып, тиімді пайдаланылған көркем әдебиет студенттің ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, эстетикалық танымын жетілдіруге және эмоциялық әсер алуына ықпал етеді, сонымен бірге студенттің өздігінен ізденуіне мүмкіндік туғызады.

Бұл мәселені арнайы қарастырудың тағы бір маңызды жағы Қазақстан тарихының өзіндік ерекшелігіне байланысты болып отыр. Өйткені Қазақстандағы қоғамдық ойлар, қазақ халқының тарихы оның әдебиетімен тығыз байланысты. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар оның реалистік бағыттағы көркем әдебиетінің көрнекті үлгілерінде тарихи шындық тұрғысынан соншалық дәлме-дәл суреттеліп отырған. Сабақ барысында тарихи оқиғалар мен мәселелерді түсінікті етіп баяндауда, тарих ғылымының түйінді мәселелерін эмоциялық әсермен жеткізуде тарихи-көркем әдебиеттің маңызы зор. Сондықтан Қазақстан тарихын оқытуда көркем әдебиетті пайдалану әдістерін арнайы қарастырып, көпшілікпен пікір алмасуды мақұл көрдік.

Қазақстан тарихы жоғары оқу орнында оқылатын басты да негізгі пәндердің бірі. Кешегісіз бүгінгіміз, ал бүгінсіз ертеңіміз жоқ екенін шәкірт тарих арқылы білетіні ақиқат. Олай болса, мәселе пән оқытылса жетеді деген түсініктен айығып, қайта осы пән арқылы халқының тарихын терең ұғынып, оны саналы меңгеру арқылы адамгершілік сапалар негізін дәрісте алуға тиісті деп қараған жөн. Тарих сабағы – адамгершілік пен отаншылдыққа баулып, өткен өмірді терең білу арқылы ертеңге деген дұрыс бағдар жасаудың тиімді жолы болуға тиіс.

Көркем әдебиет тарихи шындықты көре білуге, өзінің азаттығы мен бостандығы үшін күресуші халықтың ерлік істеріне сүйсіне қарауға үйретеді. Қоғам дамуының күрделі мәселелерін терең ұғыну үшін көркем әдебиетті пайдалану студенттің ойлау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар көркем әдебиет оқытушының тиісті мәселені түсінікті, дәлелді, мазмұнды жеткізіп, студентке теориялық ұғымдарды меңгеруіне жәрдемдеседі. Көркем әдебиет

студентке терең білім беріп, рухани дамуына көмектеседі. Тарихты оқытуда көркем әдебиетті пайдалану студентті еңбектену білуге үйретеді. Сөйтіп оның оқып-үйренуге қызығушылығы арта түседі.

Тарихты оқытуда әдеби шығармаларды қолдана білу – тарихи шындықты жете ұғынып, өзінің азаттығы мен бостандығы жолында күрескен халықтың ерлік істеріне сүйсіне қарауға үйретеді. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» романы студенттерге ХІХ ғасырдағы қазақ халқының жай-күйі, тұрмысы, кәсібі, салт-санасы туралы жан-жақты түсінік берсе, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы Қазақстандағы 1916-1920 жылдар аралығындағы оқиғалардың қайшылықтарын ұғынуына көмектеседі.

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи-көркем әдебиетті пайдалану студенттердің тарихи оқиғалар мен құбылыстарды ойына ұзақ сақтауына әсер етеді. Өйткені тарих қоғамдағы оқиғаларды нақты деректермен дәлелдесе, тарихи-көркем әдебиет сол оқиғаларды бейнелі кесінмен елестетеді. Сөйтіп, тарихи деректі жай бір өтіп кеткен іс, оқиға, факті ретінде емес, адам тағдыры, оның басынан кешкен сан қилы оқиғалар ретінде түсініп, оған терең мән бере тебірене қарауына ықпал етеді.

Тарихи-көркем әдебиет дәуірдің қоғамдық-саяси сипатын, сол кезеңдегі оқиғаның даму барысын дұрыс түсінуге көмектеседі. Оқушы типтік бейнелерді білу арқылы тиісті дәуірдің тынысын, заман келбетін терең де жан-жақты сезініп, айқын тануға мүмкіндік алады. 1916 жылдың қарсаңындағы қазақ халқының жағдайы мен ұлт-азаттық көтерілісі, кеңес өкіметінің орнауы Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды», Ә.Нүрпейісовтің «Қан мен тер», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романдарында шебер бейнеленген. Мұндай көркем туындылар студент ойын тарих қойнауына тереңірек бойлаттырып, сол кезеңді жете саралауына жетелейді. Егер студент тарихи мәселені терең, дұрыс түсінген болса, тарихи-көркем әдебиетте суреттеліп отырған қоғамдық қайшылықтарды ғылыми түрде ұғынып, оған орынды түрде талдау жасай алады. Мұның өзі тарихи фактіні саналы ұғынумен бірге, студенттің бойына ғылыми көзқарас қалыптастыруға тәрбиелейді.

Отан тарихын оқытуда ретті пайдаланылған тарихи-көркем әдебиет студенттердің тарихи кезеңді терең түсініп, қоғам мүшелерінің арақатынастарын кеңінен танып, тарихи үрдістердің өмірлік маңызы бар күрделі мәселе екенін жан-жақты ұғынады. Одан бүгінгі өмірге қатысты дұрыс тұжырымдар шығарып, адамгершілік тәлім алады.

Қазақстан тарихын оқытуда үйлесімді пайдаланылған көркем әдебиет студент-жастардың өз халқына, оның алдыңғы қатарлы дәстүріне деген сүйіспеншілікке, оны құрметтей білуге тәрбиелейді. Мысалы, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы отарлық езгіге қарсы Исатай Тайманұлының басшылығымен болған шаруалар көтерілісінің мәнін жеткізуде Махамбет жырларын және Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романын пайдалану студенттің еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық

сезімін оятады, өзінің азаттығы жолында күрескен ата-бабаларын құрметтеп, олардың ерлік дәстүрін мақтан тұтуға ынталандыра түседі.

Сонымен көркем әдебиет, әсіресе тарихи-көркем әдебиет студенттің Отан тарихы пәнінен игеретін білімінің сапасын жетілдірумен қатар, сезіміне, түсінігіне әсер етіп, тәрбиелік ықпал жасайды. Ол әдеби кейіпкер, образ арқылы өткен өмірге, тарихи шындыққа үңіліп, оны терең танып, ол жөнінде ойланып-толғанып, тиісті тұжырым жасайды. Білім, тәлім-тәрбие алады.

Көркем әдебиетті қисынды пайдалану тек студент үшін ғана емес оқытушы үшін де қажет. Көркем әдебиет оқытушының тарихи мәселені түсіндірудегі ойын тартымды да көркем тілмен, көңілге қонымды баяндауына мүмкіндік береді. Көркем әдебиет студенттің де, оқытушының да сөздік қорын дамытып, ой-пікірін нәрлендіріп, ойын оралымды жеткізуіне көмектеседі.

Отан тарихын оқытуда ретті және үйлесімді пайдаланылған көркем әдебиет студенттің қазақ халқының тарихи өткен жолын, ұлт азаттығы жолындағы қаһармандық күресін, еліміздің дәулеті мен мәдениетін дамытуға сіңірген ерлік еңбегін терең біліп, одан үйреніп, тәлім алуына ерекше ықпал етеді.

Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын әдебиет нұсқаларын мынадай үш салада топтастырған жөн: біріншісіне авторы сөз болып отырған тарихи дәуір кезінде өмір сүріп, тарихи оқиғаны өзінің шығармасына арқау еткен туындылар мен ғұмырнамалық (мемуарлық) шығармалар, екіншісіне авторы тарихи дәуірден кейін өмір сүргенімен тарихи оқиғаны зерттеп, оны өзінің ой елегінен өткізу арқылы жазылған көркем шығармалар, ал үшіншісіне фольклорлық тарихи көркем шығармалар жатады.

Сонда бірінші топқа белгілі бір тарихи оқиға тұсында өмір сүріп, оның тікелей куәгері болған ақын-жазушылардың тарихи ақиқатты көрсететін туындылары іріктеледі. Бұған XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шаруалар көтерілісі туралы Махамбет Өтемісұлы жырлары, Қазақстанда кеңес өкіметін орнату жолындағы оқиғаларды суреттейтін Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», Ұлы Отан соғысындағы қазақ жауынгерлері туралы жазылған Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Ә. Нұрпейісовтың «Күткен күн» романдары, партизандардың ерлігін суреттеуге арналған Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала», Әди Шәріповтің «Партизан қызы» шығармалары және басқа да туындылар жатады.

Екінші топтағы шығармаларға өзінен бұрынғы өткен тарихи мәселелер төңірегіндегі деректер мен мағлұматтарды жинақтап, зерттеу барысында жазған жазушылардың еңбектері жатады. Бұған мысал ретінде Әуезовтің «Абай жолы», Ілияс Жансүгіровтің «Күй», Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз», Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» секілді туындыларын атауға болады.



Үшінші топқа халық творчествосы – фольклорлық тарихи шығармалар жатады. Мұндағы бір ерекшелік – бұл топтағы шығармалар кейде анық тарихи оқиғаға негізделген жырлар, мақал-мәтелдер, аңыздар, кейде кейіпкерлері тарихта болған адамдар туралы жазылған шығармалар түрінде кездеседі. Қазақ халқының ғасырлар бойы жүргізген азаттық жолындағы күресі әдебиеттен де терең орын алған. Мұны ауыз әдебиеті шығармаларынан байқауға болады.

Отан тарихын оқытуда пайдаланылатын көркем әдебиетті іріктеуді мерзімдік жағынан бұлай топтастыру қазақ әдебиетінің өрістеуіндегі және халқымыздың қоғамдық дамуындағы ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне үйлесімді келеді. Өйткені біздің көркем әдебиетіміз қазақ халқының тарихи дамуының көркем шежіресі іспетті. Зер салып қараған адамға қазақ қоғамының тарихи дамуының барысындағы үлкенді-кішілі оқиғалардың көркем әдебиетте суреттелмегені, жырланбағаны жоқтың қасы. Қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалардың көпшілігі әдебиеттен тиісті дәрежеде орын алып отырған. Сол себепті қазақ халқының тарихын зерттеушілердің бәрі де қазақ әдебиетінің мұраларына үнілмей кете алмайды. Қазақ халқы – өзінің тарихын әдебиеті арқылы баяндаған халық. Оның әдебиетінде кейбір образдық әсірелеуіне қарамастан тарихи деректер мен айғақтар соншалық мол да ұтымды берілген. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетінде мән-мазмұны жағынан бір-бірімен өте тығыз байланысты келіп отыратын мәселелер аз емес. Былайша айтқанда, қазақ халқының басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар, қоғамдық даму барысындағы түрлі мәселелер оның әдебиетінде де із қалдырған.

Осы топтағы шығармалардың кез келгені тарихты толықтырып, кеңірек мағлұмат береді. Тарих пен әдебиет бірін-бірі толықтырып, терең түсінік беруге жәрдемдеседі. Ауыз әдебиетінде халық өзінің тарихын, басынан кешкен оқиғаларын, тарихи кезеңде өмір сүріп, қолбасшылық еткен нақты адамдарды кең пейілімен суреттеп, олардың бойына ерлікті, ақылдылықты, алып тұлға мен асқан шешендікті, көсемдікті үйіп-төгіп, ұмытылмас ірі тұлғалар жасаған. Халық өзінің арман мүддесіне сай болуы тиісті-ау деген талап-тілегін де сол кейіпкерлерге жүктеп, соның бойына сыйғыза суреттеген. Халық өзінің мұратына лайық батыр ұлдары мен қыздарын, олардың ерлік, адамгершілік сипаттарын жырлап, тарихи оқиғаларды сол кейіпкерлер арқылы, солардың бастарынан өткен істері арқылы жеткізіп отырады. Батырлар жырының көбінің негізінде тарихи оқиға жатады. Қазақ ауыз әдебиеті ел тарихымен тығыз байланысты. Тарихи деректің бай көзі – батырлық жыр толғаулар. Эпостың негізгі ерекшелігі – оның тарихпен, тарихи оқиғалармен байланыстылығы. Ауыз әдебиеті материалдары қоғам өмірінен, тарихи болмысынан құнды деректер береді.

Ғасырлар бойы өмір сүріп келген осы бір дәстүрлі жырлардағы тарихи деректерді, еліміздің тарихын оқытуда орынды пайдаланудың мәні зор. Ол біріншіден, тарихи шындықты терең түсінуге жәрдем етсе, екіншіден, сол кездегі халықтың көркемдік ойының дәрежесін байқауға мүмкіндік берді,

үшіншіден, халықтық дәстүрді құрметтей қарауда тәрбиелік мазмұнға ие болды.

Көркем әдебиетті пайдалану студенттерді тиісті мәселені тарихи тұрғыдан ойлай, салыстыра білуге, одан тиісті қорытынды шығара білуге жаттықтырады. Ал тарихи-көркем әдебиеттен келтірілген үзіндінің мазмұны тартымды, көркем, пікірі тиянақты, әсерлі болуымен қатар, көлемі ықшам болғаны жөн. Сонымен қатар, логикалық жағынан үйлесімді болып, алдын ала іріктелген әдеби үзінділер тақырыптың ішкі мәнін тереңірек ашуға жәрдемдесуі керек. Сабақ үстінде тарихи-әдебиетке бөлінетін уақыт 3-4 минуттан артпауы тиіс. Онда белгілі бір тиісті шығармадан сабақтың тақырыбына сай үзінді оқылуы, цитат келтірілуі, немесе мазмұндау, сілтеме жасау әдістері қолданылуы мүмкін. Мол тарихи-көркем әдебиеттің бәрін бірдей сабақта пайдалану мүмкін емес, сондықтан тарихи оқиғаға байланысты әдебиеттерге сілтеме жасауға да мән беріледі. Сонымен тарихи күрделі құбылыстарды тиянақты түсіну үшін қолданылатын көркем әдебиетті пайдаланудың негізгі тәсілдері – үзінді оқу, цитата келтіру, өздігінен атқаратын істер, мазмұндау, талдау, сілтеу, салыстыру және түрлі жазбаша жұмыстар. Бұл әдістер студентті тарихи мәселеге өзіндік тұрғыдан баға бере алуға жаттықтырумен қатар олардың дербестігін дамытады.

Қорыта келгенде, Қазақстан тарихы пәні бойынша тарихи оқиғаны баяндауда тарихи-көркем әдебиеттен келтірілген мәліметтер мен мысалдарды нақты деректермен қабыстыру студенттің тарихи құбылысты терең тануына және оны бір-бірімен салыстыру барысында тиісті пайымдау жасауына мүмкіндік туғызады. Бәрінен бұрын тарихи деректі белгілі межеде өзіндік тұрғыдан танып, түсініп, оны жан-жақты ұғынуға деген ынтасын арттыра түседі. Соның нәтижесінде студенттің өздігінен ізденіп, кітапханалық көрсеткіштер мен анықтама арқылы түрлі жүйедегі әдебиеттерді тауып алуына, оны қажетіне лайық пайдалана білуіне мүмкіндік туады. Іздену барысында студент баяндама әзірлеуге, реферат жазуға төселіп, жолдастарының еңбегіне сын көзбен қарауға оған сын-пікір айтуға үйренеді.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР

*С.С. Саржанова* - т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы.

Халықаралық білім беру стандартына сай жоғарғы оқу орындарында тарих емес факультеттерге «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуға 15 кредит бөлінеді. Бұл кредит 15 аптаға негізделіп құрылады, яғни осы уақыт аралығында Қазақстан тарихының алғашқы қауымдық құрылысы кезеңінен бастап бүгінгі таңға дейінгі аралықты қамту көзделеді. Бағдарлама барысында отандық тарих ғылымының әдістемелік және теориялық проблемаларын қамту, деректер мен тарихнамаларды іріктеу және Қазақстан тарихы әлемдік тарих бөлшегі ретінде дәлелдеу жоспарланады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың ұлттық санасы өсіп, халықтың ұлттық идентификацияға деген талпынысы артуда. Мемлекет тарапынан да ұлттық тарихты дамытуға бағытталған бағдарламалар қабылдануда. Жалпы тарих ғылымы мен қоғам тығыз байланысты. Сондықтан да мемлекеттік биліктің тарих ғылымының дамуына араласуы заңды процесс.

Тәуелсіздік жылдары тарих ғылымы саласында орын алған өзгерістер халықтың ұлттық санасына үлкен әсерін тигізді. Ұлттық сананың өсуімен бір мезгілде халықтың өткен тарихына деген қызығушылығы артты. Бұл жағдай жылдан-жылға айқын байқалуда: тарих емес факультет студенттерінің де өз тарихын оқуға деген талпынысы артуда.

Жоғарғы оқу орындарында оқу процесі барысында студенттерді тәрбиелеу жұмысы бірге жүргізіледі. Бұл бағытта тарих ғылымының атқаратын рөлі зор. Өйткені, ұлттық тарихты, ұлттық бағалықтарды оқыту барысында жастардың ұлттық санасының өркендеуі сөзсіз. Курс барысында студент өзін тарихи-мәдени контексттің ажырамас бөлшегі ретінде сезініп, өркениет кеңістігіндегі бағытын анықтайды. Сонымен қатар «Қазақстан тарихы» курсы оқу барысында студенттің тарихи ой тұжырымдауы дамиды. Студент өткен тарихты сол дәуірдің бағалықтары, идеологиясы негізінде түсініп, бүгінгі көзқарас тұрғысынан жаңаша баға беруді үйренеді.

Қазақстан тарихы – гуманитарлық пән. Сондықтан дәріс оқудың өзі өнер десек қателеспейміз. Антикалық дәуірде тарихқа өнер ретінде қарап, тарихты қолдаушы Клио есімді құдайға табынған. Қазақтың ұлттық фольклорында да сөз өнеріне үлкен мән берілгені белгілі. «Сөз – өнер атасы» деп, шешендік өнерге тәрбиелік мән беріп, ұлы бабаларымыздың шешендік өнерін үлгі тұтқан халықпыз. Соған орай тарих емес факультеттерде тарих пәніне ораторлық өнерді уағыздаушы құрал ретінде де қарауымыз жөн.

Таптық антогонизмге негізделген маркстік-лениндік зерттеу әдісінің тарих ғылымын, әсіресе, ұлттық тарихты дағдарысқа тірегені белгілі. Осыған орай отандық тарихшылар тарапынан жаңа зерттеу әдістері ұсынылып жатыр. Өкінішке орай, бүгінгі таңда отандық тарихты зерттеудің әмбебап әдісі жоқ. 90-шы жылдардан бері маркстік-лениндік зерттеу әдісінің орнына тарихты өркениеттік тұрғыдан зерттеу кеңінен қолданып келеді. Түркі өркениетінің негізін қалаушылардың алдыңғы қатарында алаш зиялылары – А.Байтұрсынова, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, М.Дулатов т.б. тұрды. Бұл бағытты Қырым татары И.Гаспринский, Осман түріктері А.Уафык пен Сулеймен паша, Волга татары Ж.Ақшора, башқұрт Заки Уалид Тоған т.б. жалғастырды. Кеңестік тәртіпке қаймықпай түркі өркениетін паш еткендер қатарынан О.Сүлейменов құрметті орын алады. Кейінгі жылдары түркі өркениетін М.Аджи, А.Абдакимов т.б. мәдениеттанушылар мен тарихшылар әлемдік өркениеттер тұрғысынан зерттеу барысында.

Бүгінгі таңда өркениеттік бағыт төңірегінде де тұрақты пікір жоқ. Тіпті «өркениет» категориясының өзі зерттелу үстінде. Өркениет ұғымы табиғи, жағрапиялық, экономикалық, діни факторлар негізінде анықталатынын ескерсек, бұл тұжырымның зерттеле түсуі сөзсіз. Өйткені, өркениет дегеніміз адам өмір сүретін қоғам деп алсақ, адам өзі өмір сүретін қоғамын жан-жақты жақсартуға ұмтылады. Бұл тарихи заңдылық.

Тарихты зерттеудің түрлі жолдарымен танысқан студенттің өзіндік ойлау жүйесі дамиды. Пәнді оқытудың әдістемелік плюрализмі негізінде студенттің гуманитарлық көзқарасы қалыптасады, сонымен қатар бүгінгі ақпараттық қоғамда ұлттар арасындағы татулық, бір-бірін түсіну, миссионерлік ұйымдардың көздеген мақсатын ажырату сияқты мәселелерді шеше алады.

Қазақстан Республикасының саясат, мәдениет, экономика, білім жүйелеріндегі халықаралық байланысы сапалы білім алған мамандарды қажет етуде. Шетел мемлекеттерімен біріккен мекемелер, фирмалар мен шетел компаниялары білімді, шығармашылығы жоғары, туындаған кәсіби мәселелерді шеше алатын мамандарды ғана жұмысқа қабылдайды.

Әрбір адамның өміріндегі маңызды қадам – болашақ мамандығын таңдау және ЖООда білім алу екені белгілі. Ресей әлеуметтанушыларының биылғы жүргізген сауалы бойынша талапкерлердің 78 пайызы сапалы білім беретін оқу орнын таңдайтынын айтқан. Сондықтан ЖОО оқытушылары сабақ барысында студенттің пәнге, таңдаған мамандығына деген қызығушылығын арттырып, студенттің жеке тұлға болып қалыптасуына бағыт беруі керек.

Нарықтық қарым-қатынас заманында тарих емес факультеттер студенттері арасында «Қазақстан тарихы» пәнін оқу қажет пе деген мәселе туындайды. Бұл мәселеге байланысты көптеген оқытушылар студенттерге эссе жаздырып, алғашқы семинар сабағында талқылайды. Бүгінгі таңда әрбір ЖОО өз түлектерінің моральдық тұрғыдан қалыптасуына жауап беретінін ескерсек, олардың ұлттық тарихын жетік білетін тұлға ретінде қалыптастыру жауапкершілігі оқытушыға жүктеледі. Ұлттық тарихын, өзі өмір сүріп жатқан мемлекет тарихын нашар игерген адамға қатысты «жеті атасын білмеген жетім» деп бабаларымыз кезінде әділ шешімін шығарған болатын.

«Қазақстан тарихы» пәні тарих емес факультеттерде 15 апта барысында оқылады. Осындай аз уақытта тарихты тиісті оқыту үшін оқытушының сабақтары негізінен тарихтың проблемалық тұстарын қамтуға негізделуі дұрыс деп ойлаймыз. Яғни әрбір тарихи процесті анализдеуге негізделген сабақ, біріншіден, студенттің көзқарасын кеңейтеді, екіншіден, жылдар мен айлар негізінде баяндалатын дәстүрлі сабақ беру жолын заман талабына сай өзгертеді. Бұл бағыттың тағы бір ұтымды тұсы – өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, бәсекеге төтеп бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Оқытушы қойған проблеманы шешу барысында студент ,біріншіден, жылдар мен айларды есте сақтауға қабілеттенеді, екіншіден, түрлі тарихи әдебиет, ақпарат құралдарын, интернет жүйесін пайдалануды үйренеді. Сонымен қатар, әрбір тарихи проблемаға қатысты студенттік өзіндік тұжырымы қалыптасады. Проблеманы шешу барысында студент басқа студенттің проблемаға қатысты өзгеше пікірін тыңдауды, жалпы бір-бірінің ой-тұжырымдарын сыйлауды үйренеді.

Жаңа ақпараттық және педагогикалық технология дәуірінде оқытушының рөлі де өзгерді. Бүгінгі таңда оқытушы тек білім беруші тұлға емес, ол студенттің өзіндік шығармашылық жұмысының басшысы. Бұл жағдай сабақ берудің интерактивті түрлерінің күннен күнге жақсаруын талап етеді.

Интерактивті технология заңдылықтарына сай бүгінгі таңда дәрістер бағдарламаға сай дәстүрлі түрде өткізілмейді, көп жағдайда лекция кішігірім пікір сайыс түрінде өткізіледі. Дәріс оқудың бұл түрі, біріншіден, лек болып келген студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырады, екіншіден, дәріс барысында оқытушы жұмысын белсендіреді. Нәтижесінде аудиториядағы оқытушы мен студент арасынбағы байланыс күшейіп, студенттің пәнге деген қызығушылығы артады.

Бүгінгі таңдағы сабақ жүргізудің әдістемелік инновацияларының бәрі дерлік интерактивті әдістермен тығыз байланысты. «Интерактив» ағылшынның “interact” сөзі, яғни «бір-бірімен байланыс» деген мағынаны білдірсе, “act” сөзі «іс-қимыл» мағынасын береді. Сонымен сабақтың интерактивті әдісі студент пен оқытушының сұхбатына негізделіп құрылады. Осындай сабақ мақсатының бірі – сабақ нәтижесінде студенттің интеллектуалды табысының нәтижесін көрсету. Интерактивті сабақтың ұтымды тұстарының бірі - аудиториядағы студенттердің барлығы дерлік сабақ процесіне тартылады. Сабақ тақырыбы талқылау процесінде әр студент өзіндік дайындығын, ой-пікірін ортаға салады, пікір сайысы нәтижесінде проблема жан-жақты шешіледі.

Тарих емес факультеттерде «Қазақстан тарихы» пәнін жүргізуде «кейс-стади» әдісін пайдалану да өте ұтымды. Сабақ барысында студент әртүрлі тарихи мәселелерге қатысты өз шешімін ортаға салады. Бұл жағдайда студент өзі таңдаған шешу жолын негіздейді, яғни, біріншіден, өз еркімен шешім қабылдауды үйренеді, екіншіден, сабақ барысында мәселеге қатысты студенттің өзіндік ой-пікірі қалыптасады. Сабақ өткізудің бұл түрін ХХ басынан бастап Гарвард университеті қолдана бастаған. Осы университетте ең алғашқы кейс мәселелер бизнес және медицина саласынан құрастырылған екен. Ендігі жағдайда тарихи мәселелік кейстер университетімізде дайындалуда.

Қазіргі кезде ЖОО оқытушылары тарих емес факультеттерде «Қазақстан тарихы» пәніне бөлінген уақытты ұтымды пайдалану барысында түрлі сабақ өткізудің интерактивті түрлерін пайдаланады. Топтпмен сабақ өткізу барысында – «үлкен топ», «көрнекті ойын», «аквариум», «пікір талас», «пікір сайысы», «карусель» т.б. әдістерін жиі қолданады. Өйткені сабақтың бұл түрлері «Қазақстан тарихынан» орта білім беру жүйесінде алған алғашқы білімдерін жетілдіруге негізделген. Сонымен бірге осындай сабақ түрлері кең ауқымды тақырыпты шешуде өте ұтымды. Пән бағдарламасына сай ауқымды материалды аз уақытта қарау мәселесі тұрғысынан алсақ та сабақтың нәтижелі өтетіні сөзсіз.

Интерактивті сабақ өткізу жолдары педагогқа деген талапты да жетілдіреді. Оқытушы студенттердің дайындығын сабақ мақсатын шешуге бағыттауы керек, аудиторияда оқу процесі кеңістігін орната отырып, студенттердің ой-пікірін тыңдау барысында сабақ тақырыбынан ауытқымау жөн. Интерактивті сабақ түрі барысында тарихи проблема шығармашылық жолмен шешіледі. Сабақты өткізудің бұл түрінің көбі әмбебапты, яғни әртүрлі тарихи проблемаларды шешуге болады. Сабақ үстінде алған білімін студент басқа да гуманитарлық пәндер барысында қолдана алады.

Тарих сабағын өткізуде нақтылау және фактология әдісін қолдану да өте тиімді. ҚазҰУ тарих факультетінің ұстаздары дәріс оқу барысында бұл әдісті жиі қолданады. Дәріс тақырыбына сай кейбір тарихи оқиғаларды баяндаса, жеке тұлғаның тағдырына қатысты тарихи процестерді персонафикацияласа сабақ мазмұны студенттің жадында жақсы сақталады.

Семинар сабақтарында да түрлі әдістерге негізделіп өтеді. Солардың жиі қолданылатын түрлері – Қазақстан тарихы бойынша көрнекті құралдарды (карта, схема т.б.) пайдалану, тарихи музейлерге экскурсия, студенттердің тарихи материалдармен жұмысы, техникалық құралдарды пайдалану.

СӨЖ сабақтарын өткізу барысында да интерактивті тәсілдерді қолдану да өте тиімді. Студенттің өзіндік жұмысы – оқу процесінің бір бөлігі. Сабақтың бұл түрі, әсіресе, бірінші курс студенттері үшін ұтымды. Семинар сабақтарында топтағы студенттердің бәрінен сабақ сұрауға уақыт жетпейді. Сондықтан семинар сабағында қаралмаған мәселелер мен сабақ сұрауға уақыт жетпеген студенттер сөз сабақтары барысында балл жинауға мүмкіншілік алады. СӨЖ – білім беру жүйесіндегі кредиттік технологияның ажырамас бөлігі. Студентті жеке тұлға ретінде қалыптастыруда өзіндік жұмыстарға дайындалудың рөлі зор. Өзіндік жұмысты дайындау барысында студент тек білім алмайды, сонымен бірге сабаққа керекті материалдарды табу жолдарын, сабақ тақырыбын құрастыру, тапсырма талаптарын орындау, тіпті, уақытты тиімді пайдалануды үйренеді. Ресейлік педагогтардың айтуы бойынша, студент өзіндік жұмысты орындау барысында ЖОО-ның қоғамдық жұмысына тартылуы да тездетіледі дейді.

ЖОО-да өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқытушылар мынадай принциптерді орындаса, оқу процесі нәтижелі болады. Олар:

- жүйелілік принципі
- белсенділік принципі
- мүмкіншілігінше әр студентпен жеке жұмыс
- көрнекілік принципі

Бұл принциптер нәтижелі болу үшін студенттерге шығармашылыққа негізделген түрлі сөз түрлері беріледі.

ҚР халықаралық білім беру жүйесіне негізделіп құрылған ЖОО-ғы білім беру өте нәтижелі екенін уақыт дәлелдеп отыр. Қазақстандық ЖОО-ын бітірген студенттер шетел мемлекеттерінде білім алып жатыр немесе білімдерін жалғастыруда.

Қазақ ұлттық университеті болашақта ғылыми зерттеу университеті ретінде белгілі болмақ. Бұндағы ерекшелік – ғылыми жұмыс пен білім беру ісін біріктіреді. Дамыған елдерде бұндай университеттер жоғары білікті элита дайындайтын құрылым болып табылады. Әлемде осындай университеттердің саны көп емес болғанымен, ондағы студенттер мен оқытушылар ғылыми жұмысқа 100 пайыз араласуы шарт. Бұл талап ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларының алдына жаңа міндет жүктеп отыр. Яғни тарих пәнін оқыту әдістері мен тарих ғылымының әдістемелік проблемаларына қатысты жаңа зерттеулер мен ғылыми еңбектер жазылмақ. Бұл бағытта тарих факультетінің оқытушылар ұжымы да үлкен іс-шараларды жүзеге асырып, мемлекеттік бағдарламаны орындауда өз үлестерін қосуда.

1. РГГУ – вузам России. Преподавание истории студентам неисторических специальностей. Современный педагогический опыт. М., 2005.
2. Бердникова Е. Л. Активные формы обучения. Северск, 2003.
3. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М., 2005.
4. Курмангалиева А.Ш., Кожамкулова Ж.Т. Методические рекомендации по разработке учебно-методических комплексов для преподавателей и студентов.- Алматы: МАБ, 2003.
5. Нурманбетова Д.Н., Нефедова Л.В., Абдильдина Р. Ж.. Методические рекомендации по разработке силлабусов. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2003

## **МҰРАҒАТ САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Г.Е. Сабденова - т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті***

Қазіргі таңда мұрағат саласында көптеген өзгерістер болып жатыр. Мұны заманауи технологиялардың мұрағат саласына қарқынды түрде енуімен, мұрағаттық ақпараттың экономикалық категорияға айналуымен және осыған орай олардың түрлі мекемелер мен жеке тұлғалар тарапынан көптеп сұранысқа ие бола бастағандығымен де түсіндіруге болады. Былайша айтқанда, мұрағаттық ақпарат қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуындағы дербес факторға айналып, саяси-қоғамдық өмірде бұрынғыдан да маңызды рөл атқара бастады. Оның өнімдерін жеке тұлғалар ғана емес, сонымен қатар түрлі бағдарламалар жасау үшін медиахолдингтер, саяси институттар мен сан алуан шығармашылық бірлестіктер кеңінен пайдаланып келеді. Тіпті мұрағат саласындағы ақпараттық мәліметтерді Интернеттегі агенттіктер де көптеп пайдаланатындықтары жасырын емес. Осыған байланысты қоғамдық қажеттілікке сай мұрағаттық ақпараттық технологиялардың тиімділігін арттыру да күн тәртібіне қойылуда.

Әдістемелік және нормативтік зерттеулер кешенінен тұратын мұрағат ісіндегі технологиялық тұрғыдан ақпараттандыру өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап қолға алына бастаған болатын. Әсіресе ғылыми анықтамалық аппарат саласында ақпараттандыру қалыптасып дамыды, ондағы керекті құжатты іздестіруді оңтайландыру мұрағаттың басқа салаларын қамту мүмкіндіктерін көрсеткен еді. Отандық мұрағаттарда компьютерлік технологияларды қолдану мұрағат ісінде бетбұрыс жасады. 1990 жылдары кітапханалар мен мұрағаттар үшін ЮНЕСКО әзірлеген CDS/ISIS бағдарламалық ортасы, өзге де сан алуан бағдарламалық топтардың (Q&A, т.б.) мұрағат ісіне ене бастағаннан кейін мамандар ақпараттық технологиялардың тиімділігін артыруға күш сала бастады. Осы кездері мәліметтер базасын біртұтас ақпараттық жүйеге интеграциялауда бірқатар кедергілер де кездесті. Соның бірі реляциялық модельдің шектеулігі еді.



Алуан түрлі құжаттар жиынтығын біртұтас ақпараттық жүйеге енгізу үшін иерархиялық модель немесе желі құрылымы, ауқымды серверлік құрылым керек болды. Бұл бағытта да келелі жұмыстар жасалып, уақыт өте келе мұрағат ісінде Oracle, Visual FoxPro, IBM DB2/6000, Microsoft SQL Server секілді мәліметтер базасының жүйелі басқармасы қолданылады. Мамандар компьютерлік ақпараттандырудың мұрағат ісін жаңа белеске көтергендігін бірауыздан мойындайды, бұл жөнінде «мәдениет пен ғылым дамуындағы жалпы үрдістерді, сонымен қатар үнемі ұлғайып келе жатқан екпінді ақпараттар көлемін қарасақ, оларды өңдеу, сақтау және оларға жылдам әрі тез қол жеткізуді ойласақ, мұрағат ісін ақпараттандыру заманауи мұрағат саласының талаптарын қанағаттандыратын бірден-бір жұмыс бағдары болып табылады» - деп те көрсетеді [1].

Жалпы алғанда, көтеріліп отырған мәселенің ауқымды тарихнамасы бар. Бүгінгі күн мұрағат ісіне қатысты мыңдаған ізденістер жарық көрген. Республикада «Қазақстан мұрағаттары», археография орталығының хабаршысы секілді мерзімді басылымдар жұмыс істеп жатыр. Оларда қазақстандық мұрағаттану мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалар жарияланады. Отандық мұрағатшылар «Отечественные архивы», «Вестник архивиста» журналдарында, «История и компьютер» ақпараттық бюллетеньдеріне өздерінің еңбектерін жариялап жатады. Мұрағат ісіне қатысты іргелі монографиялар жариялаған ғалымдар да жеткілікті. Олардың арасынан кеңестік және ресейлік мұрағатшы-ғалымдарды атап кетуге болады. Мәселен, есептеу техникасын қолдану арқылы ғылыми анықтамалық аппаратты дамытуға үлесін қосқан В.Н.Автократовты, мұрағат ісіндегі ақпараттандырудың теориясы, тарихы мен ұйымдастырылуы жайлы еңбектер жазған И.Н.Киселев, Л.П.Афанасьева, В.Г.Ларина, Е.В.Алексеева, Е.М.Бурова, Г.А.Осичкина секілді мамандарды, электронды құжаттарды қалыптастыру, мұрағат дереккөздерін сандық жүйеге өткізуге үлес қосқан О.А.Михайлов, В.Л.Носевич, В.И.Тихонов, И.Ф.Юшин, А.С.Шапошников, Г.А.Медведева, Л.П.Афанасьева сынды зерттеушілерді, мұрағаттық виртуальды ресурстарды қалыптастыру мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мұрағат құжаттарын пайдалануға өзіндік үлестерін қосқан көптеген ғалымдарды (В.В.Боброва, Г.З.Залаев, Л.И.Бородкин, Т.Я.Валетов, Н.И. Разгон, В.Н. Владимиров, О.А. Михайлов, т.б.) атап кеткен ләзім. Мұрағаттық ақпаратты ақпараттандыру қызмет саласының қалыптасуына осы салада ақпараттық технологияларды қолдану практикасын енгізген А.С.Шапошников, АИПС құрылымы принциптерін енгізуді қарастырған М.И.Пилипчук, фоноқұжаттарды сандық жүйеге енгізуді іс жүзінде жүзеге асырған А.Н.Балакирев, мұрағат ақпаратын тасымалдаушылардың физикалық-химиялық сақталу жай-күйін зерделеген В.А.Устинов, т.б. ақпараттық технологиялардың тиімділігін арттыруға белсене қатысты [2].

Соңғы онжылдықтарда ақпараттық-байланыс технологиялары қоғам дамуының маңызды факторына айналып отырған кезде, олар мемлекеттік

құрылымдар мен азаматтық қоғамдарды, экономикалық және әлеуметтік салаларды толықтай қамтып, адамдардың мәдениеті мен тыныс-тіршілігінде елеулі рөл атқарып отыр. Көптеген дамыған және дамушы елдер ақпараттық-қатынас технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану ақпараттық қоғамды құрудың негізгі алғышарты болып отырғандығын мойындады. Бұған 2000 жылғы жаһандық ақпараттық қоғамның Окинава хартиясы дәлел бола алады. Окинава хартиясының саяси маңызы зор [3; 4]. Ол халықтың кемелденіп дамуына, қоғамның алға жылжуына, жеке тұлғаның бостандығы мен еркіндігіне мол мүмкіндіктер ашады.

Ақпараттандырудың жаһандық сауалдары мұрағат саласын айналып өте алмайды, қайта ол мұрағаттың ақпараттық кеңістіктегін одан сайын дамыта түседі. Әйтсе де кейбір әлеуметтік-экономикалық жайттарға байланысты қоғамды түгелдей ақпараттандыру мүмкіндіктері шектеулі екендігі де белгілі. Бұл әсіресе ауылды аймақтарда, жекеменшік салаларында аздап кешуілдеп жатыр. Ақпараттық-байланыс технологиялары толыққанды жете қоймаған аз санды халықтар тұратын өңірлерде де осы жағдай орын алған. Сонымен қатар, материалдық-техникалық мүмкіндіктердің шектеулігі, мамандардың жетіспеуі секілді бірқатар кедергілер де ұшырасады. Алайда бұл бағытта Қазақстан Республикасының Үкіметі бірқатар іс-шараларды (телефон желісін ауылдық жерлерге жеткізу, Интернет тарифтерін төмендету, т.б.) жүргізіп келеді. Олардың ішіндегі ең маңыздысы халыққа қажетті құжатты жылдам әрі тез жеткізуге жол ашқан 2007 жылы Қазақстан Республикасында алғаш рет пайда болған «Электронды үкімет» қызметі болып табылады. Қызмет сапалы түрде жыл сайын жаңғырып, жетіліп келеді. Бұл әмбебап жүйе мақсаттары: халықты әлеуметтік қорғау органдарының қызмет тиімділіктерін арттыру, халыққа әлеуметтік қызметтер ұсынудың сапасын және тиімділігін арттыру, азаматтар мен ұйымдарға қызметтер көрсету барысындағы ақпараттық қызметтерді жақсарту болып табылады. 2011 жылы «электрондық үкіметтің» порталында жаңадан 15 қызмет түрлері іске қосылды, электронды сандық қолтаңба алу үдерісі біршама жеңілдетілді. Бұдан басқа, кең көлемді PR-кампания мен Қазақстанның барлық аймақтарында «электрондық үкімет» жұмысы туралы оқыту-семинарларын ұйымдастырылды және әлі де болса ұйымдастырылып жатыр. Демек, уақыт өткен сайын электронды қызмет қазіргіден де қолжетімді бола түспек. Соның арқасында бүгінгі таңда қазақстандықтар интернет құралдары арқылы өз үйінде отырып-ақ керекті құжаттарын рәсімдей алады. Бастапқыда электрондық қызмет Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты қамту министрлігінің Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығында салымшылардың зейнетақылық салымдарының есеп-шотқа түсуі туралы ақпаратты беруден бастаса, бүгінгі таңда оның ауқымы кеңейе түскен.

Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарында «электрондық үкімет» және «электрондық әкімдік» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде әлеуметтік маңызы жоғары мемлекеттік қызметтердің 50 пайыздан астамын электронды түрге ауыстыруды қамтамасыз ету мақсаты

жүктелген еді. Бүгінде «электрондық үкімет» веб-порталында тұтынушы 70-тен астам қызметті пайдалана алады. Мамандардың айтуына карағанда, бүгінгі күні белсенді жұртшылық тарапынан жеке әлеуметтік код беру туралы төлнұсқаны алу және салымшы қаражатының қозғалыс түсімдері туралы ақпараттар беру кеңінен пайдаланылып келеді және де «электрондық үкімет» порталын пайдаланудың айтарлықтай қиындығы жоқ. Қазіргі күні [www.e-gov.kz](http://www.e-gov.kz) порталындағы мемлекеттік қызметтер санаттарға бөлініп, жүйеленген. 2008 жылдан бері әртүрлі салалар бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға және қолдануға бағытталған іс-шаралар кешені жүзеге асырылып келеді. Дербестеу есебін ұйымдастыруда қағидатты жаңа технологиялар енгізілуде, мәліметтерді электронды түрде өңдеуді пайдалана отырып, базалық және қамсыздандыру төлемдері жүзеге асуда, салымшылар мен алушылардың, мүгедектердің орталықтандырылған мәліметтер базасы да құрылған. Бұдан бөлек, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін тағайындаудың автоматтандырылған жүйесі пайдаланылуда, зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың электронды мұрағаты қалыптасуда. Уақыт өте келе «электронды үкімет» қызметі барлық салаларды қамтиды, миллиондаған адамдар оның қызметін пайдаланады. Ендігі кезекте сол материалдарды мұрағаттарда сақтау сынды мәселелер көтерілері анық. Мұрағатшылар жинақталған мағлұматтарды сақтауға даяр тұруы керек. Ол үшін әдістемелік нұсқаулықтар жасалуы қажет. Сонда ғана, іс жүзінде ақпараттық технологиялардың тиімділігін арттырудың мүмкіндіктері қарастырылары сөзсіз.

Бүгінгі күні мұрағаттарда ғылыми-анықтамалық аппаратты дамыту мұрағаттардағы ақпараттық технологиялардың тиімділігін арттырумен тікелей байланысты деуге болады. Қазіргі таңда ғылыми-анықтамалық аппаратты құрастыру мен мұрағат құжаттарын интернет-технологиялар арқылы пайдалану жолға қойыла бастағандығы жоғарыда келтірілген мәтінде азды-кемді айтылды. Егер мұрағаттардағы ғылыми-анықтамалық аппарат жайында сөз қозғар болсақ, онда мамандар атқарылып жатқан жұмыстарды екі бағытты атайды, оның біріншісі, бұрынғыдан келе жатқан дәстүрлі ғылыми-анықтамалық аппаратты қалыптастыру болса, екіншісі, ғылыми-анықтамалық аппараттың электронды нұсқасын қалыптастыру болып табылады. Алғашқысы ондаған жылдар бойы зерделеніп келе жатса, соңғысы тек кейінгі оншақты жылдары ғана кеңінен зерттеліне бастады [4; 5]. Мұрағаттық интернет-ресурстарын қалыптастыру мұрағат саласындағы жаңа бағыт болып келе жатыр. Осы бағыттағы тиімділікті арттыру үшін қолданылатын технология мен материалдық-техникалық жабдықтарды дамыту, мамандарды дайындау секілді жұмыстардың жүргізілуі тиіс.

Қазақстандық мұрағаттар өз қызметінде интернет-технологияларды кеңінен пайдаланып жатыр деуге де болады. Мамандар тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыруға да көңіл бөлінуде. Дегенмен аумақтық және жергілікті аудандардағы мұрағаттарда заманауи

технологияларды дамыту қажеттілігі де туындап отыр. Алайда республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарындағы мұрағаттарда ақпараттандыру бойынша практикалық дағдылар келешекте аудандық мұрағаттарда да қолданылатындығына сенім мол.

Жалпы алғанда, мұрағат ақпаратына сұраныстың артуы дәстүрлі түрде сақталып келген ақпараттар легін бұрынғысынша сақтай берудің ішінара болса өзіндік тиімсіздігін тудырып отыр. Бұл ретте, мұрағаттардағы ақпараттандыру ұстанымдары мен ақпараттық технологиялардың тиімділігін арттыру әдістерін жасаудың қажеттілігі де байқалады. Мұны шешу үшін бірқатар іс-шаралар оң шешімін табуы тиіс. Бұған ең алдымен заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың дамуы әсерін тигізетіндігі де белгілі. Мәселен, қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан барлық құжаттардың электронды нұсқасын жасау, яғни сандық жүйені одан сайын дамытып қана қоймай, мұрағаттық мультимедиа жүйелері мен өнімдер технологиясын, Web-технологияларды құрастыру қажет, сонымен қатар ақпараттық-байланыс технологиясының негізгі өзегінің бірі болып отырған Интернет жүйесіне де нақты ақпараттарды төлқұжат ретінде енгізу керек [2; 6]. Аталмыш технология мен компьютерлік техника құралдарын қолдану көнерген бірегей мұрағат құжаттарын сол қалпында оқырмандарға жеткізуге мүмкіндік береді; мұрағаттық вербальды, кинофотофоноқұжаттарды жасауға септігін тигізеді; сондай-ақ, телекоммуникациялық каналдар арқылы аудиовизуальды құжаттарды кеңінен пайдалануға жол ашады және мұрағат құжаттарының электронды қайта қалпына келтірілуіне ықпал етеді [6].

Мұрағаттық ақпараттың тиімділігін арттыру үшін бірінші кезекте мынадай мәселелерді шешіп алу қажет: электронды мұрағаттық ақпараттың қасиетін зерделеу, ақпараттық технологиялық үдерістердің даму үрдістерін бағамдау, мұрағат саласындағы сандық белгілердің дамуы мен жай-күйін таразылау, ғаламтордағы агенттіктер арқылы мұрағат материалдарына қолжетімділікті арттыру және ондағы ақпараттардың өзгелер тарапынан қасақана бұзылмауын немесе мәліметтерінің өзгеріп кетпеу жолдарын қарастыру. Сондай-ақ, электронды құжаттар сыныптамасын жасап, ақпараттық технологиялардың даму бағыттарын зерделеп отыру қажет, ақпараттық құжаттардың индекстелуі мен іздеп-табуға әсерін тигізетін лексикалық факторларды да естен шығармаған абзал.

---

1. Киселев И. Н. Информационная система архива: модель и воплощение // Отечественные архивы. -1997. -№ 6.; Афанасьева Л. П. Информационные технологии в архивах: комплектование и экспертиза ценности документов // Секретарское дело. - 2004. -№ 12.

2. Шаповал Е.Ю. Информационные методы исторического исследования в отечественном архивоведении в конце 1980-х гг. - начале XXI вв. (на примере архивов Байкальского региона). Автореф. канд. ист. наук по спец. 07.00.09. Улан-Удэ, 2009.

3. Валетов Т.Я. о проблемах использования электронных публикаций и других применений компьютерных технологий в гуманитарной науке // Информационный бюллетень ассоциации «История и компьютер». -2000. №26-27.

4. Разгон Н.И., Владимиров В.Н. архивы в сети Интернет // Сайт Ассоциации «История и компьютер». (электронный ресурс). –Барнаул. Реж. доступа: [www.aik.barnaul.ru/13.shtml](http://www.aik.barnaul.ru/13.shtml).

5. Антопольский А.Б. Проблемы эффективной организации информационных ресурсов в Интернете. Материалы 5-й международной конференции «Информационное общество, информационные ресурсы и технологии, телекоммуникации». М.: ВИНТИ, 2000.

6. Михайлов О.А. Интернет и архивы // Вестник архивиста. -1998. №5.

## **ПРОБЛЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РУССКОГО ЯЗЫКА ИСТОРИКА**

**З.Майданали** - к.и.н., доцент КазНУ имени аль-Фараби

Известно, что одним из факторов обеспечения качества образования является его техническое оснащение. Развитие электронных ресурсов расширило возможности доступа к источникам информации, использование информационных технологий в образовательном процессе. Сети Интернет, являясь своеобразной всемирной библиотекой, предоставляют возможности доступа к информационным ресурсам практически с любой точки мира в любое время, становятся площадкой оперативного профессионального общения. На развитие исторической науки оказывал и оказывает влияние, как известно, целый ряд факторов: изменения в методологическом подходе к исследованию событий и явлений прошлого, установившееся толкование и понимание значения и актуальности тематики научных исследований, имеющаяся источниковая база и существующая методика их обработки, наличие или отсутствие подготовленных специалистов и т.д. особенностью развития исторической науки на современном этапе является сложение междисциплинарных областей знания. Междисциплинарные интеграционные процессы, затронули не только смежные науки, но и привели к информатизации научных исследований и формированию новых дисциплин. Еще в середине XX века американский психолог Рудольф Арнхейм, профессор психологии Гарвардского университета, специалист в области психологии визуального мышления, ввел термин «визуальное мышление», т.е. мышление посредством визуальных операций. Одна из главных причин развития подобных тенденций, заключается в очевидном факте: современный человек большую часть информации получает именно визуально[1]. Целью профессиональной деятельности историка является «воссоздание картины прошлого человечества, государств, народов и отдельных личностей в различные времена, установление причинно-следственных связей между прошедшими событиями, сохранение для потомков информации о прошлом

человеческого общества», «изучение исторического наследия в целях исторических открытий, поиска уроков истории, передачи исторических знаний будущим поколениям», «устранение недостоверных данных; проведение научных экспериментов; изложение достоверных сведений о прошедшем» [2].

Язык историка представляет собой синтез научного и художественного стилей изложения, в котором художественно-изобразительные средства являются не декоративным украшением, а органически вписываются в ткань научного повествования. Эта специфическая форма презентации научного материала обусловлена логикой мышления историка, совмещающей науку и искусство. Обращение к понятиям языка истории и исторического опыта позволило показать взаимосвязь между различными философскими, историческими, историософскими и лингвофилософскими позициями, выявив в их соотношении некоторые существенные характеристики исторического на разных уровнях его проявления, что показывает эвристичность и актуальность поставленной проблемы и подхода к ней. Язык исторической науки чрезвычайно специфичен. В отличие от естественно-математических дисциплин она не имеет строго упорядоченной и определенной терминологии, исключая многозначность, двусмысленность, неясность понятийного аппарата. Во-вторых, это термины и понятия, вырабатываемые в историографии для упорядочения, систематизации разнородного эмпирического материала. Наконец, в-третьих, это понятия и категории, на высоком уровне абстракции, формируемые иными социальногуманитарными науками: социологией, философией, антропологией, культурологией. Историк широко пользуется этими понятиями (государство, общество, культура, политика, классы, социальная стратификация, социальная мобильность), как правило, наполняя их конкретным содержанием [3].

Основу любого исторического исследования составляют источниковедческая эвристика и анализ. За последнее столетие источниковедение как наука претерпела существенные изменения: обогатилась методология, расширилась классификация источников, появились их новые типы: видео, аудио и электронные. Информационные системы не всегда могут полно и эффективно удовлетворить поисковые запросы пользователей. Еще одной серьезной проблемой является недостоверность результатов поиска или профессиональные ресурсы полностью, либо недостаточно доступны в связи с профессиональной тайной научной группы [4]. Проблема языка истории может быть исследована в самых разных аспектах: логико-методологическом (язык – метод), риторическом (автор – язык – код – читатель), поэтическом (текст – код – реальность), эстетическом (текст – форма – переживание), семиотическом (текст – код – информация), социально-психологическом (наука – язык – коллектив). Большинство из этих измерений языка истории стали предметом размышлений авторов, придерживающихся аналитической,

герменевтической, структуралистской, нарратологической и онтологической методологии. Язык исторической науки богат понятиями и чрезвычайно специфичен. От состояния языка историка зависит степень научности исторической картины, адекватность наших представлений о прошлом, а также эффективность и мера их воздействия на формирование исторического сознания общества. Язык историка должен обладать емкостью, гибкостью, однозначностью и точностью. Теоретическая зрелость любой науки зависит от развития ее понятийного, категориального аппарата. Часто возникает проблема различных пониманий одного и того же термина ввиду его многозначности, неопределенности и относительности, в связи с чем возникает возможность их различной интерпретации. В понятиях, применяемых историками, фиксируется логика развития исторических явлений и процессов. Исходный уровень знаний предполагает базовые знания в сфере всемирной истории, истории культуры, истории религий таких понятий, как: цивилизация, государство, общество, власть, собственность, культура, классы, социальная стратификация, социальная мобильность [5].

Современное развитие технологий предлагает в ходе исследовательской работе эффективнее обращаться к специализированным базам данных, каталогам и электронным библиотекам. Мировое научное сообщество уже сейчас должно выработать единые стандарты верификации, типологизации интернет источников. Необходимо выработать принципы распознавания научной ценности интернет источников, чтобы разработать меры по их сохранению. Информационно-коммуникативное пространство сайта, совмещающее диахронический и синхронический подходы в подаче информации и в работе коммуникативных инструментов, позволяет представить понятия, схемы, концепции теории и методологии гуманитарного знания в их подлинном интеллектуальном контексте – вне дисциплинарных границ [6].

В целом, решение актуальных задач исторической Интернет - эвристики позволит предоставить историкам удобный информационно-поисковый инструмент для профессиональной научной и образовательной деятельности. На современном этапе развития нашего общества требования к изучению истории особенно возросли, от языка историка зависит степень научности исторической картины, адекватность наших представлений о прошлом, а также эффективность и мера их воздействия на формирование исторического сознания общества. В этой связи актуальность приобретает язык как знаковая система - способ познания мира, специфики исторической реальности, технологий и способов ее формирования, механизмах включения исторического прошлого в решение проблем современной жизни.

1. Щадрина Н.А. Использование электронных ресурсов в преподавании истории древнего и средневекового искусства//Историческая наука и образование в условиях современных вызовов. Казань, 2012.

2. Краснов Ю.В. Профессия «историк» в презентации профориентационных Интернет-ресурсов// Историческая наука и образование в условиях современных вызовов. Казань, 2012.

3. Барышникова Д. ОПЫТ И РАССКАЗ: ИССЛЕДОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕАЛЬНОСТИ// ERFABUNG UND GESCHICHTE: HISTORISCHE SINN- BILDUNG IM PRANARRATIVEN / Ed. by Th. Breyer and D. Creutz. — Berlin, N.Y.: De Gruyter, 2010.

4. Белов Е.В. Применение информационно-поисковых систем сети Интернет в исторической науке и образовании Историческая наука и образование в условиях современных вызовов. Казань, 2012.

5. Соколов А.К. Социальная история России новейшего времени: проблемы методологии и источниковедения. М., 2006.

6. Недашковская Н.И. Теория и история гуманитарного знания в современной России: опыт создания нового информационного-аналитического электронного ресурса и проблемы научной коммуникации// Историческая наука и образование в условиях современных вызовов. Казань, 2012.

#### **ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ:**

Автономов В.С. Теория и методика истории // Персональная страница // <http://viperson.ru/data/200607/avtonomov/doc>

Арон Р. Критическая философия истории Данилевского // Электронная библиотека по философии// <http://filosof.historik.ru/books/item/f00/z00/z0000782/index.shtml>

Бажов С.И. Философия истории Н.Я. Данилевского //Электронная библиотека по философии // <http://filosof.historik.ru/books/item/f00/z00/z0000782/index.shtml>

Бахрушин С.В. Беседа об исторической науке // Универсальный портал материалистическая диалектика // <http://libelli.ru/works/discurs/htm>

Гройс Б. Философ после конца истории // Энциклопедия культур // [http://ecdejavu.ru/e/End\\_History.Html](http://ecdejavu.ru/e/End_History.Html)

Гуревич А.Я. Историк конца XX века в поисках метода //История России // <http://www.tuad.nsk.ru/~history/Author/Russ/G/GurevichAJa/metod.html>

Семёнов Ю. История (историология) как строгая наука // Научно – просветительский журнал Скепсис // [http://sceptsis.ru/library/id\\_155.html](http://sceptsis.ru/library/id_155.html)

Семёнов Ю. Философия истории // Научно – просветительский журнал Скепсис // [http://sceptsis.ru/library/id\\_1065.html](http://sceptsis.ru/library/id_1065.html)

Семёнов Ю. Эдуард Мейер и его труды по методологии и теории истории //Научно – просветительский журнал Скепсис // [http://sceptsis.ru/library/id\\_161.html](http://sceptsis.ru/library/id_161.html)

Новосельцев А. «Мир истории» или миф истории //Научно – просветительский журнал Скепсис // [http://sceptsis.ru/library/id\\_870.htm](http://sceptsis.ru/library/id_870.htm)

Плеханов Г. К вопросу о личности в истории // Научно – просветительский журнал Скепсис // [http://sceptsis.ru/library/id\\_179.html](http://sceptsis.ru/library/id_179.html)

Ревель Ж. Микроисторический анализ и конструирование социального // История России // <http://www.tuad.nsk.ru/~history/Author/Engl/R/RevelJ/micro.html>

Репина Л.П. Вызов постмодернизма и перспективы новой культурной и интеллектуальной истории // История России // <http://www.tuad.nsk.ru/history/Author/Russ/R/RepinaLP/vyzov.html>

Рикёр П. История и истина // Электронная библиотека по философии // <http://filosof.historik.ru/books/item/f00/s00/z0000830/index.shtml>



## ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ОНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

*К. Саркенова –*

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулерге деген қызығушылық күннен-күнге артуда. Демек, зерттеушілерге де өз кезегінде методологиялық және әдістемелік білімдерін заман талабына сай жетілдіріп отыруға тура келеді. Немесе ғылыми жұмыстардың сапасын жоғарылату мақсатында соңғы ақпараттық технологияны пайдалану авторларға өз мүмкіндіктерін толыққанды ашуларына септігін тигізеді.

Рефераттың мақсаты – ғылыми, оның ішінде тарихи зерттеулердің методологиялық және теориялық аспектілерін талдау; мәселелердің мәнін, ғылыми зерттеу процесі ерекшеліктері мен логикасын ашу; зерттеулердің әдістемелік мазмұны мен оны жүзеге асырудың кезеңдерін көрсету. Ғылыми білімді қалыптастыру, ғылыми жұмыстарды дербес жүргізе білу – алға қойылған ғылыми мақсатты іске асырудың басты кепілі. Яғни оқу-ғылыми процесс барысында түрлі жазба жұмыстарды орындай білуде ғылыми және практикалық әдістерді жетілдірудің маңызы зор. Шығармашылық ойлаудан соңғы ғылыми еңбекке дейінгі әрбір зерттеуге тән әдістемелік тәсілдер бар.

Сонымен ғылыми шығармашылықтың методологиясы мен әдістері деген не?

Методология – ғылыми танымға жетудің жолы. Мысалы, тарих дүниежүзіндегі ең көне ғылым. Оның дамуы тек тарих білімінің көбеюін ғана емес, сонымен бірге оның сапасындағы өзгерістерді де байқатады. Тарихтың методологиясы туралы алғашқы түсінік ежелгі гректерде пайда болды. Тарихи баяндардан мифология біртіндеп ығыса бастайды. Қазіргі зерттеушілердің пайымдауынша, өткеннің рационалды құрылысын тарих беретіні Геродоттан басталған. «Шығарма, – деп жазды Полибий (б.з.б. 201 – 120 жылдар) – егер онда шындық бұзылса оны тарих деуге болмайды... Тарихи шығармаларда шындық бәрінен жоғары тұруы тиіс». Бірақ тарихи зерттеудің пәні, оның әдісі қандай болуы керек? Геродотқа тарих әлемдік мәдениетті зерттеу болса, ал Фукидид үшін саясаткерлердің қызметі болды. «Тарих» деген 40 кітаптың авторы (бізге тек аз бөлігі ғана жеткен) Полибий тарихты өмірлік ақылшы деп санады. Оның айтуынша, тарихты жазушының мақсаты жалпы сипаттау емес, оқиғаларды түсіндіру болуы тиіс. Мемлекетті басқару түрлерінің ауысуына билік басындағылардың адамгершіліктен айырылуы себеп дейді бұл автор.

Қазіргі деңгейдегі ғылыми-теориялық ойлау жүйесі зерттелмек нысан мен процестің мәніне ұмтылуға тырысады. Ғылыми зерттеу дегеніміз болашаққа зер салу секілді іздену жолдары, ғылыми объективті көзқарас. Фактілерді түсіндірілуі немесе практикалық қолданылуы қиын деп ысырып тастауға болмайды. Себебі ғылымдағы жаналық зерттеушінің өзіне де

байқалмайды. Жаңа ғылыми фактілер, тіпті жаңалықтар маңызы толық ашылмағандықтан ұзақ уақыт бойы ғылым қорында жатып қалуы немесе практикада қолданылмауы мүмкін.

Идеяны толық шешілуіне дейін жеткізу ғылыми зерттеуді жоспарлы жүргізуде ғана іске асады. Ғылымға кездейсоқ ашылулар да тән. Бірақ жоспарлы әрі жақсы жабдықталған ғылыми ізденістер табиғаттағы объективті заңдылықтарды тереңірек ашуға және тануға ықпал етеді. Ары қарай алғашқы ойды мақсатты әрі жүйелі өңдеу жалғаса береді, өзгерістер, қосымшалар, нақтылықтар енгізіледі де зерттеудің сұлбасы дами береді.

Ғылыми зерттеу нәтижесі түсінікке, заңға және теорияға айналатын нақты мақсаттылық таным. Оған тән кейбір ерекшеліктер бар:

- бұл міндетті мақсатты процесс, оған жету жолындағы нақты шешіlmек міндеттер;
- бұл жаңа, шығармашылыққа, белгісізді ашуға, айрықша идеяларды іске асыруға әрі қарастырылмақ мәселелерді жаңаша қарауға бағытталған процесс;
- ол жүйелілігімен сипатталады: яғни зерттеу процесі әрі оның нәтижесі тәртіпке, жүйеге келтіріледі;
- оған дәлелділік, жинақтаулар мен тұжырымдарды жүйелі негіздеу тән.

Ғылыми-теориялық зерттеулердің нысаны жеке, нақты жағдай емес, оның зерттеу нысаны ұқсас құбылыстар мен жағдайлардың толық тобы, олардың жиынтығы.

Ғылыми-теориялық зерттеулердің мақсаты жекелеген құбылыстардың қатарынан жалпыны табу, ондай құбылыстардың пайда болуын, қызмет етуін, даму заңдылықтарын ашу, демек ондай құбылыстардың мәніне терең үңілу.

Ғылыми-теориялық зерттеулердің басты құралдарына мыналарды жатқызуға болады:

- жан-жақты негізделген және бір жүйеге келтірілген ғылыми әдістердің жиынтығы;
- өзара бір-бірімен байланысты және ғылым тілін қалыптастыратын түсініктердің, нақты терминдердің жиынтығы.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері ғылыми еңбектерге (мақала, монография, оқулық, диссертация, т.б.) айналып, жан-жақты бағаланғаннан кейін практикада жүзеге асады, практикалық таным процесінде ескеріледі және қорытынды түрде жетекші документтерге кіргізіледі.

Сонымен адамдардың барлық саладағы қызметтері (ғылыми, практикалық, т.б.) бірқатар факторлар қатарымен анықталады. Оның нәтижесі кім (субъект) немесе кімге (объект) бағытталған және бұл процесс қалай жүзеге асады, қандай тәсілдер пайдаланылады. Демек, бұл әдістің (метод) мәселелері.

*Әдіс* (метод, грекше – таным тәсілі) – кең мағынасында – «бір нәрсеге жол салу», субъектінің кез келген түрде қызмет ету тәсілі.

«Методология» түсінігінің екі мағынасы бар: белгілі бір қызмет (ғылым, саясат, өнер, т.б.) саласында қолданылатын тәсілдер жүйесі; сол жүйе туралы ілім, әдістің жалпы теориясы, теорияның жүзеге асуы.

Таным мен практиканың тарихы, оның қазіргі жағдайы кез келген әдіс пен принциптер жүйесінің теориялық және практикалық мәселелерді шешуге нәтижелі көмектеспейтінін көрсетті. Сондықтан зерттеу нәтижелері ғана емес, оған жеткізетін жол да шынайы болуы тиіс.

Әдістің (метод) басты қызметіне таным процесінің ішкі ұйымы мен оны реттеу немесе қайсібір нысанды практикада жүзеге асыру жатады. Сондықтан әдіс (қайсібір түрлерінде) белгілі бір ереже, тәсіл, таным нормалары және оны іске асырудың жиынтығына тіреледі. Демек белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған талап, принцип, т.б.-дың жүйесі.

Ол ізденісті реттейді, күш пен уақытты үнемдейді әрі мақсатқа жетудің қысқа жолын көрсетеді. Шынайы әдіс компас секілді, таным субъектісі және іс-әрекет үшін жол салады, қателіктерден сақтандырады. Философ Ф.Бэкон әдісті қараңғыда жол сілтейтін шамшырақпен салыстыра отырып, танымның құралы – индукция методы деп есептеді. Яғни ол ғылымнан эмпирикалық талдау, бақылау және экспериментті қалады. Соның негізінде себеп пен заңды тануға болады деді. Эмпирикалық деңгейдегі алғашқы бақылауға теориялық талдаудың жүйелі-құрылымдық әдістемесі де жатады (білім дамуының белгілі бір деңгейі, ғылыми фактілерді жинақтау, зерттеу нысаны туралы түсініктердің жиналуы, т.б.).

Эмпирикалық немесе тәжірибелілік өз кезегінде сынақ пен тексеру арқылы іске асады. Және тексеру екі түрлі болуы мүмкін: тәжірибе арқылы сынау (онымен тәжірибелік /эксперимент/ ғылым айналысады) және салыстыру арқылы сынау (бұл салыстырмалы /компаративті/ ғылым аясына кіреді). Негізінен салыстыру да, тәжірибе де бір принципте жұмыс істейді. Яғни дескрипті мәліметтерді арнайы сараптамалық құралдар арқылы жүйелі және методикалық сәйкестендіру.

Р.Декарт әдісті (метод) өтіріктен шынайыны ажыратуға көмектесетін «нақты да қарапайым ереже» деп түсіндірді. Әсіресе дедуктивті-рационалды әдіссіз қайсібір шынайылықты іздеудің өзі қажетсіз дейді философ.

Әрбір әдіс белгілі бір теория негізінде жасалатыны сөзсіз. Әдістің тиімділігі, күші теорияның мазмұны, тереңдігі, іргелілігімен байланысты. Әдіс ғылымның әрі қарай дамуына, теориялық білімнің жүйеленуіне, оның практикада іске асуына себеп болады. Демек, теория мен әдіс бір-бірінен болмайды, сол секілді бір нәрсе де емес. Олар бір-біріне әсер ете отырып, теория өмірді бейнелейді де ал әдіс зерттеулер арқылы теорияға қайта оралады. Демек, әдіс – практикада іс-әрекетке айналған теория.

Ғылыми әдіс бірнеше топтарға бөлінеді. Ғылыми таным процесінде қолданылуы мен рөліне қарай әдістер формальды, мазмұнды, эмпирикалық және теориялық, іргелі және қолданбалы, зерттеу әдісі және мазмұндау, т.б. болып бөлінеді.

Ғылыми зерттелмек нысандардың мазмұнына орай қолданылатын әдістер жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық деп бөлінеді. Өз кезегінде жаратылыстану ғылымы әдістері өлі табиғат және тірі табиғат, т.б. әдістерге бөлінеді. Сонымен қатар сандық және сапалық, детерминистік және ықтималдылық, тікелей және жанама, түпнұсқалық және туынды, т.б. әдістер деген де бар.

Ғылыми әдіс белгілеріне көбінесе объективтілік, қайта жаңғыру, эвристикалық, қажеттілік, нақтылық, т.б. жатады. Қазіргі білімде методологиялық білімнің көпсатылы концепциясы нәтижелі қызмет етуде. Бұл жағынан ғылыми танымның барлық әдістерін төмендегідей басты топтарға бөлуге болады:

1 *Философиялық әдіс*, оның ең ежелгісіне диалектикалық және метафизикалық әдістер жатады. Әрине әрбір философиялық концепцияның ой-қабілетін көрсететін методологиялық қызмет түрлері бар. Сондықтан философиялық әдіс осы екі атаумен шектелмейді. Оған сараптамалық, интуитивтілік, феноменологиялық, герменевтикалық, т.б. кіреді.

2 *Жалпығылымдық және зерттеу әдісі*, ол арнайы ғылымның философиясы мен теориялық-методологиялық жағдайында өзіндік «аралық» методологиялық рөл атқарады. Жалпығылымдық түсініктерге, негізінен, «ақпарат», «үлгілік», «құрылымдық», «функциялық», «жүйелік», «элементтік», «оптималдық», «ықтималдылық», т.б. жатады. Жалпығылымдық принциптер мен жағдайларға жүйелілік, құрылымдық-функциональды, кибернетикалық, ықтималдылық, үлгілік, формальды, т.б. кіреді. Соңғы уақытта жалпығылымдық *синергетика*, яғни өзін-өзі ұйымдастыру және ашық тұтас жүйелер – табиғаттық, әлеуметтік, когнитивтік (танымдық) пәндер дамуда.

Синергетикада «тәртіп», «хаос», «түзу емес», «анық болмау», «тұрақсыздық», «диссипативті құрылым», «бифуркация», т.б. түсініктер қатары бар. Синергетикалық түсінік «тұрмыс», «даму», «қалыптасу», «уақыт», «тұтас», «кездейсоқтық», «мүмкіндік», т.б. философиялық категориялармен тығыз байланысты.

3 Жекеғылымдық әдіс – белгілі бір ғылым саласында қолданылатын таным принциптері, зерттеу тәсілдері мен процедура жиынтығы, яғни механика, физика, химия, биология және әлеуметтік-гуманитарлық ғылым әдістері.

4 Пәндік әдіс – қайсібір ғылым саласына кіретін немесе аралық ғылым шекарасында пайда болатын белгілі бір ғылыми пәнге тән тәсілдер жүйесі. Іргелі ғылымның өзіне тән айрықша пәні әрі өзіндік зерттеу әдісі бар тәсілдердің жүйесі.

5 Пәнаралық зерттеу әдісі – пәнаралық синтетикалық, интегративтік тәсілдер (әртүрлі методологиялық деңгейдің үйлесу нәтижесі) жиынтығы. Ол кешенді ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыруда қолданылады.

Сонымен методология термині гректің «методос» және «логос» деген сөзінен шығып, «таным жолдары» деген мағынаны береді екен. Ғылымда

методология көп мағынаға ие. Танымның әдістері туралы ілім және ғылыми зерттеу тәсілдерінің жиынтығы. Демек, ол – күрделі де динамикалы, тұтас келетін, тәсілдерінің субординарлық жүйесі бар, түрлі деңгейлік принциптерге сүйенген, қызмет ету аясы, бағыт, эвристикалық мүмкіндіктері, мазмұны, құрылымы, т.б. екен.

Ал негізгі тақырыбымыз – тарихтың методологиясы қандай?

Методологияны «тарихи танымның теориясы» деп түсіндіруге де болады. Бірақ бұндай жағдайда ғалымның зерттеушілік қызметі тасада қалады. Сондықтан зерттеу нәтижесі ғана емес, сонымен бірге оған жеткізер жол да шынайы болуы керек. Ия, теориялық біліммен ғана қаруланған ғалым нақты фактілерді сараптауда әлеуметтік процестің жалпы және нақты-тарихи заңдылықтарын ашады. Ол деректерді зерттейді, ондағы әлеуметтік ақпараттарды алады, өткенді қалпына келтіреді, фактілер мен оқиғаларға объективті баға береді. Бұл жерде теория мен әдістің, зерттеудегі әдіс пен концепция, ғылыми танымдағы методологияның маңызындағы бірлікті айту қажет. Ол әлеуметтік танымның жалпы теориясы дамуының алғышарты әрі нақты тарихтың тереңірек зерттелуіне жағдай жасайды. Демек, тарихшының шығармашылық зертханасы үшін методологияның құны айрықша деуге болады. Сонымен тарихтың методологиясы ғылыми талдау талаптарынан әрі нақты шындықты танудың құралы ретінде жалпы теориялық, көзқарастық жағдайлардың жүйесі арқылы анықталады. Демек, тарихтың методологиясы бәрінен бұрын ғалымның таным принциптері, ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданатын белгілі бір көзқарастық теориялық жағдайлардың (заң, түсінік, қорытынды) мақмұны. Бұл жағдайда зерттеуші өзінің практикасында методологияға сүйене отырып мынадай әдістер кешеніне сүйенеді: 1) таным мазмұнын сипаттайтын көзқарастық жағдайлар мен теориялық принциптер; 2) зерттелмек пәннің ерекшелігіне сәйкес әдістемелік тәсілдер; 3) ғылыми зерттеу нәтижесіне жету жолдары мен тәсілдері. Демек, әдіс арқылы теория және әдістеме, зерттеу техникасының анық бір өзара байланысы көрінеді.

Тағы бір айта кетуге болар жайт, ол әдебиетте кездесетін «әдіс» («метод») терминінің «әдістемеліктің» («методология») синонимі ретінде берілуі. Бірақ олардың бірлігімен қатар айырмашылықтары да бар екенін ескеру қажет. Методология әдістен (метод) кеңірек, оны үш деңгейлі білім – философиялық, ғылыми-теориялық және эмпирикалық ілім деуге болады. Сондықтан методологияны әдістен ажырату, нақты әдіс немесе әлеуметтік ақпаратты (мысалы, сипаттау, сандық, т.б.) берудегі айырмашылықтарды білу керек. Бұлайша араластырып жіберу тарихи танымның көзқарастық аспектілерін толық аспаған болар еді. Тарих методологиясы, әрине, әдістерден немесе зерттеудің техникалық тәсілдерінен алыстамайды; ол онымен нақты, эмпирикалық негізде айналысады. Тарих методологиясы тұрғысынан белгілі бір құбылысты зерттеуде нақты-тарихи талдауға, тарихнама және дерекнамаға сүйенетін көзқарастық, теориялық жағдайлар маңызды болып табылады.

Методология түсінігі мен мәселесін жалпы қарастыра отырып, тағы бір гуманитарлық ғылымда пәндік маңызды орны бар «аралық», яғни әлеуметтік шындықты тарихи және көркем бейнелеу тепе-теңдігі мәселесін айтып өтуге болады. Тарих ғылымы методологиясы тұрғысынан бір аспектіні – тарихи процесс пен танымдағы көркем кейіпкер қызметін бөліп көрсету дұрысырақ болады. Бұл аспектінің шындығы көркем шығармашылықтың мәдениеттің, ал ол өз кезегінде жалпы тарихи процестің бөлшенбес бір бөлшегі болуында. Тарих ғылым ретінде өнермен де тығыз байланыста. Екеуі де танымда айрықша қызмет атқарады. Егер де, бір жағынан, тарих ғылымы үшін көркем кейіпкердің маңызы зор болса, екінші жағынан, өнер адам тәжірибесін түсіндіруде тарихи материалсыз болмайды. «Ешкім ешқашан өнердің бұл қызметін ауыстыра алмайды. Әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, мүсін, театр, кино жеке өмірлік тәжірибені тамаша байытады, – деп жазды М.В.Нечкина. – Егер бұл функцияны тарихи процестен алып тастасақ, бір адамның тәжірибесі ол тұратын көшенің аумағына дейін кішірейіп кетеді. Егер адам өз басында өзі жинаған барлық өмірлік тәжірибесін қаншама ұстап тұруға тырысса да оған дейінгі жиналған ұрпақтардың тәжірибесізінсіз оның жүрегінен жүздеген моралдық мәселе, адам сезімінің толағай терең теңізі жоғалып кетеді. Демек, қазіргі адамның тарихи қимылы оның адамзаттың жинаған тарихи құндылықтарын бойына сіңіруімен ерекшеленеді». Яғни бұл мәселенің ғылымда қалыптасқан дәстүрі бар. «Аннал» мектебінің негізін қалаушылардың бірі, француздық тарихшы Марк Блок өзінің «Апология истории, или Ремесло историка» еңбегін «Әке, түсіндірші! Тарих не үшін қажет?» деген баланың сұрағынан бастайды да тағы былай деп жазады: «Тарих – ғылым ба, әлде өнер ме? Бұл туралы біздің аталарымыз 1800 жылы маңыздана отырып әңгімелейтін. Кейін 1890-жылдары қайсібір жабайы позитивизмге бойлай енген мамандар *ad hoc* мәселесінде таласа отырып, оқырмандардың тарихи еңбектерді оқи отырып өздері түр деп түсінетін нәрсеге қатты бой алдыратыны айтып өкінді», – деп жазды. Яғни бұл сұраққа жауап әлі ізделуде әрі ізделе береді де. Николай Доризо деген ақынның:

«История, ты не тома,  
Что я читаю в час досуга,  
История, ты жизнь сама,  
А это больше, чем наука!  
В живой шеренге вековой  
Не первый я и не последний...  
История, ты возраст мой,  
Ты разум мой тысячелетний», –

деп жазғанындай, тарих – тек ғылыми трактаттар емес, ол адамзаттың тіршілікпен органикалық байланысы, яғни оның әлеуметтік жады. Қоғамдық процестегі сабақтастықты аша отырып, тарих өткенді тану арқылы бүгінгіні түсінеді әрі белгілі бір сипатта келешекті болжайды. Жадынан айырылған адамның қоғамда жұмыс істеп, өмір сүре алмайтыны секілді өз тарихынан алыс қалған қоғам да алға жылжып, дами алмайды.

Тарих қалай жазылуы керек, өткеніміз туралы ой толғаушының да, айтушының да еркіндігі қаншалықты әрі оның шынайылығы қай дәрежеде – бұл сұрақтар әрқашан тарихи шығармалардың авторларын да, олардың оқырмандарын да қызықтыратыны күмәнсыз. Демек, бұл сұрақ күн тәртібінен ешқашан түспек емес. Негізінде тарихи білім немесе тарихилық (историзм) Еуропада ХҮІІ ғасырда Галилей мен Декарттан басталды да ал ғылыми тарих білімі ХҮІІІ – ХХ ғасырларда қалыптасты әрі ол қазірге дейін де өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі ғылыми тарих білімі ХҮІІІ ғасырда, яғни Ағарту дәуірінде бекіді және тарихи факт объективті және құнды, тарихи түсінік сол ХҮІІІ ғасырдан басталады деген «көзқарас» бүгінгі күндері де өз жалғасын табуда.

Қазіргі заман немесе модерн дегеніміз адамның өзін-өзі теңестіретін тарихи кеңістік, ал постмодерн мета әңгімеге (метанарратив), яғни тарихшылар ұсынатын тұтас тарихи білімге сенбестігімен ерекшеленеді. Тарих теориясына ғылыми принциптер негізінде орындалып, ұғынылған тұтас тарихи процесс жатады. Біріншіден, тарихи процесс теориясына қарағанда мета әңгіме ұғымы кеңірек. Кез келген тарихи теория бұл мета әңгіме, бірақ кез келген мета әңгіме теория емес. Екіншіден, қарапайым тарихи түсінік теориямен күрделі қарым-қатынасқа түседі: әрбір кәсіби тарихшы немесе философ – теория жасаушы – өз заманының адамы, яғни заманына тән қарапайым тарихи түсініктен алыс кетпейді. Тағы бір жағы ғылыми білім кем дегенде мектеп оқулығы болса да көпшіліктің тарихи санасына ықпал етеді. Демек, кез келген тарихи зерттеудің (оның ішінде өзіндікі де) теориялық негізін ұғыну үшін тарихи метаәңгіменің эпистемологиялық сараптамасын жүргізуді үйрену керек. Дерекнамалық негізде метаәңгіменің дағдарысынан шығудың қайсібір тәсілдерін меңгере отырып, бұл әдістің салыстырмалы-тарихи зерттеулердегі мүмкіндіктерін ұсыну қажет.

Алексис де Токвиль (Франция) салыстыру адам ой қабілетінің қажетті компоненті дейді. Сонымен бірге кез келген гуманитарлық және жаратылыстану танымдық жүйенің де методологиялық ұйытқысы – салыстыру (компаративті талдау) екенін айта кету қажет. Қазіргі күні зерттеу бағдарламаларында статистикалық әдіс те танымал. Нәтижелі зерттеу стратегиясына статистикалық талдау мен нақты оқиғаны зерттеудің әдістерін бірдей қолдана білу тән.

Ғылыми жұмыс барысы автордан қалыптасқан тәсілдерді қажет ететін бірнеше базалық кезеңдерден тұрады. Автор жұмысының компьютер тілімен айтқанда алгоритміне тоқталсақ ол мынадай

- болашақ кітаптың «сұлбасы», бөлімдер атауы, сюжеті жасалады
- ақпарат, фактілік материалдар жинау
- жинақталған материалдарды оған дейін жасалған сызба бойынша өңдеу
- мәтінді автордың және баспаның қойған мақсатына сәйкес безендіру

Міне, осы әртүрлі кезеңдерді бір процеске біріктіретін құрал – компьютер. Сондықтан жаңа ақпараттық технологияны ғылыми жұмыстарға пайдалану өте маңызды болып табылады. Көпфункционалды мәтін процессор – Word-ты, оған қосымша иллюстрацияларға арнаулы Adobe PageMaker немесе QuarkXPress бағдарламаларын, сонымен бірге жарияланған мақалалар мен кітаптарды пайдалану үшін сканер қолданылады.

Сонымен қатар қазіргі күнгі ғылыми-зерттеу және білімде ақпараттық технологияны пайдаланудағы басты мақсат – болашақ оқытушылар мен зерттеушілердің жалпы ақпараттық білімі мен ақпараттық мәдениетін тереңдету, автоматтандырылған талдаулар мен ғылыми мәліметтерді жүйелеуге бағытталған әдістер мен құралдарды меңгерту, дәстүрлі («журналдық») және электрондық ғылыми жарияланымдар мен тұсаукесерлерді дайындауға үйрету, Internet ғылыми-білім қорларын күнделікті кәсіби қызметтеріне пайдалана білу, т.б.

Интерактивті тақта (*Interactive whiteboard*) – компьютер мен проекторы бар үлкен сенсорлы экран. Компьютердің жұмыс үстелінен проектор көмегі арқылы интерактивті тақтада бейнелер көрсетіледі. Бұл жағдайда тақта экран секілді қабылданады. Проекциялау арқылы тақтадағы бейнелермен жұмыс істеуге болады, өзгерістер енгізіп, белгілерді көрсетуге мүмкіндік бар. Барлық өзгерістер компьютерге файлдарға жазылады, яғни олар сақталады әрі кейін редакцияланып, алып жүруге де жарайды. Демек, электронды тақта ақпарат енгізудің құрылымы рөлін атқарады. Тақтаны арнайы стилус, сонымен қатар саусақты тигізу арқылы басқаруға болады. Тақта мен компьютердің жұмысы екі жақты да, ал интерактивті тақта үшін саусақ немесе қаламсап (стилус, қаламсап) компьютерлік mouse болады. Қазіргі күні интерактивті тақта сабақты компьютерлік қолдау үшін мектептерде, тренинг-орталықтарда, келіссөз бөлмелерінде пайдаланылады. Интерактивті тақтамен жұмыста проектор документ-камералармен де ауыстырыла береді.

Оқытудың белсенді түрлері – білім, білік және тәсіл, т.б. меңгере отырып, өндіріс орындары мен ұйымдарда маңызды шешімдерді қабылдай білуге үйретуде кейс-әдістің (*case study*) де рөлі ерекше. Теориялық білім мен тәжірибені ұштастыруда кейс-әдісті пайдалану оқытудың сапасын да көтереді. Жағдайды топтарда талдай білу командалық жұмыс стилін қалыптастырады.

Сонымен бірге кейс-талдау әдісі мәселені талдау әрі оған диагностика қою, өз позициясын анық та сенімді жеткізу, пікірталастарға қатыса білу, ақпаратты қабылдап, оған баға беру секілді кәсібилік біліктіліктерді жетілдіреді. Кей жағдайда бұл әдіс жеке адамның қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Әрі адамның өзіне-өзі сенімділігін арттырып, артық қорқынышты немесе тым өзімшілдікті жоюға көмектеседі.

---

*1 Коломийцев В.Ф. Методология истории (от источника к исследованию). – М.: РОССПЭН, 2001. – 6 – 7-б.*



2 Экономика промышленного производства (Методическая разработка по курсу «Методология естественно-научного познания»/сост.: К.Х.Рахматуллин, С.Н.Кенесарина). – Алма-Ата: Изд-во КазГУ, 1989. – 5-б.

3 Алмонд Г., Пауэлл Дж., Стром К., Дальтон Р. Сравнительная политология сегодня: Мировой обзор /Учебное пособие. Сокр. перевод с англ. А.С.Богдановского, Л.А.Галкиной. – М.: Аспект Пресс, 2002. – 8-б.

4 Методологические основы научного познания. – М., 1972. – 4 – 5-б.

5 Нечкина М.В. Функция художественного образа в историческом процессе. – М., 1982. – 100-б.

6 Блок М. Апология истории. – М., 1973. – 19-б.

7 Блок М. Апология истории. – М., 1973. – 19-б.

8 Иванов В.В. Методология исторической науки. – М.: «Высшая школа», 1985. – 26-, 27-б.

9 Румянцева М.Ф. Теория истории. Учебное пособие / М.Ф.Румянцева. – М.: Аспект Пресс, 2002. – 3-б.

10 Румянцева М.Ф. Теория истории. Учебное пособие... – 5-б.

## **АУДИОВИЗУАЛДЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА КӨШІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Н.К. Алпысбаева** -т.ғ.к.,эл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

**А.Т. Кажбиева** -тарих магистрі, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ маманы

Бүгінгі заманды әлемдік жүйеде технологияға, техникалық құжаттарға, электрондық құрылғыларға сүйенбейінше елестету мүмкін емес. Сондықтан да көштен кейін қалып қоймас үшін сол заманның әрбір өкілі ақпараттық тың технологиялар мен неғұрлым көп ақпарат иесі болуға жанталасып бағуда. Ақпарат – бүгіннің бұлжымас талабы.

Қазіргі таңда ақпарат легі жан - жақтан толассыз ағып жатқан жаһандану кезеңінде құнды да шынайы ақпаратты алу мүмкіндігі жоқтың қасы. Объективті шындықтың көзін мұрағат қорлары мен құжаттарынан іздесек, онда аудиовизуалды құжаттардың ақиқатты, шындықты ашуға тигізер әсері мол [1,19 б].

Осыған орай, қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін тек аудиовизуалды құжаттарды зерттеуден ғана емес, сонымен қатар оны пайдаланудың жаңаша әдіс - тәсілдерінен, пайдаланудың даму үрдісінен де көруге болады. Бұл тақырыптың өзектілігін аталған мәселені Қазақстан көлемінде зерттеу әлі де жолға қойылмай отырғандығынан да көруге болады.

Ақпараттандыру мәселесі күні кеше ғана туындаған проблема емес. Кеңес үкіметінің шарықтап тұрған шағында да бұл мәселе мұрағатшылармен бірге билік басындағы өкілдердің де назарынан тыс қалмаған. Ол кезде ақпараттандыру автоматтандыру, электрондандыру мағынасында ғылыми техникалық революцияның жетістіктері ретінде қолданылды.

“Ақпарат – бұл нысанды мағлұматтар мен субъективті әдістердің даму үстіндегі өзара әрекетінің өнімі” [2, 8 б]. Қазір электрондық технология, электрондық құжат, электронды іс-жүргізу, Интернет жүйесі арқылы карапайым ғана компьютерлердің көмегімен бүкіл дүние жүзі өздерінің

тұрмыстық қажеттіліктерінен бастап күрделі мәселелерді де шеше алатындай мүмкіндікке ие болды.

Бұрындары орындалуы бірнеше сағаттарды алатын күрделі жұмыстар ендігі жерде санаулы минуттардың, секундтардың ішінде шешуін табады. Қоғам бүгінгі таңда компьютерсіз еш нәрсе жасай алмайтындай дәрежеге жетті. Қоғамның электрондық жүйемен қамтамасыз етілуі мен ақпараттандырудың жаңа жүйесі қалыптасты.

Десе де осындай мүмкіндігі мол жүйемен жұмыс жасайтын қоғам мүшесінің өз тарихын зерттеуде атам заманғы технологиялық жабдықтармен жұмыс жасауына тура келетіндігі қалай? Ақпараттандырылған қоғамның мүшесі ақпараттандырылмаған мұрағаттарда қалайша жұмыс жасап, одан бір нәтиже шығармақ?

Міне, бұл бүгіннің проблемасы. Технологиясы көне, жабдықтары кедей мұрағат қанша жерден құнды құжаттарға бай болса да қазіргі заманғы оқырмандардың сұранысына толық жауап бере алмайды. Мұрағат ісін ақпараттандыру кезек күттірмейтін, кейінге ысырып тастауға келмейтін өзекті міндет.

Мұрағат ісін ақпараттандыру дегеніміз – ол мұрағаттарды компьютерлік технологиялармен жабдықтау, ондағы дәстүрлі құжаттық айналымды электрондық айналымға түсіру, мұрағаттық іс - жүргізу жүйесін электрондандыру, интернеттік сайттар құру және осылар арқылы оқырмандардың, зерттеушілердің сұраныстарын аз уақыттың ішінде және ыңғайлы түрде орындау болып табылмақ. Мұрағат құжаттарын пайдаланудың жаңа түрін енгізу отандық тарихқа деген қызығушылықты оятып, сұранысқа ие болып отыр [3, 21 б].

Ал бұл көрсетілген мәселені орындау үшін ҒАА - ты, мұрағаттардағы іс-жүргізу саласын, дәстүрлі құжаттық айналымды электронды құжатпен алмастыру және т.т. көптеген мәселелерді жүйелі түрде шешу ісі жатыр.

Мұрағат ісінің аудиовизуалды - ақпараттық жүйесі мәселесін жүзеге асырудың негізгі мақсаты – мемлекеттік мұрағаттарға сақтауға келіп түскен құжаттарды қаз - қалпында сақтау, оны зерттеушілер мен жалпы оқырман қауымға жылдам әрі тиімді формада ұсыну, интернет сайттары арқылы ақпараттарды кең тарату, мұрағаттарға зерттеушілердің, оқырмандар мен көпшілік қауымның назарын аударту және ең бастысы мұрағат ісін жеңілдету, шығынды аз жұмсау сол арқылы жүздеген жылдық тарихы бар құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету шараларын іске асырлуы тиіс.

Дүниежүзілік ақпараттандыру кеңістігінде жаһанданған ақпараттық инфрақұрылымның ажырамас бөлшегіне айналған интернет жүйесі бүгіндері тек техникалық, өндірістік салаларда ғана емес, ғылым мен мәдениет, өнер салаларына да араласып кетті. Бұл тұрғыдан қарағанда, интернет жүйесінің мұрағат ісінің дамуына жасайтын ықпалы ерекше.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының интернет сайты жайында айтар болсақ, бұл сайт 2002 жылы құрылды. 2001 - 2005 жылдары ҚР мұрағат ісін дамыту бағдарламасы бойынша жүргізілетін іс -

шаралардың жоспарында "мұрағат ісінің web-беттерін дайындау 2001 жылдың 4 - ші кварталында мұрағат ісін және құжаттауды басқару Комитетінің атқаруы бойынша іске асыру" жоспарланған болатын.

[www.kazarchives.kz](http://www.kazarchives.kz) сайтынан сіз тікелей мұрағатқа қатысты Қазақстан Республикасының 1998 жылдың желтоқсан айында қабылданған "Ұлттық Мұрағат қоры және Мұрағаттар туралы" заңы берілген және болашақ мұрағатшыларды дайындайтын оқу орындары, олардың мұрағатшы мамандарды дайындаудағы ерекшеліктері жайлы және олардың мекен-жайы туралы мәлімет береді.

Сонымен қатар "Қазақстан Республикасының мұрағатшылар қоғамы" республикалық қоғамдық бірлестігі туралы, халықаралық қатынастар туралы және мұрағат баспасынан шыққан әдістемелік оқулықтар жайлы мәлімет аламыз. Бұл жерде басы артық жарнамалық қызметтер, телефондар мен мекен - жайлар ұсынылмайды. Құрылғанына біраз уақыт болғанымен ҚР ОМ мұрағаттарының интернет сайты әлі де көптеген шет ел мұрағатының интернет сайттарының деңгейіне жете алмай отыр. Оның үстіне бүкіл Қазақстан бойынша тек бір ғана мұрағат сайтының болуы да осы саладағы сын көтермейтін баяулықты, енжарлықты аңғартса керек [4, 87 б].

Қазіргі таңда ҚР ОМ КФДЖ мұрағатында құжаттардың барлық түрі бойынша (кино, фото, фоно) арнайы бағдарламалар мен жобалар жасалынып, олар мәліметтер базасымен біріктіріле отырып, мұрағат қорларындағы аудиовизуалды құжаттарда сақталған ретроспективті ақпараттарды ұйымдасқан түрде сақтау, іздеу және пайдалануға беру жұмыстарын атқару көзделуде. Елімізде мұрағат ісінің дамуына бағытталған бірнеше жобалар құрылып, олардың аясында ігі бастамалардың да біртіндеп атқарылып, жолға қойылғаны жасырын емес. Атап айтсақ, «2001-2005 жылдар мұрағат ісін дамыту», «2004-2006 жылдар аралығында мәдени мұраны дамыту» бағдарламаларының аясында КФДЖ мұрағаттарда үш түрлі бағдарламалар мен жобалар құрылды. Олар аудиовизуалды құжаттарды жаңа ақпараттық технологияларға көшірудегі “Асыл мұра” бағдарламасы, фоноқұжаттарға арналған “Фоно”, кино және фотоқұжаттардың даму үрдісіне негізделген “Фотопоиск” жобалары [5]. Бұл жобалар өз кезегінде осы бағыттағы игі шаралардың шаралардың нышанына айналды.

2002 жылғы шілде мен 2003 жылдар аралығында “Асыл мұра” бағдарламасы аясында төрт CD дискі шығарылды. Атап айтсақ, олардың алғашқысы, 2002 жылы шілдеде “Асыл мұра – қазақ әуендерінің мұрасы” атты мерекелік жиында көпшілікке ұсынылған Қазақ ССР Халық әртісі Ғарифулла Құрманғаливтің әйгілі әндері мен жалпы әндеріне арналған. CD дискіде әншінің 32 әні ұсынылған.

Екінші CD дискіде қазақ халқының бұлбұл көмей әншісі К.Байсейтованың Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында кезінде аншлаппен өткен (“Біржан–Сара”, “Қыз Жібек”) операларындағы репертуарлар мен жеке әндері өңделіп басылды. Әншінің 90 жылдық мерейтойына тарту ретінде екі CD диск болып шықты.

Үшіншісі CD дискте “Қазақ ұлттық аспаптары”, “Қазақ музыкалық аспаптары” еңбектерінің авторы, өнертанушы, ғалым профессор Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың лекциялары мен жеке әңгімелерін естуге болады.

Төртіншісінде, халық әншісі Жамал Омарованың әндері жинақталған. Оның “Камила”, “Ағажан-Ләтипа”, “Бипл”, “Ақбөпе”, “Секіртпелі семсем”, “Ой көк” халықтық әндері мен “Алтай”, “Досыма”, “Гүлденген Қазақстан” кәсіби әндері жинақталған.

Бұлайша аудиовизуалды құжаттарды дәстүрлі тасығыштардан (грампластинкалар мен магниттік ленталар) CD дискілерге ауыстыру ісі әлі күнге дейін жалғасын тауып отыр [6, 21 б]. Оған Жүсіпбек Елебековтың, Манарбек Ержановтың, жыршы-жыраулардың ұрпақтары–ағалы-інілі Көшенай мен Бдас Рүстембековтердің дискілері кіреді.

Мұрағат құжаттарын пайдалануда зерттеушілер назары жекелеген адамдардың қорларына түседі. Әсіресе, дыбыс жазбаларында М.Төлебаевтың “Біржан-Сара”, А. Жұбановтың “Абай” опералары өнертанушыларды фотоқұжаттар қызықтырса, жекелеген өлке тарихын зерттеуде өлкетанушы - коллекционер Д.Багаевтың жеке қорларындағы фотоқұжаттар баса назар аудартады.

2005 - 2006 жылдары еліміздің басты аудиовизуалды мұрағатында екі жылдық мерзімде көптеген ілгерілеу болғандығын байқаймыз. Бұл ілгерілеу мұрағаттың қызмет аясында ғана емес сонымен қатар, шет елдік байланыстарда да көрініс тапқан.

Мұрағат қорларындағы аудиовизуалды құжаттарды насихаттау жұмысын жүргізе отырып және қоғам назарын Ұлттық мұрағат қорының құжаттарына аудару мақсатында мұрағат зерттеушілер оқырмандар мен тыңдармандармен кез - келген жұмыс түрін пайдалануға тырысады.

Осы мақсатта мұрағаттағы негізгі сұраныстар келесі мерейтойлар мен айтулы даталар көлемінде болды. Олар:

- ҚазКСР халық әртісі Қанабек Жандарбековтың туғанына 100 жыл толуына орай Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық Опера және Балет театры әкімшілігі әртістің жеке құжаттарына сұраныс жасады;

- Қазақстан Республикасының суретшілер Одағының әкімшілігі ҚР халық суретшісі, скульптор, профессор Наурызбаев Хәкімжан Есімханұлының туғанына 80 жыл толуына орай шығармашылық құжаттарына сұраныс берді.

Аталған сұранысқа ұқсас, туғанына 100 жыл толған ҚР халық әртісі, композитор Е.Г.Брусиловскийдің жеке құжаттары алынды [5].

Бүгінгі таңда кез - келген ақпараттық жүйе елдің, мемлекеттің дамуына қызмет етуі шарт. Онсыз оның маңызы да жоқ. Бұл орайда өз бастауын 2001 жылдан алатын «Асыл Мұра» жобасы мен 2004 - 2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасының алар орны елеулі.

Осылардың аясында «ТАСКАМ» магнитофоны алынып, КФДЗ - дағы фоно құжаттарды сақтауға мүкіндік алды. Қазақ радиосымен бірлесе отырып, мұрағат «Мәңгілік сарын» жобасын ұсынды [7, 8 б].

«Асыл мұра» әуендік бағдарламасы аясында Дина Нұрпейісова, Әміре Қашаубаев, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифулла Құрманғалиев, Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Қали Жантілеуов «Опера сахнасының тарландары», Жаппас Қалабаев, Дәулет Мықтыбаевтардың әндерін ДАТ-кассеталар мен СД дискілерге көшірді.

«Кино» бағдарламасы бойынша 1946 - 1952 жж. киноқұжаттарды «Кеңестік Қазақстан» атты киножурналдың негізінде «БЕТАСАМ» бейнекамерасында DVD форматқа көшірді.

«Фото», «Фоно», «Кино» бағдарламалары мәліметтер базасында тіркеу үшін жасалған бағдарламалар. «Фоно» бойынша 1231 сақтау бірліктегі фоноқұжаттар енгізілді

«Кино» және «Фоно» кешенді бағдарламалары бойынша Майкрософт серверіне енгізілді. Мұрағаттың локальдік желісін тиімді пайдалану үшін жасалған бұл әдіс мәліметтер базасына тіркелді. Аудиовизуалды мұрағат құжаттарын пайдаланудың жаңаша даму үрдісі қалыптасты. Көптеген ескі ақпарат тасушы құралдар жаңа технологиялармен алмастырылды. Кинофотофоноқұжаттарды дайындауда цифрлық аппараттар, цифрлық видеокамералар, ал оларды сақтауда CD-ROM, DVD, DVD-ROM, SVHS, Betacam форматындағы видеомагнитофондар пайдаланылады.

Шет елдік іс - сапарлардың нәтижесінде шет елден 35 мың сақтау бірлігіндегі аудиовизуалды құжаттар алынды. Бұл құжаттар Қазақстанның ХІІІ - ХХ ғасырларындағы тарихына қатысты аса құнды құжаттар. Шет елден алынған аудиовизуалды құжаттарды түрлеріне қарай жіктейтін болсақ, олар келесідегідей ретте алынды. 130 кино, 200 фоно, 50 фотоқұжаттар мен 80 телесюжеттер [7, 7 б] ҚР ОМ КФДЖ мұрағатының қорын толықтырды.

Көріп отырғанымыздай аталмыш жобалардың атқарған жұмыстары да аз емес.

Осылайша қоғамның алма - кезек дамуы жыл сайын жаңа әдіс-тәсілдері мен жаңаша ойлау жүйелерін қажет етіп отырады. Он - он бес жылдай бұрын мұрағат материалдарымен жұмыс істеу жүйесі басқаша ұйымдастырылатын. Ескі аппаратулармен жадықталған аудиовизуалды материалдармен уақыт өте келе сұраныстан қалып, өзіндік құндылығын жоғалта бастаған еді. Бұл әрине мұрағат имиджіне ғана нұқсан келтіріп қана қоймай, құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру да әлсірей бастады. Ғылыми - техникалық революцияның арқасында және де техникалық ғылымның қарқынды дамуы нәтижесінде мұрағат ісінде де өзгерістер мен игі жетістіктерге қол жеткізілді.

Мұрағат құжаттарын пайдаланудың жаңа түрін енгізу отандық тарихқа деген қызығушылықты оятып, сұранысқа ие болып отыр [8, 21 б]. Демек мұрағаттың басты байлығы - аудиовизуалды - ақпараттық технологиялар кешенін зерттеу, зерделеу бүгінгі таңдағы басты міндетке айналып отырған іс. Ақпараттық қоғамның өресі кеңіген сайын оларға деген сұраныс пен талап та күшейе түсуде.

Бүгінгі таңда аудиовизуалды құжаттарды сақтау мен пайдалануға баса назар аударылып отырғанымен, өкінішіке орай бұл шараларды жүзеге асыру барысындағы басты талап – ескі аталмыш құжаттардың ескі нұсқаларын жаңа ақпараттық технологияларға көшіру мәселесі әлі де баяу болып отыр. Дегенмен қуантарлық жағдай, бұл салада жасалынған жобалар аз емес және олардың болашақта жұмысы шарықтап, аталмыш проблеманың ізін суытар деген сенім көңіл көншіктіреді.

Негізгі ойымызды **қорыты келе**, мына мәселені басты назарға алуымыз керек. Бүгінгідей үнемі құбылып отыратын алма кезек заманда ескі құжаттарды жаңаландыру мәселесі кезек күттірмейтін күрделі іс. Қазақстан Республикасы әлемдегі ең бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына орай, еліміздің экономикалық, саяси, әлеуметік, мәдени тұрғыда дамуға ие болуы шарт. Еліміздегі соңғы саяси өзгерістерге сай электрондық үкімет құру мәселесі де алдымызда көптеген жаңаша өзгерістер мен дамулар күтіп тұрғандығын көрсетеді. Бұның барлығы аудиовизуалды құжаттарда сақталып, ақпараттық технологияларда оқылатын болады. Бұл өз кезегінде мұрағат ісінің аудиовизуалды - ақпараттық технологиялар жүйесінің өзекті бола беретіндігінің анық кепілі. Жоғарыда айтылып өткен мәселелердің жан-жақты зерттелуі тек бүгінгі күн тәртібінде ғана тұрған жоқ. Бұл мәселе әлі де талай зерттеу легінен өткізуді қажет ететін өзекті мәселе.

- 
1. Фурманова И.М. Киносборники как одна из эффективных форм использования. - Моква, 1979. - С.152.
  2. Информационное общество – компьютерная революция. – М., 1984. - С. 41.
  3. Сексенбаева Г.А. Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей Республики Казахстан: история и современность // Қазақстан мұрағаттары. - 2005. - №1(1). -Б.113-128.
  4. Сариева Р.Х. Мұрағат және тарих. Архив и история. - А, 2004. - С. 291.
  5. Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей Комитета информации и архивов Министерства культуры, информации и спорта Республики Казахстан. Годовой отчет ЦГА КФДЗ РК за 2005, 2006 гг.
  6. Нурпеисова Г. Ты слушай певца // Простор. - 2003. – Б. 9.
  7. Сариева Р.Х. Об итогах реализации программы развития архивного дела в Республике Казахстан на 2001-2005 годы // Қазақстан мұрағаттары. - №1. - 2006. – Б. 6-9.
  8. Ақтаева Л. Жыр алыбы Жамбыл // Қазақстан мұрағаттары. – 2006. - №1. – Б. 124-125.

**ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ЖАҢА ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ**

***Р.О. Садықова*** – т.ғ.к., әл-Фараби ат. ҚазҰУ доценті

XXI ғасырда «ғылым» мен «инновация» ажыратылмас түсініктерге айналды. Қазақстандық ғылым дамуының маңызды тұсы – ондағы ғылыми-инновациялық жұмыстардың мазмұнының әлемдік инновациялық үрдістерге сәйкес келуінде.

Н.Ә. Назарбаев

Кез-келген мемлекеттің өркендеуінің басты тірегі білім мен ғылымның дамуы екендігі айқын. Тәуелсіздігінің жиырма жылдығын тойлап отырған еліміздің де кемел келешегінің негізгі кепіліне білім мен ғылым айналып отыр. Сол себепті қоғам тарапынан білім мен ғылымға деген сұраныспен қатар, талап та артып келеді. Ғылыми-техникалық өзгерістердің және жаһандану үдерісінің ауқымында әрекет еткен Қазақстан әлемдік ғылым мен білім кеңістігінде өзінің тиесілі орнын алу үшін жаңа заман талаптарына бейімделуге ұмтылуда. Соның айқын дәлелі - еліміздің индустриалдық-инновациялық жаңалықтар бағытын ұстануында. Осы мақсатта арнайы мемлекеттік бағдарлама да қабылданды. Сонымен қатар, жетекші жоғарғы оқу орындары мен орташа білім мекемелерінде ғылым мен білім саласындағы инновациялық өзгерістерді жүргізудің алғышарттары қалыптасуда. Әсіресе, нарыққа қажетті жаңашыл әрі реформашыл жастарды дамытуда оқыту үдерісінде жаңа интерактивті әдістерді пайдалану аса өзекті болып отыр. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға бағытталған білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында атап өтілгендей: «Жоғарғы білім ел экономикасының барлық салалары үшін қажетті жауапты және бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандардың дайындығын қамтамасыз етуде маңызды рөлге ие» [1].

Гуманитарлық және әлеуметтік пәндерді жоғарғы оқу орындарында оқытуда оқыту әдістері мен технологиясын жетілдіру, оны тұрақты түрде толықтырып, жаңартып отыру және нарық талаптарына бейімдеу қазіргі уақытта өзекті мәселеге айналды.

Конференцияға ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – несиелік білім беру жүйесі шеңберінде факультеттегі оқытылатын пәндерді жүргізуде жаңа интерактив әдістерін пайдалану ерекшеліктерін талдау болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақ ұлттық университеті жоғарғы оқу орындары еліміздегі алдыңғы қатарлы университетке айналғандығын мақтанышпен айта аламыз. Алайда бұл жетістіктермен шектелмей, біз алдымызға ғылыми университет мәртебесіне қол жеткіземіз деген ұлы мақсат қойып отырмыз. Мұндай ғылыми кеңістіктегі мәртебеге ие болу бағытында оқу жоспарлары модульді негізде қалыптасып, ең алдымен, еңбек нарығындағы тұтынушының талаптарын қамтамасыз ету мақсатында бірнеше бағыттағы

құзыреттер енгізілді. Құралдық, жеке тұлғааралық, жүйелік және пәндік болып бөлінетін құзыреттер оқытылатын пәндердің мазмұнын өзгерту талабын қоюда. Сонымен бірге, білім үдерісін ұйымдастыруда жаңа оқыту әдістерін енгізуге деген зор қажеттілік туындап отыр. Осы тұрғыдан, әсіресе, гуманитарлық пен әлеуметтік пәндерді түсіндіруде ұстаздар қауымы үшін өз курстары шеңберінде жаңа интерактивті әдістерді кеңінен қолдану аса маңызды болмақ. Әрине, бұл тек жаңа әдістердің шеңберінде ғана пәндерді жүргізу қажет дегенді білдірмейді. Оқытушы өз пәндерін жүргізуде типтік жоспардағы мазмұнына сәйкес интерактивті әдістермен қатар, дәстүрлі оқыту әдістерін де үйлестіре білгені дұрыс. Қандай жағдайда да ұстаз алдындағы басты міндет бітірушінің нарық талабына беймделуіне мүмкіндік беретін сапалы білімді беруі болмақ.

Интерактивті оқыту әдістерін өз курстары шеңберінде енгізу – қазіргі жоғарғы оқу орындарындағы студенттерді болашақ мамандығы бойынша дайындаудың маңызды бағыттардың бірі. Бүгінгі уақыттағы негізгі әдістемелік жаңалықтар да ең алдымен, интерактивті оқыту әдістерін пайдаланумен тікелей байланысы.

«Интерактивті оқыту» түсінігі де саласына қарай әр түрлі түсіндіріледі. Мәселен, 90-жылдардан Интернет желісінің дамуына байланысты кейбір ғалымдар бұл түсінікті компьютерлік желілер мен ресурстарды пайдалана отырып оқыту деп түсіндіреді. Ал сөздің түптөркініне келер болсақ, ағылшын тілінен «interact» 2 сөзден құралған: «inter» - өзара және «act» - әрекет ету. Осы аудармаға сәйкес «интерактивті оқыту» бұл студенттердің белсенділігін қамтамасыз ететін оқыту үдерісін ұйымдастырудың арнайы түрі. Интерактивті оқыту әдістерін пайдалану оқытушыдан студент үшін немесе қатысушы басқа да топ өкілдері үшін ыңғайлы жағдайды қалыптастыруды талап етеді. Бұл жағдай студенттің өзінің интеллектуалдық деңгейін толыққанды көрсетуге және дайындығының нәтижелілігіне деген сенімділігін арттыруға бағытталуы тиіс. Осы мақсатқа қол жеткізуде жүргізілетін пәндердің қай салаға қатыстылығына қарай әр алуан компьютерлік техникалардың пайдаланылуы айрықша маңызды. Әсіресе, гуманитарлық пен әлеуметтік ғылымдардағы курстарда жаңа әдістерді жүргізуде рөлі ерекше.

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар қатарындағы «тарих» мамандығы бойынша негізгі пәндерді жүргізуде оқытушылық тәжірибеде интерактивті оқыту әдістерін қолдану аса маңызды болды.

«ТМД елдерінің тарихы», «Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі замандағы тарихы» және тағы басқа да курстардың шеңберінде интерактивті оқыту әдістері дәрістерде, студенттердің семинар мен СОӨЖ, межелік бақылауларды тапсыруында көрініс тапты.

Курсқа қатысушы білім алушының барынша белсенділігін қамтамасыз ету мақсатында келесідей интерактив әдістері пайдаланылды: «think-way» немесе инсерт талдау, мозаика әдісі («төрт бұрыш» әдісі), топтық презентациялар, тақырыптық рөлдік ойындар және талқылау. Осы аталған



әдістердің ішінде талқылау оқыту үдерісінде кеңінен қолданылатын дәстүрлі тәжірибе екендігін атап өту. Алайда оның мазмұны мен техникалық қамтамасыз етілуінде өзгешеленеді.

**«Think-way» немесе инсерт талдау** – бұл мәтінмен жұмыс істеуде сыни мен сараптамалық дағдыларды қалыптастыру. Инсерт талдаудың басты мақсаты студенттің арнайы мәтіндермен жұмыс істеуде интерактивті белгілеу жүйесін пайдалану арқылы оқылған ақпаратты түсініп, өзіндік баға беру дағдысын қалыптастыруда. Яғни, студент курстар шеңберінде ұсынылған мақалалар немесе қосымша әдебиеттердің мазмұнынан алынған мәтіндермен өз бетінше жұмыс істеп, кесте сипатында қорытындылар жасайды. Бұл әдіс студенттің бойында мәтінмен тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, мәтінді оқығанға дейінгі бастапқы ақпаратты жаңа мәліметпен байланыстыра алу мүмкіндігін дамытады және тақырыпты одан әрі тереңірек зерттеуге деген ұмтылысты тудырады [2].

**Инсерт талдауды қолдану тәсілі.** Алдымен инсерт талдауды қолданғанда оқытушы жүргізілетін курстың мазмұнына сәйкес келетін мәтінді анықтауы тиіс. Содан кейін студенттің талдауына мәтін ұсынылады. Студент мәтінмен оқып танысады. Оқу барысында міндетті түрде белгілеулер жасайды. Мұндай белгілеулерді ол тек мәтіннің әрбір сөйлемі мен қатарын оқу арқылы ғана жасай алады. Әрине, өз кезегінде мұнда студентке ұсынылған мәтіннің мазмұнының көлемі мен күрделілігі деңгейі маңызды рөл атқарады.

Инсерт талдау әдісімен жұмыс істеуде келесіде белгілеулер пайдаланылады:

«V» - бұл белгілеуді студент мәтіндегі оқылатын ақпараттың өзі хабардар болып келетін бөлігіне қойылады.

«-» (минус) - бұл белгілеу студенттің оқылған мәтіндегі мәліметпен келіспейтін немесе оның жинақталған біліміне қайшы келетін жағдайда қолданылады.

«+» (плюс) – бұл белгілеудің студент үшін жаңа ақпарат болып табылатын мәтіннің бөлігіне қойылады.

«?»(сұрақ) – студент бұл белгілеуді оқылған мәтіннің белгілі бір бөлігін түсінбеген жағдайда немесе оны түсіну үшін қосымша мәліметтер қажет болған жағдайда пайдаланылады.

Мұндай белгілеулерді пайдалану арқылы студент оқытушымен ұсынылған мәтінге «ішкі талдауды» жүзеге асырады, яғни бұл өз кезегінде талдауға берілген ақпаратты тереңінен түсінуіне мүмкіндік береді.

Студент мәтіндегі латын әріптері сипатындағы белгілеулерді қойып болғаннан кейін талдаудың қорытындысы ретінде «Инсерт» кестені құрастыруына болады [Кесте 1].

**Кесте 1**

V	+	-	?

Нәтижесінде инсерт талдау әдісі студенттің ең алдымен, ұсынылатын ақпаратқа қатысты өзіндік тұжырым жасауда және оның бойында мәтінмен тиянақты түрде жұмыс істей алу дағдысын қалыптастыруда аса маңызды болады.

Оқыту әдісінде инсерт талдаумен қатар, **талқылаулар мен топтық презентациялар, рөлдік ойындар** сияқты тиімді әдістер пайдаланылады. Бұл әдістердің өзгешелігі ол студенттің ұжым шеңберіндегі жұмысындағы белсенділігін дамытуға бағытталуында.

«Халықаралық қатынастар» және «аймақтану» саласындағы мамандарды дайындауда топтық презентациялар, талқылаулар және рөлдік ойындардың орны ерекше. Халықаралық қатынастардағы өзекті мәселесін талдауда бұл әдістер аса тиімді. Бұл әдістер бір-бірімен байланысты болғандықтан, өзара үйлестіріп те қолдануға болады. Алдымен қолдану тәсіліне тоқталмас бұрын оларға қысқаша сипаттама жасаған дұрыс.

**Талқылаулар** оқыту үдерісінде кейіннен пайдаланылатын танымдық қызмет сипатындағы әдіс болып табылады. Оның ауқымында негізгі қатысушы ретінде білім алушылар арасында ұсынылған тақырып бойынша белгілі бір тәртіппен өзара пікір, идеялар мен көзқарастарымен алмасуына мүмкіндік береді. Оларды курс шеңберіндегі өзекті мәселелерді ашып көрсетуде конференциялар мен дөңгелек үстелдер, семинарлар сипатында жүргізген аса тиімді. Ең бастысы, талқылауға дайындаған баяндамалар мен көзқарастардың мазмұны ұсынылған тақырыпқа қатысты болуы керек [3].

Білім алушы үшін талқылау әдісінің маңыздылығы айқын. Себебі ол студенттің бойында қазіргі жаңа оқу жоспарында талап етілген келесідей құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді: коммуникативтік (талқылауға қатысушы топпен байланыс орната алу, сұрақтарды дұрыс қоя білу, өз көзқарасын дәлелдей алу, өзгенің пікіріне құрмет көрсету және оны қабылдай білу т.б.); талқылауға ұсынылған ақпаратты жеткізе алу; шешендік өнердің қабілетін меңгеру; топта жұмыс істей білу; ұсынылған мәселенің пайда болуына әкелген себептерді анықтау және оларды шешу жолдарын табу; жинақталған білім мен тәжірибені өзінің кейінгі білім алу үдерісінде немесе кәсіби қызметінде пайдалану алу.

Топтық презентацияларға келер болсақ, ол бойынша да оқытушы студенттердің талдауына нақты бір мәселені ұсынады. Ал студенттер 3-4 адамнан жинақталып, топты құру арқылы ұсынылған тақырыпты ашу мақсатында Power Point сипатында презентацияларды дайындайды. Бұл презентацияларға әрине талап та жоғары болады. Яғни, презентацияны ұсынушыны салыстырмалы түрде нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында өз тауарын жарнамалаушы кәсіпкер дейтін болсақ, онда тұтынушы ретінде оқытушы да презентация сипатындағы жарнамаға айрықша мән береді. Сондықтан, студенттер топтық презентацияны дайындауда тезисті түрде слайдтарды құрастыру, уақыт регламенті, тақырыпты ашатын кестелер, карта, статистикалық мәліметтер, маңызды эмпирикалық мәліметтерді қолдану мүмкіндігін ескеруі қажет. Әсіресе,

топтық презентацияны жасағанда рөлдік ойындар әдісін де қолданған маңызды. Яғни, әрбір топ өзін белгілі бір саланың мамандары рөлінде ұсынып, сол рөлдерде ұсынылған тақырыпқа қатысты презентациясын ұсынады. Мәселен, Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік мәселелерін анықтаушы топ өзін арнайы ғылыми зерттеу институтының сарапшылары ретінде таныстыруына болады. Осылайша, оқыту үдерісінде презентацияларды пайдалану әдісінің енгізілуіне біршама уақыт өтуіне қарамастан, оның маңыздылығы әлі де жоғары екендігін атап өту қажет. Әсіресе, презентацияларды дайындау басқа да case study (мәселелік талдау), рөлдік ойындар сияқты оқыту әдістерінің негізгі қосымша құралы ретінде пайдаланғанда да аса тиімді болмақ.

Жинақтар болсақ, оқыту үдерісін білім алушы үшін қызықты әрі түсінікті етіп ұйымдастыру, ең алдымен оқытушыға байланысты. Білім беру үдерісіндегі негізгі субъектілер «студент» пен «оқытушының» арасындағы тікелей байланыс орнау үшін оған ынғайлы жағдайлар жасалынуы керек. Ал бұл ең алдымен, оқытушының өз курстарының мазмұнын интерактив әдістерін енгізу арқылы ғана мүмкін болмақ. Себебі нақты интерактив әдістері дәстүрлі оқыту тәсілдерімен үйлестіре отырып, студенттің бойында кейінгі жұмыс ортасына бейімделуіне мүмкіндік беретін құзыреттерді қалыптастырады. Сол себепті алдына ғылыми институт мәртебесіне көтерілу мақсатын белгілеген университетіміз үшін жаңашыл оқыту әдістерін пайдалану күн тәртібіндегі өзекті мәселе болмақ.

---

1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг. // Казахстанская правда. – 2010 14 декабря.

2 Интерактивные методы обучения // <http://nsportal.ru>

3 Интерактивные методы обучения // [www.golubka.org/materials/tot\\_ho\\_11.pdf](http://www.golubka.org/materials/tot_ho_11.pdf)

## УИКИПЕДИЯ АШЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ\*

**К.М.Рүстем-** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2 курс докторанты

<http://kk.wikipedia.org> - арқылы Қазақстан тарихына қатысты мәліметтерді қазақ тілінде таба аламыз. Оның ішінде атап айтқанда: Қазақстан тарихы деп іздестіретін болсақ - Қазақстанның тас дәуіріне және оның кезеңдеріне жалпылама сипаттама беріліп, бірқатар тұрақтардың орналасқан аумағы мен аттары берілген. Қазақстан тарихы ғылымы деген тарауында Қазақстанның ежелгі дәуірінен бергі тарихынан хабар беретін парсы, грек, қытай деректері мен түркі жазба ескерткіштеріне және орыс шығыстанушылары мен алғашқы қазақ ғалым-зерттеушілерінің еңбектеріне, ондағы мәліметтерге сипаттама берілген.

Ал Қазақстан деп қарастырар болсақ – Қазақстан Республикасының әлем көлеміндегі алатын орынынан бастап, шекаралас мемлекеттері жөнінде мәліметтермен басталып, төмендегідей тарауларға бөлінген:

- 1\_Тарихы
  - 1.1\_Ежелгі замандағы Қазақстан
  - 1.2\_Қазақ ұлтының құрылуы
    - 1.2.1\_Қазақ хандығының құрылуы
  - 1.3\_Ресейдің Қазақ Даласын отарлауы
  - 1.4\_Кеңестік режим жылдарындағы Қазақстанның дамуы
  - 1.5\_Қазақстанның жаңа тарихы
- 2\_Географиясы
  - 2.1\_Климаты
  - 2.2\_Су қоры
    - 2.2.1\_Мұздықтар
    - 2.2.2\_Өзендер
    - 2.2.3\_Көлдер және бөгендер
    - 2.2.4\_Теңіз
  - 2.3\_Қазақстан флорасы
  - 2.4\_Қазақстан фаунасы
- 3\_Әкімшілік бөлінуі
  - 3.1\_Ірі қалалар
- 4\_Халқы
- 5\_Мемлекеттік құрылысы
- 6\_Табиғаты
  - 6.1\_Жер бедері
- 7\_Табиғат ресурстары
  - 7.1\_Геологиялық құрылымы
  - 7.2\_Кен байлықтары
  - 7.3\_Жер ресурстары
  - 7.4\_Агроклиматтық ресурстары
  - 7.5\_Орман ресурстары
  - 7.6\_Су ресурстары
- 8\_Саяси жағдайы
  - 8.1\_Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару
  - 8.2\_Сыртқы саясат
- 9\_Қоғам
- 10\_Экономикасы
- 11\_Энергетикасы
- 12\_Мәдениет және қоғам
- 13\_Білім беру жүйесі
- 14\_Бұқаралық ақпарат құралдары
- 15\_Әлеуметтік саласы
- 16\_Қарулы күштері

Осы жерде тоқталып өтетін бір мәселе, тізімде №15 нөмірдегі әлеуметтік салалар тақырыбында мәліметтер енгізілмеген. Сондай ақ ерекше тоқталаып өтетін бір мәселе, ол әр халықтың өткені мен бүгінгісін байланыстыратын, сол ұлт туралы пікір қалыптастыратын мәдениет пен әдебиет бөлімінде, біздің ойымызша бірқатар кемшіліктер бар. Атап айтқанда, қазақ мәдениеті деген тараушада қазақ мәдениетіне қатысы жоқ бірқатар суреттер қойылса, ал Қазақстан әдебиеті мен өнері деген тармағында қазақ халқының ауыз әдебиеті мен танымал жазбаша шығармалары мен олардың аыторлары жөнінде мәліметтер берілген.

Енді іздеуде тек қазақ деп қарастырар болсақ, «Қазақтар - Орталық Еуразияны мекендейтін түркітілдес этнос және ұлт» дей отырып, қазақ халқының қалыптасу тарихын қола дәуірінен бастап, «қазақ» атауымен аяқтайды. Ал, қазақ этногенезін – Қазақстан территориясын мекендеген ежелгі адмдардың қоныстанған аймақтары жөніндегі палеолит дәуірінен бастау алып, Қазақ хандығының құрылуымен және жүздердің пайда болуымен аяқтаған. Сондай-ақ осы беттен Қазақ хандығының тарихын, яғни хандықтың қалыптасқан уақытынан бастап, қазақ халқының Ресей империясының құрамында, Кеңес билігі дәуірі мен тәуелсіздік тұғыры орнаған кезендері туралы тарихынан мәлімет таба аламыз. Сонымен қатар, қазақ атауының пайда болуы жөніндегі болжамдарды, ұлттың діні мен мәдени, тілдік ерекшеліктері жөніндегі мағұлматтар да берілген. Тағы бір атап өтетін жәйт, осы бетте, «шашырап» жүрген қандастарымыздың өзге мемлекеттердегі саны берілген.

Қорыта айтқанда, Уикипедия ашық энциклопедиясы арқылы, қазақ ұлтына, мәдениетіне, яғни Қазақстан Республикасына қызығушылық туғызған әрбір адам, біршама ақпарат ала алады. Себебі, онда тәуелсіз Қазақстан Республикасының ежелгі тарихынан бүгінгі күнгі жағдайына дейінгі біршама тарихы қысқаша берілген.

## **ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ В ИНФОРМАЦИОННОМ ПРОСТРАНСТВЕ И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ДРЕВНЕГО КАЗАХСТАНА**

***А. Б. Сагандыкова*** - магистрант 2-курса КазНУ имени аль-Фараби

Актуальным сегодня является характеристика Интернет-ресурсов по различным отраслям истории, связанным с изучением прошлого и настоящего Республики Казахстан, смежным наукам, а также вспомогательным историческим дисциплинам. Цель данной статьи – показать место интернет-ресурсов в информационном пространстве археолога-исследователя, где важнейшим фактором является формирование системы знаний и навыков, позволяющих самостоятельно разрабатывать

алгоритмы поиска, анализа и оценки научной информации для исследования проблем историографии, источниковедения, археологии и истории.

В начале XXI века очевидным стал процесс становления новой информационной культуры, связанной во многом с бурным развитием глобальной сети Интернет. Одной из ключевых в современной исторической науке является проблема создания электронных версий исторических источников и организации доступа к ним через Интернет. Актуальность этой проблемы очевидна, в последние годы профессиональные сообщества историков Европы, США, России и Казахстана приступили к разработке электронных ресурсов как научного, так и образовательного значения, которые открыли новые перспективы развития исторических исследований. Интернет для археологов и историков становится одним из важнейших источников профессиональной информации.

Пройдя период компьютеризации, Казахстан сегодня активно переходит к информатизации и вхождению в глобальное информационное пространство. Современное информационное законодательство Казахстана содержит около 300 нормативных актов, из них около 140 актов прямо или косвенно относятся к Интернету. Анализ нормативно-правовой базы показывает, что она в целом адекватно отражает мировые тенденции развития информационных процессов, включая Интернет, содержит условия для либерализации рынка информационных технологий.

Законодательные приоритеты в сфере информационных технологий и Интернет определяются следующими целями и задачами:

преодоление исторически возникшего разрыва в уровне информационного развития казахстанского общества,

формирование национальной информационной инфраструктуры на основе общепризнанных мировых стандартов, норм и правил,

улучшение критериев доступа к сети Интернет с учетом большой территориальной протяженности страны и низкой плотности населения,

либерализация рынка, развитие Интернет индустрии, ограничение монополии, расширение конкуренции в сфере производства и использования информационных технологий.

В нашей стране приняты Закон «Об информатизации» [1], «Государственная программа развития «электронного правительства» Республики Казахстан на 2008-2010 годы» [2], «Программа снижения информационного неравенства на 2007-2009 годы» [3]. Разработана и принята «Концепция формирования и развития единого информационного пространства казахстанского сегмента сети Интернет (Казнета) на 2008-2012 годы» [4], в которой отмечается: «Переход Казахстана от общества «индустриального» к «обществу информационному» связан с развитием гражданского общества и демократических традиций в Казахстане, преодолением информационного неравенства. Решение этих задач служит достижению целей обеспечения устойчивого экономического роста, повышения общественного благосостояния, стимулирования социального

согласия в области укрепления демократии, прозрачного и ответственного управления, прав человека и укрепления политической и экономической стабильности Казахстана во всем мире и обеспечит равноправное вхождение граждан Казахстана в глобальное информационное сообщество. Высокие темпы развития информационно-коммуникационных технологий в республике требуют пересмотра представления об информационном сегменте глобальной сети Интернет, его роли и месте в казахстанском обществе» [4].

Современная система формирования общественного сознания, базирующаяся на информации, распространяемой во всемирной сети, отнесена к объектам развития и регулирования Казнета. В этих условиях роль информации и знаний становится ведущей. Актуализируется проблема Казнета и его составляющих при построении образа Казахстана и его истории в целом. Казнет в последнее время достаточно интенсивно развивается, не уступая другим средствам трансляции информации. При этом он преобразовывается в новый тип источника, который содержит в себе много важной и актуальной информации, способствующей коммуникативному изучению самых различных сторон жизнедеятельности общества, его истории.

Эти шаги, безусловно, оказывают положительное и стимулирующее влияние на развитие электронных ресурсов, особенно Интернет-ресурсов, о Казахстане, его истории, культуре, включая и скифо-сакский период, развитии науки и образования. Достаточно активный рост ресурсов требует их перманентного и детального изучения.

Одной из важных аспектов изучения Казнета является его историческая составляющая, которая иллюстрирует и отображает историю Казахстана от древности и до настоящего времени. Но, к сожалению, большинство исследователей обходит вниманием данный ресурс, не анализируя его и ограничиваясь лишь традиционными – архивами, библиотеками.

В настоящее время в Интернет-сетях объем информации по истории Казахстана увеличивается. По содержанию и форме представления информации это самые различные ресурсы и для их развития, а также широкой презентации истории Казахстана в глобальной сети, необходим качественный, научно обоснованный материал. В условиях ускоренной экономической, политической и социальной модернизации Казахстана решение данной задачи становится одним из ключевых приоритетов, поскольку это позволит сформировать Интернет-пространство по изучению истории Казахстана и сопредельных территориях. Это в свою очередь, будет оказывать влияние на развитие коммуникативных связей не только на уровне отдельных ученых-исследователей, но и в целом всех, кто интересуется проблемами, существующими в исторической науке и истории Казахстана, в частности.

В настоящее время в силу различных причин большая часть имеющихся Интернет-ресурсов по истории Казахстана находится на стадии

разработки и внедрения. Детальное рассмотрение имеющихся сайтов позволяет говорить о том, что многие ресурсы носят лишь обобщающий характер, внимание акцентируется на отдельных сюжетах истории Казахстана, исключая официальные сайты и некоторые сайты научных институтов и проектов, а также отдельных ученых. Зачастую, многие сайты в последующем не моделируются и, как результат, представленная информация носит статичный характер. Следовательно, у пользователя Интернет ведущего поиск определенных материалов по интересующей его проблематике и получившего подобную информацию, формируется стереотипное мышление об истории Казахстана. Изучение этих и других проблем, а в особенности их обобщение, поможет сформулировать основные положения по созданию исторических веб-ресурсов, а также выработать рекомендации для развития научного пространства Казнета.

Следует отметить, что исторических сайтов в Казнете на сегодня значительно меньше, чем в Рунете. Среди казахстанских ресурсов представлены веб-ресурсы казахстанских библиотек – Национальной Академической Библиотеки РК (НАБ РК), вузовских библиотек, научных учреждений - Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, архивов, политических партий, Республиканской межвузовской электронной библиотеки (РМЭБ), отдельных любителей и объединений. Из российских веб-ресурсов, размещающих материалы по истории Казахстана, представлены сайты Российской национальной библиотеки (РНБ), государственных архивов, а также представлены различные совместные проекты, веб-журналы, электронные тюркские коллекции и альманахи и многое другое. Особое место в системе исторических источников, представленных в Интернет, занимают документы веб-сайтов архивных учреждений.

Анализ сайтов казахстанских архивов показывает, что можно назвать несколько архивных учреждений, представляющих наиболее полную информацию об их фондах. Остальные, как правило, страдают отсутствием каталогов или описей имеющихся массивов документов, нет тематических подборок, отражающих отдельные значительные события или периоды развития казахского народа. Не всегда обеспечивается электронная доставка документов по запросам пользователей. В казахстанском сегменте глобальной сети практически нет таких ресурсов, как проблемно-ориентированные базы данных.

По своему содержанию выделены сайты общие, посвященные отдельным регионам, сайты с образовательными ресурсами и специализированные, посвященные историческим источникам или отдельным проблемам истории Казахстана. В ходе анализа отмечается, что разработчики многих сайтов не ставят своей задачей объективно отразить историю Казахстана и клишируют непроверенные, но достаточно эффективные данные по истории Казахстана. Для широкого пользователя всемирной сети важную роль играет краткость и яркое содержание текста популярных



ресурсов, что не должно быть свойственно научным и образовательным ресурсам, поскольку это приводит к искажению исторической действительности и даже фальсификации истории Казахстана.

В настоящее время ведется работа по оцифровке архивных данных и созданию целых электронных архивов. Это позволяет пользователю в свободном доступе получить ранее недоступные или малодоступные интересующие его материалы. Немаловажное значение имеет и то, что создание электронных архивов позволяет сохранять подлинники в более качественном виде. Обеспечение и расширение доступа к документам архивных учреждений, ввод архивных документов в общественный и научный оборот является одной из основных задач архивов Казахстана в этой области.

В глобальной сети имеются веб-сайты Архива Президента Республики Казахстан, Центрального Государственного архива Республики Казахстан (ЦГА РК), Северо-Казахстанского областного государственного архива и ряда других архивных учреждений. Имеется информационный ресурс «Архивы Казахстана», который посвящен архивам и в целом архивному делу РК. Все ресурсы представляют полезную для исследователей информацию – описание фондов, описи документов и в ряде случаев их полные тексты. Пользователи сайтов имеют возможность заказать необходимые материалы по электронной доставке документов и получить консультацию. Активное применение архивных данных в научном сообществе может осуществляться в дистанционном образовании, проведении Интернет-конференций и развитии ряда других форм, укрепляющих и развивающих коммуникативную составляющую исторического пространства всемирной паутины.

"Наследие древних цивилизаций" – это некоммерческий проект, целью которого является создание постоянно развивающегося информационного ресурса в интернете об истории и культуре казахского народа и других народов Центральной Азии [5]. Сферой исследовательского интереса автора данной статьи является проблема изучения «звериного стиля». Пока на данном сайте он нашел немного, в частности, что скифо-саки создали высокую культуру для того времени, влияние которой сказалось на огромных просторах Восточной Европы, Западной и Центральной Азии. Культурное общение народов никогда не достигало тех высот, каких оно достигло при саках. В области искусства сохранились бытовые изделия, выполненные в скифском зверином стиле. Его основой был животный и растительный мотивы. Истоки популярности этого искусства лежат в области религиозных и магических представлениях. Особенностью звериного стиля является изображение зверей в движении и борьбе [6].

Сегодня назрела необходимость создания единой казахстанской системы баз данных архивов, что обусловлено возрастающим уровнем развития Интернет-технологий, их внедрением в исследовательское поле историка, археолога Казахстана с общей поисковой системой, обеспечивив этот процесс информационной поддержкой. Такой подход в решении этой задачи

позволит поднять на новый уровень информационное обеспечение археолога-исследователя, занимающегося историей Древнего Казахстана, включая вопросы скифо-сакской истории, быстрому поиску и обработке материалов по исследовательской проблематике.

Также остро встают и вопросы классификации сайтов, их научного и исторического содержания. В этой связи важным аспектом является систематизация и типологизации Интернет-ресурсов по типу их происхождения и сущностному содержанию исторических материалов по истории Казахстана. Речь, в частности идет о специализированных сайтах по истории Древнего Казахстана, практически не представленные в Казнет. Исключение составляют тематические сайты, не отражающие полной картины того круга вопросов, которые актуальны для современной исторической науки Казахстана. В обзоре сайтов продемонстрирован основной блок веб-сайтов по истории Казахстана. Думается, что создание крупного Интернет-ресурса по истории Казахстана является важной задачей по интегрированию интеллектуального сообщества Казахстана в мировое информационное пространство.

Итак, в настоящее время информационное обеспечение научных исследований по истории Казахстана невозможно представить без ресурсов, размещаемых во всемирной паутине - WWW. Исторические веб-сайты сегодня представляют собой универсальный и сложный сетевой ресурс, который содержит полные тексты публикаций исторических источников, поддерживает гипертекстовые технологии, предоставляет возможность записи, сохранения и передачи информации в удаленном режиме, а также решать коммуникативные задачи. Благодаря историческим Интернет-ресурсам в научный оборот входят огромное число исторических источников, которые ранее были недоступны или малодоступны в силу того, что находились в библиотеках, архивах, музеях и для получения доступа к ним исследователям приходилось непосредственно работать в них.

К сожалению, исторические веб-сайты Казнета создаются в основном энтузиастами-любителями и краеведами. Сайты, созданные и поддерживаемые профессиональными историками, археологами, насчитывают единицы. Не все архивы Казахстана имеют свои официальные представительства в сети, а те, которые имеют, не всегда предоставляют исследователям возможность получать полную информацию об архивных фондах. В глобальной сети отсутствуют электронные архивы ретроспективных научных периодических изданий по истории Казахстана. Еще не все библиотеки Казахстана представляют в сети каталоги для информирования общественности об имеющихся библиотечных фондах. Качественные полнотекстовые исторические материалы в сети представляют практически только библиотечные веб-сайты. Поэтому исследователи, преподаватели, музейные работники, археологи слабо используют коммуникативные возможности Интернет для научного и методического обмена.

Казнет сегодня необходимо наполнить научно обоснованными, высококачественными ресурсами образовательного и научного назначения, в том числе на казахском языке, что позволит создать инновационные условия для подготовки высококвалифицированных специалистов широкого исторического профиля, археологов-исследователей и проводить на высоком современном уровне исторические исследования. Это будет способствовать развитию единого информационного пространства Казнет как самостоятельной составляющей мирового информационного пространства Интернет.

---

1. Об информатизации: [Закон Республики Казахстан от 11 января 2007 г. №217] (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.04.2012 г.) [http://mtc.gov.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=1677%3A-27042012-&catid=360%3A2012-05-28-06-39-03&Itemid=343&lang=ru](http://mtc.gov.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1677%3A-27042012-&catid=360%3A2012-05-28-06-39-03&Itemid=343&lang=ru)

2. Государственная программа формирования "электронного правительства" в Республике Казахстан на 2005-2007 годы: утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 10.11.04 N1471 // Казахстанская правда. - 2004. - 16 ноября

3. Программа снижения информационного неравенства в Республике Казахстан на 2007-2009 годы: утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 13.10.2006 № 995 //Собрание актов Президента РК и Правительства РК. - 2006. - №37

4. Концепция формирования и развития единого информационного пространства Казахстанского сегмента сети Интернет (Казнета) на 2008-2012 гг.: Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 апреля 2008 г. №358: [Электронный ресурс].- Режим доступа [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)

5. <http://www.history.kz/about.php>

6. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана. – Астана, 2004г.-159с.

## ИНТЕРНЕТ РЕСУРСЫНДАҒЫ ОТАН ТАРИХЫ МӘСЕЛЕСІ\*

**А. Конкабаева** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 1-курс магистранты

Тәуелсіздік алғалы бері тарихымыз қайтадан зерттелуде. Өйткені бәрімізге белгілі тарихтағы көптеген мәселелер әлі дұрыс зерттелмей жатыр. Тарихшылардың көбі айтпақшы ұлттың тарихын емес, мемлекет тарихы зерттелу үстінде. Әсіресе шежіре, ру – тайпа мәселелеріне байланысты біржақты пікірлердің қалыптасуы.

Қазақ шежіресі – тарих ғылымындағы халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. «Шежіре» сөзі «сақтау», «ағаштың бұтағы» деген ұғымдарды білдіреді. Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ел арасында өмір тарихын өте жақсы білген «шежіре адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, небір аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған.

Қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар негізгі дерек көзін шежіреден алады. Кейінгі орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларды, халықтың басынан өткен айшықты кезеңдерді Рашид ад-Дин, Әбілғазы Баһадүр, Өтеміс қажы, Мұхамед Хайдар еңбектерінен көруге болады. Қазақ елінің тарихын толықтыра түсетін бір дерек Махмуд Абдоллах пен Уәлидің «Зубдат ал-асрары» деген еңбегі. Мұнда қазақтардың орта ғасырлардағы көрші елдермен саяси қарым-қатынасы баяндалады. Бертін келе ХІХ ғасырдың соңында Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітабы, Ә.Бөкейхан сөзімен айтсақ, «қазақ шежіресінің тұңғышы» болды. Мұнда Шәкәрім халықтың өткен тарихын баяндаған. Халық ауыз әдебиетін жинауда М.Ж.Көпеевтің де еңбегі зор. С.Мұқанов: «М.Ж.Көпеев шежіресінің өзге шежірелерден ерекшелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады» деп жазады. Жарық көрген құнды шежірелердің бірі – Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамсасы». Шағатай тілінде жазылған бұл туындыда қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, «қазақ» этнонимінің шығу тарихы, рулар жөнінде тың деректер кездеседі.

ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында қазақ шежіресін жасауға Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, М.Сералин, М.Тынышбаев, Н.Наушабаев көп еңбек сіңірді. Шежірелік дәстүрді ХХ ғасырда Х.Арғынбаев, С.Толыбеков, С.Мұқанов, В.Востров, М.Мұқанов жалғастырды.

Осы жоғарыда айтқан ғалымдар қазақ шежіресін зерттеуде көп үлесін қосқан. Қазақ қоғамында шежіреге байланысты қызығушылық кең тараған. «Жеті атасын білмеген жетесіз» демекші ғалым немесе тарихшы емес мамандар да, әрбір қазақтың баласы да өзінің жеті атасын біледі. Соған байланысты ХХІ ғасыр ақпараттық – технологиялық ғасыр болғандықтан, қазіргі кезде мәліметтердің көбін интернет желісінен табуға болады. Сонымен қатар қазіргі уақытта ақпараттық – технологиялар ғылым мен техниканың көптеген салаларында қолданылады. Соның ішінде тарих ғылымы да шетте қалған жоқ. Сканерден өткізілген деректер мен түрлі мәтіндерді, зерттеулердің қорытындыларын көре алатын арнайы электронды кітапханалар мен мамандандырылған қойма мәліметтері бар.

Дегенмен желідегі көптеген ақпараттар негізінен әуесқойларға немесе жай қызығатындарға арналған. Мысалы [abai.kz](http://abai.kz), [kazakh.ru](http://kazakh.ru), [elim.kz](http://elim.kz) және тағы басқа сайттарда форумдар өткізіледі немесе белгілі бір тарихшылардың жазылған мақалаларына талдау жасалынады. Бір мақаланың өзіне 200 – ден астам пікірлер мен ойлар жазылады. Бұл сайттар біз үшін өте пайдалы десек қателеспейміз. Себебі, онда Отан тарихына байланысты мәліметтер көп. Мысалы «тарихын, сонау, тереңнен алатын халқымыздың бізге жеткен ең ерекше, құнды мұрасы шежіре» демекші қазақ шежіресіне немесе жүз мәселесі көптеген адамдарды қызықтырады. Жоғарыда аталған сайттарда Ұлы жүзге, Орта жүзге немесе Кіші жүзге байланысты мақала жазылса, оның астындағы пікірлерді оқысаң бір жағынан қуанасың. Өйткені қазақ халқының патриоттық сезімін, рухын көресің. Ал екінші жағынан ол жерде

көбіне біржақты көзқарастарды кездестіреміз, яғни бәріміз қазақ бола тұрып жүзге бөлінеміз. Бір жүзді мақтап, жоғары көтеріп, ал екінші жүзді жамандап, қазақ елінің өз елін, жерін сақтап қалу үшін ешнәрсе жасамады деген осындай біржақты пікірлерді кездестіреміз. Ол дұрыс емес қой. Әрине бәріміз әртүрлі рудан, жүзденбіз. Бірақ түбінде бәріміз қазақпыз! Тарих ғылымының докторы, профессор Т. Т. Омарбеков айтқандай «Қазақ деген кеңпейіл де жомарт халықтың тарихын жазуға бет бұрған адам, ең алдымен, өзінің жүрегін пендешілік және басқаларға деген өшпенділік пиғылдан тазалап алуы керек. Ұлтымыздың біртұтас тарихын белгілі бір жүзді немесе нақты қазақ тайпасын басқаларынан аспандата асыра дәріптеу және өзіне ұнамайтындарды кемсіту немесе мұқату тұрғысынан жазуға ешкімнің қақысы жоқ».

Негізі интернет ресурсындағы жүз мәселесіне байланысты талқыланған пікірлердің, мәліметтер мен деректердің көбі дұрыс. Бірақ көбіне жүз мәселесін айтқанда хандар мен батырларды айтып, ұлт мүддесі, тәуелсіздік үшін күрескен қазақ зиялылары айтылмай қалады екен. Мысалы әр түрлі жүзден шыққан, бірақ бәрі бірігіп қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен мына қазақ зиялыларын ерекше атап өтуге болады. Олар: Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев, Мұхаметжан Сералин және тағы басқалары. Осындай атақты қазақ зиялыларымыз қазақ еліне жандары ашып, қазақ елі, жері үшін бүкіл өмірін арнап, ешқандай жүзге бөлінбей күреседі.

Тағы бір айтып кететін жайт ол интернет ресурсындағы Отан тарихына арналған сайттардың орыс тілінде болуы. Мысалы көптеген сайттарда ру – тайпа, жүздерге байланысты пікірталастар немесе сұраққа жауап болғанда ол бұрмаланып орысша жазылады. Менің ойымша ондай форумдарды қазақ тілінде өткізу керек деп ойлаймын.

Тіпті қазір руларға байланысты жеке сайттарда бар. Мысалы, [www.tabyn.kz](http://www.tabyn.kz), <http://argyn.ucoz.kz>, <http://www.alimuly.kz> және т.б. Бірақ дегенменде әлі де осындай ру – тайпаларға байланысты сайттарды көбейтуіміз қажет. Өйткені жүз – ру деген қазақ халқы үшін ерекше орны бар.

Бұл сайттар қоғам ортасында кең тараған. Мұнда жоғарыда айтқандай тарих ғылымының негізгі бұтақтары берілген. Бұл сайттар қол жетімді және түсінікті әрі тиімді етіп берген.

## **ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР**

*Г.А.Омарова* - Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері

Халық құрамындағы өзгерістерге тікелей әсер ететін негізгі екі фактор – табиғи өсім мен көші-қоннан басқа әкімшілік-территориялық өзгерістердің

де ықпалы бар. Себебі, бұл өзгерістер халық санының динамикасын тұтастай алғанда өзгертпегенімен, ел ішіндегі аймақтардың, облыстар мен аудандардың, қалалар мен ауылдардың ішкі сандық және сапалық өзгерістерін нақтылағанда байқалады. Сондықтан, біз республика халқының құрамындағы көші-қон мен табиғи өсімнің әсерін қарастырғанда, осы мерзімде болған әкімшілік-территориялық бірліктердегі өзгерістерге де тоқталғанымыз жөн деп шештік. Себебі, мұндай өзгерістердің халықтың құрамындағы өзгерістерді нақтылау кезіндегі маңызы зор.

Қазақстанның тәуелсіздік алуынан кейін республикада бірқатар өзгерістер жүрді. Ал, Қазақстандағы әкімшілік-территориялық бірліктердегі негізгі ірі өзгеріс сонау ХХ ғ. басында жүргізілген болатын. Мысалы, әкімшілік-территориялық бірлік ретінде патшалық дәуірден жеткен губерния атауы 1927 ж. соңына дейін сақталды. 1928 ж. қаңтарда жаңа әкімшілік-территориялық бірлік қабылданды. Губерниялар округ деп аталатын болып, аудандастыру процесі жүрді. Қазақстан территориясында 13 округ (Орал, Гурьев, Адай, Ақтөбе, Қостанай, Қызылжар (Петропавл), Қызылорда, Павлодар, Семей, Қарқаралы, Алматы, Сырдария, Ақмола) және 180 аудан құрылды. 1930 ж. қаңтарында округтық бөлініс жойылып, аудандық әкімшілік-территориялық бірлік енгізіледі (121 аудан). Осылайша 1930 ж. маусымнан 1932 ж. дейін Қазақстандағы әкімшілік-территориялық бөліктер аудандарға бөлу негізінде бекітілген облыстық жүйеге айналдырылды [1].

Қазақ Орталық Атқару комитетінің 1932 ж. ақпандағы екінші сессиясында нақтыланғандай, Қазақстанда алты облыс құрылды: Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан.

Кеңес дәуірінде саны мен территориялық аумағы өзгеріп отырған әкімшілік-территориялық бірліктердің осылайша облыс-аудан аталып бөлінуі сонау ХХ ғ. 30-жж. бері сақталынуда. Кеңес дәуірінің соңғы кезеңінде республикада 19 облыс, 216 аудан есептелінді.

Кеңес одағының ыдырауы сөзсіз, ХХ ғ. ірі геосаяси оқиға болды. Бұрынғы КСРО территориясында бірнеше тәуелсіз мемлекеттер құрылды. 1991 ж. 16-желтоқсанда тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан өзінің одақтас республика кезіндегі әкімшілік шекарасын мемлекеттік шекараға айналдыру шараларын жүргізді. Одан бөлек, тәуелсіздігін жариялаған қазақ мемлекетінің маңызды міндеттердің бірі – республиканың әкімшілік-территориялық құрылысын реформалау болды. Реформалаудың қажеттілігі кеңес дәуірінде экономикасы шикізат өндіруге негізделінген аймақтарға бөлу жүйесі мен демографиялық дамуы жағынан жекелеген этностардың орналасу ареалына бейімделген әкімшілік-территориялық бірліктердің тиімділігін арттырудан туындады. Суверенитетін жариялағаннан кейін елдің әкімшілік-территориялық бірліктерін ыңғайлылығын орнықтыруға және реформалауға негізделген бірқатар шаралар жүргізілді.

1993 ж. 8 қаңтарында «Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылысы жайлы» [2] Қазақстан республикасының Заңы қабылданады. 1995 ж. 19 желтоқсанда оған өзгерістер енгізген, заңдық күші

бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысы жарияланады. 1997 ж. 22 сәуірде «Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылысының тиімділігін арттыру іс-шаралары туралы» Президент Жарғысы [3], Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылысын одан ары жетілдіру жөніндегі 1997 ж. 3 мамырындағы Жарғысы [4] еліміздің әкімшілік-территориялық құрылымына бірқатар өзгерістер енгізуге негіз болды. Нәтижесінде республиканың ішкі әкімшілік-территориялық құрылымының қазіргі жүйесі анықталды.

Ол, ең алдымен, негізгі әкімшілік-территориялық бірліктер болып табылатын облыстар мен аудандардың шекараларын нақтылауға байланысты.

Мысалы, 1988 ж. таратылған Маңғыстау (1973 ж. 20 наурызда құрылған) және Торғай (1970 ж. 23 қарашада құрылған) облыстары 1990 ж. қалпына келтірілді. 1967 ж. 23 желтоқсанда қайта құрылған Талдықорған облысының территориясы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 22 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылысының тиімділігін арттыру іс-шаралары туралы» Жарғысы бойынша Алматы облысының құрамына қосылды, облыс орталығы болып Талдықорған қаласы белгіленді. Осы Жарғы бойынша Торғай облысының жекелеген аудандары Ақмола және Қостанай облыстарының құрамына берілді. Алматы қаласының территориясына Талғар ауданының Алатау поселкесі қосылды. Қазақстан Республикасы үкіметінің 4 маусым 1997 ж. № 925 қаулысы бойынша Атырау облысының Балықшы ауданы жойылып, территориясы Атырау қаласына қосылды. 1997 ж. маусым шешімімен Қызылорда облысының Сырдария ауданы жойылды. Семей облысындағы КСРО-ның ядролық қарудың сынақ алаңы орналасқан Абралы ауданы Семей қаласы әкімшілігіне өтті (аудан жойылды).

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылысын одан ары жетілдіру» жөніндегі 1997 ж. 3 мамырындағы Жарғысы бойынша Жезқазған, Көкшетау, Семей облыстары жойылып, территориялары басқа облыстардың құрамына: Жезқазған облысы - Қарағанды облысына, Көкшетау облысының бірқатар территориясы Солтүсік Қазақстан облысына, Семей облысының территориясы Шығыс Қазақстан облысына қосылды. Нәтижесінде Ақмола, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Солтүсік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының шекарасы өзгерді.

Қазақстан астанасы Алматы қаласынан Ақмола қаласына (кейінірек Астана деп аталынды) көшірілді, Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласы болып, Алматы, Астана қалалары республикалық маңызы бар қала статусын алды, 40-тан астам ауылдық аудандар таратылып, 11 қала облыстық маңызын жойып, аудандық бағынудағы қалаларға айналды. Қазіргі есеп бойынша, республикада 14 облыс, 168 аудан, 86 қала (республикалық және облыстық деңгейдегі), 163 поселкелер, 7194 ауылдар бар.

2007 ж. әкімшілік-территориялық өзгерістер негізінде Маңғыстау облысында жаңадан Мұнайлы ауданы құрылды. Ақтау қаласының бір бөлігі осы ауданға өтті. Бұл Ақтау қаласы халқының санын кеміткенін айту керек.

2009 ж. мәлімет бойынша, қалалықтардың 50%-дайы 100 мыңнан 500 мың аралығында халқы бар 18 қалада тұрады. Республикада 50 мыңнан аса тұрғыны бар 26 қала бар. Қазақстандағы ең ірі қала – Алматы қаласы болып қалады. Мұнда 2009 ж. 1 қаңтарында 1364,6 мың адам есептелінді (1999 ж. санақ кезінде 1129,4 мың адам тіркелген болатын).

Республикада 7684 ауылдық пункттер бар. Олардың 4,5%-ы немесе 344-і ғана ірі болып есептеледі. Олардың әрқайсысында 3-5 мың адам аралығында тұрғындары бар. Ол ауылдарда республикадағы ауыл халқының үштен біріндейі – 2010,7 мың адам тұрады. Сонымен бірге, 200 адамға дейін тұрғыны бар 2084 кіші ауыл-селоларды (27,1%) бүкіл ауыл халқының 3,2%-ы немесе 211,4 мың адам мекендейді.

Тәуелсіздігін алған ел жер атауларымен бірге әкімшілік-территориялық бірліктердің атауларын қазақ халқының ұлттық тарихымен сабақтастыра отырып, өзгертулер жүргізді. Елді мекендер атауларына өзгертулер енгізу, атаулардың қазақша және орысша транскрипциялануына түзетулер енгізу де Қазақстандағы әкімшілік-территориялық өзгерістердің бір бағыты болып табылады.

Әрбір өзгеріске түскен мекен атауының өзіндік атауы бар. Бірақ, өлкетанушылық бағыттағы баяндау жұмыстарын жүргізбестен, осы жылдары әділдікпен өзгертілген біраз атауларды атап кетейік. Ақтөбе облысының Бөгеткөл ауданы Әйтеке, Ленин ауданы Қарғалы, Октябрь ауданы Мұғалжар ауданы болып аталды. Қостанай облысындағы Боровское ауданы - Меңдіқара, Комсомольский ауданы - Қарабалық, Семиозерный - Әуликөл, Шығыс Қазақстандағы Лениногорск қаласы Риддер, Шар ауданы - Жарма және т.б. атаулар өзгерді. Орысша транскрипциялануы өзгертілген атауларды көрсетсек: Қостанай қаласы бұрын «Кустанай» делінсе, енді «Костанай» деп, «Иссик» - «Есик», «Талды-Курган» - «Талдықорган», «Кзыл-Орда» - «Қызылорда» болып аталып, жазылатын болды.

Ядролық қаруды сынау алаңына айналған Семей облысының Абралы ауданы 1994 ж. 1 қаңтарында қайтадан қалпына келтірілген болса (орталығы - Қайнар селосы), 1997 ж. 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша аудан жабылып, территориясы Семей қаласы әкімшілігіне берілді.

Сонымен, еліміздің әкімшілік-территориялық құрылымындағы өзгерістер әкімшілік-территориялық бірліктердің шекараларын анықтау және нақтылаудан бөлек, әкімшілік-территориялық бірліктердің атауларын өзгерту және бірқатар әкімшілік-территориялық бірліктерді біріктіру негізінде ірілендіруге қатысты.

2009 ж. 1 қаңтарында Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылысы 9923 бірліктен тұрды. Онда 14 облыс, 2 республикалық маңызы бар қала, 161 аудан, оның ішінде 11 аудан



республикалық маңызы бар қалалардың құрамында, 39 және 45 қала облыстық және аудандық маңызы бар қалалар болып табылады, соның ішінде 5 аудан облыстық маңызы бар қалаларда. 2508 поселкелік және ауылдық әкімшіліктер және 35 поселкелер мен 7105 ауылдық-селолық елді пункттер бар.

Тәуелсіздік жылдарында жүрген әкімшілік-территориялық бірліктер негізіндегі өзгерістерге мемлекеттік шекараны анықтау кезінде жүргізілген кейбір іс-шараны да жатқызамыз. Қазақстандағы 14 облыстың 12-сі шекаралы облыстар санатына жатады, оның 10-ы алғаш рет басқа мемлекеттермен шекаралы болды [5].

Қазақстанмен шекаралас территориялардағы әкімшілік бірліктердің мемлекеттік шекараларды анықтау кезінде нақтыланып, тарихи оқиғалардың әсерінен өзге республикаларда қалып кеткен бірліктердің республикалық әкімшілік-территориялық бірліктер қатарына қосылды. Мысалы: КСРО тұсында Қазақстаннан Өзбекстанға екі дүркін жер беріліп, екі дүркін шекара өзгертілгені белгілі. Біріншісінде Бостандық ауданы, екіншісінде Мақтарал, Жетісай, Киров аудандары берілді. Осы жөніндегі заң актілерін түпкілікті заңдастыру үшін 1971 ж. ҚКО комитеті, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Өзбекстанға берілген жердің көлемін егжей-тегжейлі көрсетіп, КОКП Орталық Комитетіне, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасына, КСРО Министрлер Кеңесіне арнайы хат жолдады. Міне, осы хат бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы қабылдаған Жарлық түпкілікті құжат болып саналады. Қазақстандық комиссия шекараны делимитациялау барысында осы құжатты негізінде, осы Жарлық бойынша Өзбекстанға берілген жерімізге дауымыз жоқ, 1991 ж. Декларацияның талабы да сондай, Елбасымыз да осыны айтты, ал берілмеген жеріміз қайтарылуы тиіс деген принцип ұстанды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 22 қаңтардағы Жарлығы бойынша Өзбекстанға Бостандық ауданынан 418 мың га жер берілген [6]. Бұл Қазақ КСР-нің осы мәселеге байланысты шыққан жарлығының мәтінінде де көрсетілген. Бірақ осы шекараны анықтау кезінде екі мемлекет арасында талас тудырған сол кездегі Сары-Ағаш ауданының Бағыс және Түркістан ауылдары мен біраз қосымша жерлер Өзбекстан құрамына беріледі деген ешбір мәселе болмаған, ол туралы жарлықтарда көрсетілмеген.

Талас тудырған жерлер шекараны бөлуде дұрыс жүргізілмей, бірқатар жерлер толықтай Өзбек КСР-і құрамына өтіп кеткенге ұқсайды. Сонымен қатар, екі жақты шекараны анықтау барысында Бағыс және Түркістан ауылдарының тұрғындары ҚР Сыртқы істер министірлігіне Бостандық ауданының құрамына сол кезде қосымша ешбір рәсімделусіз 100 мың га жер өтіп кеткен деген наразылықтарын білдірген еді.

Талас тудырған Бағыс пен Түркістан ауылдары этникалық жағынан алғанда, қазақ ауылдары болып табылады. 1999 ж. ақпанда жүргізілген халық санағының мәліметтері бойынша, Бағыс ауылында этникалық қазақтар 98%

құраған және ауылдың барлық тұрғындары 4 өзбекті қосқанда, Қазақстан Республикасының азаматтары болып шыққан. Ал, Түркістан ауылында этникалық қазақтар 78%, өзбектер 10% құраған. Бұл Оңтүстік Қазақстан облысы Сары-Ағаш ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің қол қойып, мөр басылған анықтамасынан алынған дерек. Территория Өзбекстанға қараған болатын, бірақ онда тұратын халықтың 2/3 Қазақстан азаматтары болды.

Делимитация барысында екі жақты облыстық және аудандық әкімшілік өкілдерінің көзқарастарын қанағаттандыру жолындағы қиын келіссөздер барысының нәтижесінде мәселені шешу жолдары табылды. 800 гектарға жуық жері көлемі бар Бағыс елді мекені, тұрғындардың сұрауы бойынша, ата-баба зираты мен ауыз су бұлағымен Қазақстанға өтті. Тең көлемдегі жерлер Оңтүстік Қазақстан облысы Сары-Ағаш ауданы жерлерінің пайдасына Түркістан елді мекенінің оңтүстігіне қарай орналасқан желер өтті, оның орнына Өзбекстанға Қызылорда облысында орналасқан Нысан-1, Нысан-2 және Баймұрат өзбек ауылдары берілді [7, 128 -бб.].

Ресей Федерациясымен шекараны делимитациялау кезінде де айтысты елді мекендер болды. Мысалы, Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданындағы КСРО Ғылым Академиясының Жәнібек стационары орналасқан бөлігі жайлы, Қостанай облысы мен Челябинск облыстары арасында орналасқан Огнеупорный поселкесі жайлы екі жақты келіссөздер нәтижесі шекаралық аймақтардағы шағын көлемде болса да әкімшілік-территориялық өзгерістерге әкелді [8, 141,142 -бб.] .

Сонымен, мемлекеттік шекараны делимитациялау кезінде жана елді мекендердің Қазақстан территориясына беріліп, керісінше, республика территориясындағы жекелеген елді мекеннің басқа республикаға берілуі де әкімшілік-территориялық бірліктердегі өзгерістердің бірі болып табылады.

Қазақстан әлемдегі халқы аз қоныстанған елдердің бірі болып есептеледі. Республикада (барлығы 2724,9 мың км<sup>2</sup> ) 1 кв. км жерге 5,49 адамнан келеді. Халқы ең тығыз орналасқан аймақ – бұрынғысынша оңтүстік өңір: (республика халқының 41,8% мекендейді, 1 кв. километр жерге 8,78 адамнан келеді. 1989 ж. – 8,64 адамнан келген) Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстары (Алматы қаласын қоса есептегенде), мұнда республика халқының 37,8% орналасқан, ал 1 км<sup>2</sup> жерге, тиісінше, 16,9; 6,9 және 7 адамнан келеді. Ал, Қызылорда облысының территориясында 1 км<sup>2</sup> жерге 2,64 адамнан келеді. Жамбыл облысында 1 км<sup>2</sup> жерге 6,85 адам орналасқан. Орналасу тығыздығынан келесі орынға Солтүстік Қазақстан аймағы шығады, мұнда республика халқының 24,8% тұрады, 1 км<sup>2</sup> жерге 6,55 адамнан келеді, соның ішінде Қостанай облысы бойынша 5,19, Ақмола облысы бойынша –5,7, Павлодар облысы бойынша – 6,47 және Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 7,41 адамнан келеді. Шығыс Қазақстанды республика халқының 10,3% мекендейді, тығыздығы 1 км<sup>2</sup> жерге 5,4 адамнан келді.

Бұл, 1989 ж. тығыздықтан (1989 ж. 1 км<sup>2</sup> жерге 6,2 адамнан асқан болатын) анағұрлым аз. Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы)

республика халқының 9,4% орналасқан. Тығыздығы 1 км<sup>2</sup> жерге 3,29 адамнан келеді. Халқы ең сирек қоныстанған аймақ – Батыс Қазақстан өңірі (республика халқының 13,7% мекендейді, 1 км<sup>2</sup> жердегі орналасу тығыздығы 2,79 адамнан), соның ішінде Маңғыстау облысы (1,9 адам 1 км<sup>2</sup> жерге). Маңғыстау облысынан басқа, Ақтөбе (2,27) және Атырау (3,71) және Батыс Қазақстан (4,08) облыстарындағы халықтың 1 км<sup>2</sup> жерге орналасу тығыздығы аймақ бойынша жоғарылау. Халқының жеріне орналасу тығыздығы бойынша, Қазақстан өзінің көршілерінен кейінірек орындарда тұр. Ресейде 1 м<sup>2</sup> жерге 9 адамнан, Өзбекстанда 52 және Қытайда 125 адамнан келеді.

Сонымен, әкімшілік-территориялық өзгерістердің халық құрамындағы әлеуметтік-ұлттық өзгерістерге әсері бар. Көші-қонның қай түрі болмасын әкімшілік-территориялық бірліктердің орны мен маңызына орай сол жерлерде белсенді немесе әлсіз түрде жүреді. Әкімшілік-территориялық бірліктердің экономикалық даму ерекшелігі оның көші-қон процесіне тартылуының да өзгешелігін тудырады.

- 
1. ҚРОММ. 698-қор, 14-тізбе, 324а-іс, 267-п.
  2. *Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан // Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан. 1993. – № 23-24. – С. 102.*
  3. *«О мерах по оптимизации административно-территориального устройства Республики Казахстан» Указ Президента Республики Казахстан от 22 апреля 1997 г. // Казахстанская правда. – 1997, 23 апреля.*
  4. *«О дальнейших мерах по совершенствованию административно-территориального устройства Республики Казахстан» Указ Президента Республики Казахстан от 3 мая 1997 г. // Казахстанская правда. 1997, 5 мая.*
  5. Сейдін Н. *Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2006. - 172 б.*
  6. *Верховный Совет Казахской ССР. О передаче Бостандыкского района и части земель Голодной степи из состава Казахской ССР в состав Узбекской ССР: Постановление // Казахстанская правда, 1956, 22 января.*
  7. Сейдін Н. *Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2006. - 172 б.*
  8. Белан П.С. *Границы Казахстана: краткая история формирования. – Алматы: тарих тағлымы, 2008. – 156 с.*

## **ОТАН ТАРИХЫН ЖАЗУДА ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫЛЫҒЫ**

**А.А. Жақсылықова** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

Еліміз сияқты жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұратын, табиғи байлығы мол, береке-бірлігі жарасқан мемлекеттің төл тарихы кімді болса да қызықтырады даусыз. Тәуелсіздік алғаннан кейін, сан жылдар бойы

саяси жүйенің бұғауында тұншыққан тарихымыз яғни, қазақ тарихы объективті тұрғыдан қайта жазуды талап етті. Осыған байланысты өткен тарихымыздың ақтандақ беттерін қайта қарап, тарихымызға қатысты мол деректер қорын жинап, ұлттық тұрғыдан қайта зерттеп, зерделей бастадық.

Тарихымыздың ең бір күрделі де қайшылықты кезеңінде ел билігін қолға алған Н.Ә. Назарбаев, ел басқару ісімен қатар көптеген еңбектер жазып, Қазақстан тарихының жаңаша көзқарастарының негізін қалауға, молайтуға да өз үлесін қосып келеді. Бұл еңбектерде тарихымыздың барлық кезеңі қамтылған. Әсіресе, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуы, нығайу және даму тарихы жан-жақтылы баяндалған. Сондықтан Отан тарихын жазуда Елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбектерін пайдалану, оған талдау жасау өте маңызды мәселе болып табылады.

Елбасының еңбектеріне тоқталсақ көпшілікке таныс «Әділеттің ақ жолы», «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы қоғамның идеологиялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан - 2030», «Қалың елім қазағым», «Қазақстан – Ресей қатынастары», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде» т.б. Бұл еңбектер жанры жағынан заманхат, естелік, ойтолғау, сұхбат, теориялық негіздеме, аналитикалық талдау, теориялық болжам, тарихи талдау болып келеді [1].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.М. Атабаев: «Егер, деректің әлеуметтік табиғаты, сол деректі жасаушы субъектінің қоғамдағы орнымен анықталатындығын ескерсек, онда Н.Ә. Назарбаев еңбектері тұңғыш Президентіміздің өзі туралы құнды мағлұмат бере алатын маңызды дерек көздері міндетін де атқарады. Демек, Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіздік қарсаңында және тәуелсіздік жылдарында жазған еңбектері тек тәуелсіздік тарихының ғана емес, сонымен қатар оның Елбасы ретіндегі өз тарихының да, дәлірек айтсақ, өмірі мен қызметінің, саналы іс-әрекетінің, мақсаты мен мүддесінің, саяси көзқарасы мен қоғамдық және азаматтық позициясының қалыптасуы және даму динамикасы тарихының да дерек көздері болып табылады. Сондықтан Н.Ә. Назарбаев еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау, оның тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті ретіндегі де, әлемдік деңгейдегі тарихи тұлға ретіндегі де бейнесін айқындап, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін қайта құру және нығайту ісіндегі рөлі мен орнын аша түсуге көмектесері анық» [2] - деп атап көрсетеді. Шын мәнінде мемлекет және ұлт тарихын жасаудағы жеке тұлғаның рөлі маңызды екендігін ескерсек, профессор Қ.М. Атабаев мырзаның бұл пікірімен толық келісе отырып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті ретінде тәуелсіздік қарсаңында қаламынан туған еңбектері төл тарихымыздың нағыз бет-бейнесін анық көрсетер еңбектер деуге болады.

Елбасы еңбектерінде қазақтың этногенезі жөнінде қазақ халқының түп төркіні шамамен төрт-бес мың жыл бұрынғы сақ тайпаларынан бастау алып,

біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан біздің заманымыздың V ғасырына дейін өмір сүрген үйсін, ғұн, қаңлы тайпалық бірлестіктері қазақ ұлтының арғы тегін қалыптастырды деген көзқарасын айтады. Біз Елбасының бұл көзқарастарын «Тарих толқынында» атты еңбегіндегі Қазақстан тарихын кезеңдерге бөліп қарастыруынан көреміз. Онда Елбасы тәуелсіздікке дейінгі Қазақстан тарихын 12 кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы үш кезеңінде: «Қазақстанның бүкіл аумағын мал баққан ежелгі арийлердің сансыз көп тайпаларының игеруі... бұдан шамамен төрт-бес мың жыл бұрын арийлер тарихы мен рухының орталығы біртіндеп солтүстіктен оңтүстікке, Оңтүстік Оралдан Үнді өзенінің аңғарына қарай ауыса бастайды. Ал бұрынғы мекендерінде қалған халықтардың рухани өмірі біртіндеп әлсірей бастаған. Бүгінгі Қазақстан жерінде сол заманнан қалған жалғыз белгі Таңбалы қонысы болса керек. Бұдан үш-төрт мың жыл бұрынғы заман. Шығыста, Гоби далаларында арғы ғұн тайпаларының қалың толқыны туа бастайды. Бұдан 2,5-2 мың жылдар бұрын сол толқын біздің жерлерге жетеді. Ежелгі Ведалық қабаттарды жас жаңа толқын басады. Ол – Тәңірге табынған ғұндардың үштік үрдісі: Тәңірі – Аспан, Жер – Су, Ұмай – Мәңгілік ана [4].

Төртінші кезеңнен бастап сегізінші кезеңге дейін Қазақстан аумағын мекендеген түркі халықтары жайында айта келіп, олардың Қазақстан өңірінде ерте қалыптасқан үйсін, қаңлы, ғұн тайпалары сияқты тайпалық бірлестіктерді әрбір дәуірде жалғастырушы болғандығын, орта ғасырлардағы осы аталған тарихи процесстер қазақ халқының жеке ұлт болып қалыптасу процессін бастады деген ұстанымды айтады. Сондай-ақ, бұл көзқарасын былай дәлелдейді: «бұдан 1,5 мың жыл бұрынғы ғұн нәсілдері – түркілер – Ашина руының түркілері – Ордос алабынан ауған жүнді (жуан-жуан) тайпаларының ежелгі ақсүйек әулетінен тараған ұрпақтар. Осынау жаңа рухани толқынның тоғысында тұңғыш Түркі қағанаты Мәңгілік Ел бой көтереді. Бұл үшінші империя жергілікті сақ тайпаларын бұдан арғы мыңжылдықта ғұндардың арынды асау рухының ықпалымен таратып жіберіп, Байкалдан Каспийге дейінгі байтақ өлкені жайлап келген Түркі тайпаларымен біріктіріп, барлығын өз қанатының астына жинады» [5].

Бұдан әрі XII-XIV ғасырларға тоқталады. Қазақтың ең алғашқы қасіреті Шыңғыс әулетінің шабуылынан басталды. Бұл жойқын күші бар сойқанды толқын еді. Қазақ халқын алғаш рет боданға айналдырған бұл толқын оның тарихи тұлғасын мылжалап, рухын бұзып, бірыңғай қазақ халқының табиғи дамуына көп-көп кедергі келтірді. Бұл кезеңнің басында атақты Майқы би дүниеге келді. Ел аузындағы аңыз бойынша ол біздің тарихымыздағы билер институтының түп атасы болды.

Өз ойын одан әрі жалғаған Елбасы қазақ халқының қалыптасуы мен Қазақ хандығының құрылуы әлеуметтік тарихи дамудың барлық үрдістерін бастан өткізген заңды құбылыс деген көзқараста болды.

Елбасы арнайы он бірінші кезең ретінде XX ғасырды жеке қарастырады. «XVIII-XIX ғасырларда Қазақ хандығы құлағаннан кейін қазақтардың арынды рухы бұлақ етіп сыртқа шығудың әртүрлі жолдарын

қарастырды. Төрелер мен қожалардың билігі қожырады, олардың үңірейіп бос тұрған орындарына ешкім отырған жоқ. Бесінші империя – Ресей патшалығы да құлағалы тұрды. Сол кезде қазақтарда өз мемлекетін құру үміті тағы да ояна тастайды. Бұл идеяның бастауында Алашорданың көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов және басқалар болды» [6].

Соңғы кезең ретінде 1980 жылдардың ортасынан бастап қарастырады. Онда Кеңес Одағының ыдырауын айта келіп, «Бірақ құрметті орын бос тұрмайды. Біз келесі жетінші империяның құзырында боламыз ба, әлде дербес даму жолын жалғастырып, алыста қалған бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырамыз ба?» [7] – деп оқырман қауымға үлкен ой тастайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінің негізгі идеясы Қазақстан территориясында өмір сүрген ежелгі ру-тайпалардың өзара тоғысуы мен бір-біріне тұтастануынан, бытыраңқылықтан біртіндеп бір өңірге – Қазақстан аумағына келіп қосылып, шоғырлану барысынан қарастыру арқылы, қазақ ұлтының жеке халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи эволюциялық даму процессін бастан кешті деген ұстанымын айқындайды. Сонымен қатар ол, Қазақстандағы мемлекеттіліктің басталуын да Қазақстан жерінде ең ерте ел болып құрылған үйсін, ғұн қаңлы мемлекеттерінен бастап, оның тарихи жалғасын түркі қағандықтары арқылы сабақтап, монғолдар жорығынан кейінгі ұлттық мемлекеттің – Қазақ хандығының құрылуына ұластырады.

Белгілі кәсіпкер, дінтанушы, тарихшы С. Салқынұлы Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің тәуелсіз Қазақстан тарихының дерек көзі ретіндегі маңызы мен ерекшеліктері, пайда болу объективтілігі мен тарихи жағдайы және сыныптау проблемалары, оларға Қазақстан Республикасында президенттік билік институтының пайда болуы және қалыптасу тарихының дерек көзі ретінде деректанулық талдау жасайды.

С.Салқынұлы «Тұңғыш Президент» еңбегінің негізгі зерттеу нысанының бірі – Нұрсұлтан Назарбаевтың шығармашылық еңбектері, сөйлеген сөздері. Ендеше осы еңбектер мен ел алдында сөйленген сөздер қоғамдық-әлеуметтік ахуалдың оң бағытқа өзгеруіне, халық санасының жаңғыруына қаншалықты игі ықпал жасады деген сұраққа жауап іздейді.

Автор аталмыш еңбегінде Н.Назарбаевтың халықтың алдында сөйлеген сөздерінен үзінді келтіре отырып, «Н. Назарбаевтың бұл сөздері біздің тамыры тереңдегі бағзылық тарихы бар жас өскін мемлекетіміздің бүгінгі һәм жақын болашақтағы басты міндеттерін ғана емес, мәңгілік мұратын, күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелері шоғырын, сайып келгенде, бабалардың басты өсиеті – «бірлік болмай, тірлік болмасты» меңзейді дейді. Осындай орнықты ұстаным арқасында ынтымаққа,ырыс-берекеге жеткен еліміздің екінші мыңжылдықтан күтері көп, иншалла»[8], - деп өзінің жарқын болашаққа деген үмітінің зор екенін көрсетеді.

Қорыта келгенде, Қазақстан тарихына қатысты еңбектерді тарихнамалық тұрғыдан зерттеу, салыстыра отырып талдау жасаудың өте

өзекті мәселе екендігін ескерсек, осы тұста қазақ тарихының барлық кезеңін қамтитын Елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің қазақ тарихын зерттеудегі қажеттілігінің қаншалықты маңызды екендігі өз-өзінен түсінікті. Сондықтан біз Елбасы еңбектеріндегі Қазақстан тарихына қатысты мәселелерді жан-жақты ашып көрсетуіміз керек.

---

1. Салқынов С. *Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еңбектері тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігі тарихының дерек көзі (1990-2006 жж.)*. кан. диссер. авторефераты. 134 б.

2. Қ.М. Атабаев, К.А. Тасилова, А.Ф. Толамисов. *Деректану пәнін оқытудың методикасы*. Алматы «Қазақ университеті», 2011. – 299 б.

3. Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

4. Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

5. Бұл да сонда.

6. Бұл да сонда.

7. Бұл да сонда.

8. С. Салқынұлы. *Тұңғыш Президент*. – Алматы, «Бабамұра-м», 2006. – 253 б.

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<b>Таймағамбетов Ж.Қ.</b> Алғы сөз.....	3
<b>Турмухаметова М.</b> Внедрение автоматизированных информационных технологий в архивных учреждениях.....	4
<b>Ботанов А.</b> Информатизация архива: состояние и актуальные задачи развития.....	10
<b>Омарбеков Т.О</b> Ақпараттық технология және қазақ тарихынан мамандар дайындау мәселелері.....	12
<b>Kundakbayeva Zh.</b> Teaching history as national: digital technologies and history education in the XXI st century.....	20
<b>Алимгазинов К.Ш.</b> Становление информационного общества в Казахстане: паттерны глокализации (2012).....	25
<b>Жакишева С.А.</b> Информатизация исторической науки Казахстана.....	41
<b>Садвокасова З.Т.</b> Информационные технологии в процессе изучения истории Казахстана: плюсы и минусы.....	47
<b>Жанбосинова А.С.</b> Инновационные технологии в рамках курса «Новейшая история Казахстана» .....	53
<b>Төлебаев Т.Ә.</b> Аудиовизуалды құжаттардың ерекшеліктері туралы зерттеулер.....	58
<b>Әбдіғұлова Б.Қ.</b> «Тарихты оқытудағы ақпараттық технология» курсының студенттерге сапалы білім берудегі мүмкіндіктері.....	63
<b>Мұхатова О.Х.</b> Қазақ даласының отар елге айналуын зерттеу бағыттары.....	69
<b>Сайлан Б.</b> Кенестік биліктегі жастар саясатына теориялық және методологиялық көзқарас.....	71
<b>Калыш А.Б., Эгамбердиев М.Ш.</b> Түркия интернет ресурстарының отан тарихын зерделеудегі маңызы мен рөлі.....	78
<b>Қозыбақова Ф.А.</b> Қазақстан тарихын оқытуда қазақ әдебиеті материалдарын пайдалану әдістері.....	83
<b>Шамшиденова Ф.М.</b> Компьютерлік карталарды елді мекендердің тарихын зерттеуде пайдалану.....	86
<b>Жакупова Г.Т.</b> Значение преподавания «Исторической информатики» в контексте инновационных технологий.....	88
<b>Байгунаков Д.С.</b> Қазақстан музейлерінде ақпараттық-қатынас технологияларын пайдалану мәселелері.....	94
<b>Оразғалиева А.К., Нысанбаева Г.К.</b> Информационно-образовательная среда как фактор повышения качества образования и информационной культуры.....	99
<b>Далаева Т.Т., Байдильдина С.Х.</b> Интернет ресурсы и проблемы истории независимого Казахстана.....	103



<b>Абдилдабекова А.М.</b> Интернет-технологии и историческое образование.....	107
<b>Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М.</b> Мұрағат құжаттарын электронды нұсқада жариялау мәселелері.....	111
<b>Телеуова Э.Т.</b> ЖОО-да білім беру жүйесі: әлемдік және отандық тенденциялар бойынша дайджест.....	115
<b>Удербоева С.К.</b> Интернет ресурсы в образовательном процессе.....	119
<b>Уразбаева А.М., Хасанаева Л.М.</b> Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси тарих мұрағаты қорларының ақпараттық қоғамдағы деректік маңызы.....	122
<b>Мийманбаева Ф.Н.</b> Роль исторического факта в реконструкции аграрной истории Семиречья в начале XX века.....	125
<b>Смағұлов С.</b> «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасына сай «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда көркем әдебиетті пайдалану мәселелері.....	132
<b>Саржанова С.С.</b> Қазақстан тарихын оқытудағы интерактивті әдістер...	139
<b>Сабденова Г.Е.</b> Мұрағат саласында ақпараттық технологиялардың тиімділігін арттырудың кейбір мәселелері.....	144
<b>Майданали З.</b> Проблемы использования интернет-ресурсов в преподавании профессионального русского языка историка.....	149
<b>Саркенова К.</b> Тарихи зерттеулер мен онда қолданылатын ақпараттық технология.....	153
<b>Алпысбаева Н.К., Кажбиева А.Т.</b> Аудиовизуалды құжаттарды жаңа ақпараттық технологияларға көшіру мәселелері.....	161
<b>Садыкова Р.О.</b> Оқыту үрдісіндегі инновациялық жаңа оқыту әдістерін пайдалану тиімділігі .....	167
<b>Рүстем К.М.</b> Уикипедия ашық энциклопедиясында Қазақстан тарихы бойынша білімді қалыптастыру.....	171
<b>Сагандыкова А. Б.</b> Интернет-ресурсы в информационном пространстве и проблемы изучения истории древнего Казахстана.....	173
<b>Конкабаева А.</b> Интернет ресурсындағы Отан тарихы мәселесі.....	179
<b>Омарова Г.А.</b> Тәуелсіз Қазақстандағы әкімшілік-территориялық өзгерістер.....	181
<b>Жаксылыкова А.А.</b> Отан тарихын жазуда елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің маңызы және ақпараттылығы.....	187

*Ғылыми басылым*

«АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ  
МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ОТАН ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты Республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ  
12 желтоқсан 2012 ж.

**ИБ№.....**

Басуға ..... жылы қол қойылды. Пішімі .....  
Көлемі ..... б т. Офсеттік қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №.....  
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспасы.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.